


336.71(075)
Ш 48

Ә.Д. ШЕЛЕКБАЙ
Н.А. ӘЛМЕРЕКОВ

**БАНК ІСІНДЕГІ
ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ:
теориясы, әлемдік практика,
Қазақстан тәжірибесі**



АЛМАТЫ
ЭКОНОМИКА
2007



ББК 65.262.1

Ш 43

Шелекбай Ә.Д., Әлмерекөв Н.А.

Ш 43 Банк ісіндегі тәуекел-менеджмент: теориясы, әлемдік практика, Қазақстан тәжірибесі: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 208 бет.


ISBN 9965–783–47–0

Оқу құралында банк қызметінің әлемдік практикадағы тәуекелді басқару проблемалары қарастырылады. Тәуекелдің түрлері, олардың банкілік операцияларға жасайтын әсері, шығындарды азайту мәселелері және оларды басқарудың халықаралық тәжірибесі кең ауқымда көрсетілген. Тәуекелді бағалау тәсілдеріне, банкілік операциялар процесіндегі тәуекелге сыртқы және ішкі бақылау жасау жүйесіне және банк мәмілесіндегі тәуекелді жабу құралдарына ерекше көңіл бөлінеді.

Жоғары оқу орындары экономика мамандықтарының студенттеріне, аспиранттарына, оқытушыларына және де банк қызметіндегі тәуекелді басқару мәселелерімен айналысатын мамандарға арналады.

ББК 65.262.1

Пікір жазғандар: **О. Есқараев** – э.ғ.д., профессор;
Р. Елемесов – э.ғ.д., профессор.



ҚР жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтар бойынша
ОӘС және Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ ғылыми кеңесі ұсынған.

Ш $\frac{0605010204 - 12}{444(05) - 07}$ – 07

ISBN 9965–783–47–0

© Шелекбай Ә.Д., Әлмерекөв Н.А., 2007.
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2007.

Бұл еңбекті немесе оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

КІРІСПЕ

Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығы банк саласы қызметінің сенімділігіне көп байланысты. Бірақ банкілер өткізетін операциялар тәуекелділікпен жүргізіледі. Тәуекел деп – банк қызметінің операциясын өткізу жөніндегі қабылданған шешімі кезіндегі болжанған нәтижелерден теріс жағына ауытқу мүмкіндіктерін түсінеміз. Тәуекел пайданы жоғалтуға, едәуір шығындарға, ресурстық базалардың қысқаруына, өтімділіктен айырылуына, тіпті қиынырақ жағдайда банкроттыққа алып келуі мүмкін, банкіге қолайсыз сыртқы және ішкі жағдайлардың әсер етуі мен жиналуының ықтималдығымен көрінеді.

Тәуекелдерді қабылдау – банк қызметінің негізі. Қабылданған шешімдер парасатты, басқаруға келетін және қаржылық мүмкіндіктер мен құзыры шегінде болатын болса ғана банкілер табысқа жетеді. Активтер қаржылардың қандай да болсын сыртқа кетуін, шығыстар мен зияндарды жаба алатындай жеткілікті өтімді болуы керек.

Банк ісінің негізгі мағынасы мен рөлі – салымдарды жию және тартылған қаржының сенімділігін қамтамасыз ету (бастысы – депозиттер) және парасатты саясат арқылы бұл қаржыны епті қолдану болатын болса, қалған барлық қызмет түрлері екінші кезекте болады. Осыған сүйене отырып, банкіде әрдайым салымшылардың қаржыларын алғысы келетін тілектерін, займшылардың қажетті деңгейде қолданғысы келетін көкейтесті талаптарын қамтамасыз ететіндей жеткілікті қаржы болуы керек. Сонымен, клиенттер де (салымшылар), реттеуші органдар да банкіге салынған қаржы қажетті ли. видтік деңгейі мен тәуекелді әртараптандыру деңгейінің а. қасында сақталынады және қолда болады; қандай да коммерциялық қызметтің ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекел банк үшін ең төменгі деңгейде болуы керек деген екі негізгі жорамалға сүйенеді.

Қызмет барысында банкілер пайда болу орны мен уақыты арқылы ерекшеленетін, сыртқы және ішкі факторлардың

қиюласу деңгейіне әсер ететін, соған сәйкес оларды суреттеу мен сараптаудың түрлі тәсілін қажет ететін тәуекелдің алуан түрімен кездеседі. Сонымен қатар тәуекелдің барлық түрі бір-бірімен байланысты және олар банк қызметіне әдетте, бәрі бірге қосылып әсер етеді.

Халықаралық тәжірибеде тәуекелді басқару – негізгі тәуекелді бағалау, тәуекелді өзгерту, тәуекелге бақылау және тәуекел мониторингі сияқты төрт элементтен тұратын процесс. Тәуекелді басқару жүйесі банкіде банк душар болған тәуекелдің барлық түрін сәйкестендіруді, бағалауды, бақылауды және ізін бағуды қамтамасыз етеді және де банкіде осы тәуекелге пара-пар меншікті капиталының болуын қарастырады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты банкілік тәуекелдерді басқару мен бақылаудың әлемдік тәжірибесін зерттеу; әр түрлі мемлекетте оларды дамытудың жинақтаған тәжірибесіне сын көзімен қарау; тәуекелдерді азайту жолдарын айқындау; банкінің кредиттері, депозиттері, басқа да міндеттемелері мен меншікті капиталдарының арасындағы оңтайлы арақатынасын сақтау өте өзекті болып табылады.

Студенттерге банкілік тәуекелдерді басқаруды оқыту осы оқу құралында тәуекелдің пайда болуына, оқшаулануына, оны азайтуға және жабуға әсер ететін прогрессивтік тәсілдерді қолдану негізге алынған.

Оқу құралының авторлары осы кітапта басылған кең көлемді материалдар банкілік тәуекелді басқарудың әлемдік тәжірибесін және оларды өз қызметінде қолдануы бойынша Қазақстан тәжірибесін оқып жүрген студенттерге үлкен демеу болатынына сенім білдіреді.

Қазіргі заман жағдайларында барлық әлемде тәуекелді басқарудың жаңа әдістері мен тәсілдерін интенсивті іздеу жүріп жатқан кезде қандай да болмасын зерттеу түпкілікті болмайды, сол себепті де авторлар осы оқу құралы бойынша ұсыныстар мен ескертулерге ризашылықпен қарайтын болады.

Оқу құралының 1-5 тарауларын Н.А. Әлмерекөв, 6-9 тарауларын А.Д. Шелекбай жазды.

1. БАНКІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ЖІКТЕЛІМІ

Банкілік тәуекелдер экономикалық тәуекелдер санатына жатады, бірақ оның өзіндік ерекшелігі бар. Өндірістік-коммерциялық қызмет немесе қаржы операцияларының жұмысы алғаш басталғанда немесе мәміле жасалған кезеңде тиімділігі толық белгісіз болатындықтан тәуекелді болып табылады. Банкілік кіріс пен капиталға болжанбаған талаптардың салдары болып табылатын қандай да болмасын өзгерістер тәуекелдің көзі болады. Банкілік операцияларды басқару дегеніміз – іс жүзінде банкілік қоржынға байланысты, яғни банк кірісін қамтамасыз ететін активтер жиынымен байланысты тәуекелді басқару.

Тәуекелді басқару функциясы банк қызметінің барлық бағытын қамтиды. Қаржы тәуекелінің бірқатары активті операциялармен, бірінші кезекте кредиттік және инвестициялық қызметпен байланысты. Депозиттерге, құнды қағаздарға қаржы тарту қызметі де көптеген тәуекелдерге байланысты. Банкінің бір мезетте активті және пассивті операцияларды іске асыруы тәуекелдің қосымша факторларының пайда болуына, және олардың әсерін шектеуге ерекше қарауды керек етеді. Сондықтан да тәуекелді басқару банкінің стратегиялық басқаруының маңызды мәселелерінің қатарына жатады. Аталған мәселе тәуекелді басқарудың ерекше жүйелерін жасау жолдары арқылы іске асырылуы және ол банкінің қандай да болмасын бөлімдерінің қызметін қамтуы керек. Банкілік тәуекелдер – банкілік қызметтердің ұсынылуы мен нашар менеджмент нәтижесінде пайда болатын тәуекел екендігімен біз келісеміз.

Біздің пікірімізше, қажетті көлемде өтімділік қаржысы бар, капиталы нарыққа еркін шыға алатын, төлем төлеу қабілетінің көрсеткіштері мен табыстылығы (рентабельдігі) жоғары, менеджментінің жоғары сапалы көрсеткіштері бар банк сенімді болып саналады.

Қаржы басқаруында «тәуекел - кірістілік» байланыстылық тұжырымдамасының маңызы өте зор. Кірісті көбейту үшін инвестордың үлкен тәуекелге баруына тура келеді. Бірақ нормативтік актілер банкілердің тіпті жоғары табыстарға жетуге, соған байланысты өте үлкен тәуекелдерге баруына шектеу салады. Көптеген шектеулердің болуына да қарамастан табыстың өсуі мен тәуекелдің біреуін таңдауға тура келеді. Бір жағынан банкілер коммерциялық кәсіпорын ретінде жоғары (максималды) табыс табуға ұмтылады. Сондықтан олар өздерінің ресурстарын тәуекелдік операцияларға бағыттауға тырысады. Жоғары тәуекелді операциялар жоғары түсімді болып табылады. Екінші бір жағынан алғанда, банк қауіпсіздікке ұмтылуы керек. Банкілер үшін қауіпсіздік дегеніміз – өтімділік соманың жеткілікті болуы. «Өтімділік» термині тура мағынасында жүзеге асыру, сату, материалдық құндылықтар мен басқа да қаржы түрлерін ақша қаражатына айналдырудың жеңілдігі дегенді білдіреді. Енді бір тұжырым бойынша өтімділік – кредиттеуші мекеменің өзінің қысқа мерзімдік міндеттемелерін төлеу мүмкіндігі О.В. Ефимова «Өтімділік – банкінің өзінің қысқа мерзімдік міндеттемелерін төлеуі» – деп жазады. Оның пікірі бойынша, банк осы арқылы өтімділік төлем төлеу қабілеттімен ерекшеленеді. Осыған ұқсас көзқарасты И.Т. Балабанов та ұстанады. Ол «Банкінің өтімділігі дегеніміз – оның өзінің қарызын тез арада жабу мүмкіндігі» деп жазады. Ағымдағы активтерді жүзеге асыру, яғни, оларды қолма-қол ақшаға айналдыру арқылы өзінің қысқа мерзімдік міндеттерін атқара алса, субъект өтімді болып саналады. Бұл тұжырым дегеніміз төлем төлеуге қабілеттіліктің бір тұжырымына жақын. Айырмашылығы – қолданылатын көрсеткіштер мен есептеудің тәсілдерінде.

Басқа тұжырым бойынша, өтімділік дегеніміз – ағымдағы активтердің ақша қаражатына айналуы мүмкіндігінің дайындығы мен жылдамдығы. Ал Н.П. Кондраков былай дейді: «өтімділік дегеніміз – материалдық және басқа да құндылықтарды іске асыру және оларды ақша қаражатына айналдыру». Ағылшын авторларының «Бухгалтерлік сарап-

тама» еңбегінде «банкінің өтімділігі – мерзім жақындаған барлық төлемді жабу үшін өз активтерін ақшаға айналдыра білу мүмкіндігі. Және өтімділік сөзінің өзі де ақшаға жеңіл аударылу білдіреді» деп жазады олар. В.В. Ковалев: «Қандай да болмасын активтің өтімділігін оның ақша қаражатына айналу мүмкіндігі деп түсіну, – деп көрсетеді. Әрі қарай ол: – өтімділік деңгейі трансформациялау жүргізіліп болатын уақыттың кезеңімен айқындалады» дейді. Кезең неғұрлым қысқа болса, аталған активтің өтімділігі соғұрлым жоғары болады. Бұл қорытынды А.Д. Шереметтің «Активті ақшаға айналдыруға кететін уақыт неғұрлым аз болатын болса, соғұрлым оның өтімділігі жоғары болады» деген қорытындысымен үндесіп жатыр.

Соныменен, біздің пікіріміз бойынша, өтімділік дегеніміз – банкі кез келген уақытта, өзіне қабылдаған міндеттемелер бойынша қанағаттандыру мүмкіндігі, яғни барлық кредит берушілер мен салымшылардың алғашқы талаптары бойынша жауап бере алу мүмкіндігі. Тіпті жалпылама мағынада алғанда, өтімділік тәуекелі дегеніміз – банкінің өзіне алған міндеттемелерін орындай алмау қаупі. Нағыз керек сәтте парасатты баға бойынша алынған қаражатқа қол жеткізе алса, банкі өтімді болып саналады. Бұл дегеніміз, банкіде өтімділік қаражаттың қоры бар, я болмаса ол займдарды немесе активтерді сату арқылы сол қаражатты таба алады деген сөз.

Өтімділікті дұрыс бағалау және оны тиімді басқару кредиттік ұйымдардың қызметінің неғұрлым маңызды мәселелерінің біріне жатады. Жекелеген банкідегі кредиттік ситуация өтімділікті нашар басқарудың салдарынан немесе оның активтерінің сапасының күрт төмендеуінен, алаяқтық мысалдарындағы сияқты басқа да ішкі себептердің нәтижесінен ғана емес, сонымен қатар кредит беруші ұйымдарға деген жалпы сенімнің жоғалуынан туындаған да болуы мүмкін. Бірақ банкідегі қандай да болмасын нақты себептен шыққан дағдарыс пайда болса да, өтімділіктің тап өзі ғана туындаған мәселені шешу үшін банкінің қарамағындағы уақыт ресурсын айқындайды.

Нарықтың белгісіздік жағдайында ақша қаражатын тарту және оны жайластыруға байланысты операциялық қызметті іске асыру аздаған шығын тәуекелі немесе тіпті шығынсыз-ақ тез әрі жеңіл түрде қолма-қол ақшаға айналдырыла алатын өтімділік форма түріндегі қаржы қажеттілігін тудырады. Өзінің сенімділігін сақтау үшін клиенттің қаржылық жағдайы нарықтың жай-күйінің өзгеруімен және активтердің тәуекелділігінің дәрежесіне байланысты болуы мүмкін, болжанбаған жағдайлар үшін белгілі мөлшерде өтімділік қаржысы болуы керек. Өтімділік резерв іс жүзінде қандай да болмасын ойда болмаған қаржы мұқтаждықтарын қанағаттандыру (кредит және инвестициялау бойынша тиімді келісімдер жасау; кредитке деген күрделі және ойда болмаған сұранымның ауытқуларына өтемақы төлеу, салымдарды аяқ астынан алғанда қаржының орнын толтыру және т.б.) үшін қажет.

Қысқа мерзімді пассивтерді салыстырмалы түрдегі ұзақ мерзімді активтерге трансформациялау банкінің пайда табуының негізгі тәсілі болып қызмет ететіні белгілі. Егер де банк активтер мен пассивтерді мерзімі бойынша сәйкеспей деңгейін көтеріп жіберсе, ол өтімділік мәселесімен бетпе-бет келуі мүмкін. Ол тіпті ең жұмсақ деген түрде көрінсе де, банкіні ақша рыногынан кредит сұрауға мәжбүр етеді. Активтер мен пассивтердің мерзімі бойынша күрт сәйкес келмесе банкінің қаржы жағдайы мүшкілденіп кетуі мүмкін.

Өтімділік қаржыға деген сұранымның пайда болу себебінің бірі банкінің басқа банкілерден немесе мемлекеттің орталық банкісінен алынған займдар бойынша борыштарын өтеу болып табылады. Сонымен қатар жеке табыс салығы мен банкінің акциясын ұстаушыларға ақшалай дивиденттер төлеу де тез арада іске айналдыратын қаржыға деген сұранымды өсіреді.

Жұмыс тәжірибесі өтімділікті басқарудың тәуекелі құндық және сандық құраушылары бар екенін көрсетті. Баға құраушы активтер сатылуы мүмкін бағамен және пассивтер тартылуы мүмкін пайыздық мөлшерлеменен келісім жасалады. Сандық құраушы сатуға болатын активтердің, нарықтан қандай да болсын бағамен қаржы алатын мүмкіндіктердің болуымен айқындалады.

Өтімділікті басқаруда уақытша сипаттардың шешуші мәні бар. Сондықтан өздерінің тәжірибелік қызметінде коммерциялық банкілер лездік өтімділік пен орта мерзімді өтімділікті жеке-жеке қарастырады.

Лездік өтімділіктің тәуекелі – банк ресурстардың жетіспеушілігін сезініп, сол себепті клиенттердің талаптарын орындай алмау қаупі. Онымен банк күн сайын кездеседі. Қысқа мерзімді жоспарда өтімділікті басқару банкінің ақша қаражатын басқаруына байланысты болады. Бұл мәнде лездік өтімділік тәуекелі жоспарланған және шынайы түсімдер мен қаражатты алу арасында белгісіздік бар. Банк қаражаттың күн сайынғы қозғалысын 100% дәлдікпен болжай алмайды.

Алайда тәжірибе лездік өтімділікті басқару ғылымға қарағанда өнерге жақынырақ деуге болады. Ол белгілі бір жағдайларда шешім қабылдау менеджердің ішкі сезіміне көп байланысты.

Орта мерзімді өтімділік тәуекел – активтерді сату арқылы я болмаса жаңа сырттан ауысу жолдары арқылы қалыпты баға бойынша ақша қаражатын алудағы банк қиындықтары тудырған жоспарланбаған шығындарды жоғалту тәуекелі. Орта мерзімдік өтімділік тәуекелі банк пайдаға әсер етуші пассивтерді тарту немесе активтерді оңтайлы баға бойынша айырбастау (конвертациялау) жолдары арқылы жеткілікті қаражат таба алмаған кезеңде банкінің активтердің өсуін немесе пассивтердің азаюын теңгеруге қабілетсіздігі нәтижесінде туындайды. Өтімділікті қысқа мерзімдікке қарағанда, орта мерзімдік жобада басқару келесі міндеттерді шешуді талап етеді: тұтастай алғанда, банкінің шоғырландырылған өтімділік құрылымына үнемі демеу жасау, теңгерімнің пассивтері мен активтерінің мерзімі мен көлеміндегі қауіпті ауытқуларды болдырмау; пассивтер серпіні, операциялар мен қызмет түрлерінің басымдылықтарын болжау серпінін есепке ала отырып, банк салымдары құрылымын орта мерзімді жоспарлау; пайыздық мөлшерлемелер серпінін болжау негізінде саясатты есептеу; банкінің әрі қарай дамуына ұзақ мерзімді банкілік инвестициялар мен салымдар есебін жасау.

Қаржы рыногында банкілердің операцияларына ұдайы жоғары тәуекелдің тән болуы қалыпты құбылыс. Тәуекел дегеніміз – нақты ақшадан айрылып қалу мүмкіндігі, сондықтан тәуекелді төмендету мәселелеріне үнемі ерекше көңіл бөлінеді.

Тәуекелдердің алдын алып, ізін бағу және бақылауға алу керек. Бұл жағдайда жеке капиталы бойынша талаптарды қоса алғанда, тәуекелді бақылау мақсатында пруденциалдық нормалар мен ережелерді жасау және атқару, қарыздар бойынша болуы мүмкін шығындар үшін резервтер жасау, активтердің, өтімділіктің шамадан тыс жиналуына жол бермеуде өкілеттік берілген банкілік бақылау органдары маңызды рөл атқарады. Бақылау органдарының мақсаты – банкілер өздеріне негізсіз қабылдайтын тәуекелдердің деңгейін шектеу. Бұл талаптар банк басшылығының шешімін айқындамауы керек. Олардың жолы – банкілік операцияларды ойдағыдай өткізуді қамтамасыз ететін ең төменгі (минималды) пруденциалдық стандарттарды орнату. Өз табиғатында серпінді банкілік іс бақылау органдарына мезгіл-мезгіл өз пруденциалдық талаптарын қайта қарап отыруды және шынайы қолданыстағы нормаларының сәйкестік дәрежесіне бағалау жасап отыруды, сонымен қатар жаңа нормативтік құжаттар әзірлеуді талап етеді.

«Пруденциалды» термині тәуекелді реттеу және басқару тәжірибесінде жиі қолданылады. «Пруденциалдық бақылау» түсінігі пруденциалдық, яғни сақтық мәселелерін шешуші, бақылау нысанының (банкі, кәсіпорын) «саналы тәртібін» бақылау болып табылады. Қабылданатын тәуекелдер жағынан қарасақ, қабылданатын тәуекелдердің парасаттылық деңгейі мөлшерлі болып тәуекел тиісінше басқарылып отырса, жағдайда экономикалық агенттің іс-әрекеті нәтижелі саналмақ.

Тәуекелдерді басқарудың көпшілік мақұлдаған ұстанымдарында сай қаржы нарығындағы банкінің қызметімен қатар жүретін барлық тәуекелдер келесі түрлерге бөлінеді (А, Б қосымшаларда кеңінен көрсетілген):

Қаржылық тәуекел қаржылық шешім қабылдауға байланысты тәуекелдің кең ауқымын қамтиды. Тәуекелдің

басқа да осындай түрлері сияқты оған кредиттік тәуекелдің тұжырымдамасы да жатады. Соңғылардың ішіне пайыздық тәуекелдер, салалық тәуекелдер, халықаралық тәуекелдер, валюталық тәуекелдер, қарсы жақтардың өз міндеттерін орындау тәуекелі және т.б. енеді. Банкілердің өздеріне қабылдайтын немесе тап болатын қаржылық тәуекелдері дебитор немесе кредит беруші екеніне қарамастан, олардың клиенттерінің қабылдайтын немесе мойнындағы тәуекелдерімен тура байланысты болады. Басқаша сөзбен айтқанда, банкілердің өздеріне қабылдайтын немесе тап болатын қаржылық тәуекелдері мен олардың клиенттері қабылдайтын тәуекелдерінің арасында тығыз себептік байланыс болады.

Кредиттік тәуекелдер. Кредиттік тәуекел немесе қарызды қайтармау тәуекелі – борышкердің кредиттік міндеттемелерін мерзімі мен шарттарына байланысты өзінің міндеттерін орындауға қабілетті және орындайтынына кредит берушінің сенімсіздігі ретінде анықталуы мүмкін.

Кредит берушілер өздері ұсынған кредиттің немесе займының барлық сомасын және көпшілік жағдайдағы кредит өтелгенше келісілген пайызын алып тұруды күтеді. Олар тәуекелден қашақтайды және сондықтан өздерінің тәуекелге ұшырау мүмкіндігін немесе белгісіздік деңгейін минимумға дейін шектеуге тырысады. Банкирлер басқа кредит берушілерге қарағанда тәуекелге ұшырау мүмкіндігінен айналып өтуге көбірек тырысуы керек.

Тәуекелдің басқа да түрлері сияқты пайыздық тәуекел де белгісіздікпен ұштасып жатыр. Бұл жағдайда белгісіздік болашақтағы қозғалыс бағытымен және пайыздық мөлшерлемелердің деңгейімен байланысты болады. Пайыздық тәуекел осы жағдай арқылы кредит берушілерді де, дебиторларды да қамтиды.

Біздің пікірімізше, пайыздық тәуекелді пайыздық мөлшерлемелердің деңгейінің өзгеруіне байланысты болатын кірістердің немесе қаржы активтерінің бағасының құбылмалылығы деп анықтауға болады. Бұл анықтау ақша рыногы және капитал нарығының қатысушыларына ерекше дәл келеді.

Біз пайыздық тәуекелді басқаруға активтерді (кредиттер мен инвестицияларды) де, банк міндеттемелерін (займдық қаражаттарды) басқаруды да қосу керек.


Операциялық тәуекел қателіктер, алаяқтықтар, уәкілеттіктерді теріс пайдалану, дилерлердің, кредит қызметкерлерінің және басқалардың негізсіз тым жоғары тәуекелдерінің себептері қаржылық шығыстарға алып келуі мүмкін ішкі бақылау ережелерін сақтамауымен және корпорациялық басқарудағы қателіктерімен байланысты болады.

Құқықтық тәуекелге жеткілікті мөлшерде активтер берілмеген жағдайда және біліксіз құқықтық кеңестер мен құжаттарды қате жүргізудің нәтижесінде активтердің құны төмен, ал міндеттердің көлемі жоспардағыдан біршама көп болуымен байланысты тәуекелдер енеді. Мұндай жағдайға ұшыраған банкілер үшін де, басқалар үшін де сот тартыстары күрделі мәселелер мен үлкен шығындарға алып келуі мүмкін. Банкілік заңдылықтардағы өзгерістер де банк қызметіне әсер етеді.

Репутация тәуекелі – операциялық қателіктер, банкінің заң талаптарына және басқа да құқықтық актілерге сай келмеуімен және басқа да себептермен сенімді банкі өзінің беделін (репутациясын) жоғалтып алуымен байланысты.

Салалық тәуекел – саланың басқа салалармен салыстырғанда және абсолюттік мағынада экономикалық және қаржылық жобада қызметінің тұрақсыздық деңгейі. Саланың тұрақсыздығы неғұрлым жоғары болса, тәуекелдің деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

Өндірістің өмірлік кезеңі (циклы) – сатулардың, кірістердің немесе басқа да маңызды көрсеткіштердің қазіргі және болашақтағы өсу қарқыны әрқайсысының өзіндік сипаттамасы бар бірнеше кезеңге бөлінеді. 1-суретте көрсетілген салалық тәуекел саланың бүкіл өмірлік кезеңі бойындағы өсімінің әртүрлі кезеңін көрсетеді деп санауға болады.



1-кезең Бастапқы даму сатысы	2-кезең Жылдамдатып өсу сатысы	3-кезең Біркезжі өсу сатысы	4-кезең Нарықтың тұрақтануы мен толысуы	5-кезең Өсудің төмендеуі және құлдырауы
---------------------------------------	--------------------------------------	-----------------------------------	--	---

1-сурет. Саланың өмірлік кезеңдері*

* Әдебиет көздерінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Басқа салалар бұл кезде құрамы бойынша әртекті болып келсе, кейбір салалардың сала ішіндегі тарамдары шектеулі болады (Батыста: өндірістің болат, темекі, алтын, каучук салалары). Дағдарыстағы фирмаға кредитке қарағанда, толыққанды жұмыс істеп тұрған жақсы фирмамен жасасқан **кредиттік тәуекел** төмен келеді.

Бәсекелестіктің салаішілік ортасы басқа салалардағы фирмаларға қатысы бойынша берілген саладағы фирманың қуаты мен өміршеңдігі туралы ақпараттың қосымша көзі болады және ол соған сәйкес тәуекелдің көрсеткіші болып табылады. Салалық тәуекелді өлшеуде қолданылатын түсініктердің бірі (және компаниямен байланысты тәуекелдің де) **жүйелі тәуекел**, яғни бұл нарықтың немесе экономиканың нәтижесіне қатысты саланың қызметіндегі тербелістер мен ауытқулардың деңгейі. Бұл статистикалық сараптауда грек әрпі бетамен (β) белгіленетін тәуекел түрлерінің осы түрін әрбір сала үшін де қолдануға болады. Бұл процесс біршама уақыт кезеңінде

жиналатын кең көлемді және сенімді мәліметтер базасын қажет ететіні анық. Сала «1-ге» тең β көрсеткішімен нарыққа тең нәтижелер тербелісіне ие болады, ал өзгеріске аз түсетін саланың нәтижесі 1-ден төмен болса, 1-ден жоғары нәтиже – тербеліске көбірек түсетін саланікі болады.

Сонымен, бетаның көрсеткіші неғұрлым жоғары болатын болса, сол салаға байланысты тәуекелдің де көрсеткіші жоғары болады.

Берілген сала үшін бета көлемі уақыт өте және соның ішінде қызмет кезеңі барысында ерекше өзгеріске түсіп тұрады. Сонымен қатар Батыста жасалған жаңа зерттеулер өткен онжылдықтар үшін салыстырмалы түрде тұрақты нәтижелерді көрсетті. Салалық сараптаудың өткен уақыттағы нәтижелерін болашақта салыстырмалы түрде жайбарақат қолдана беруге болады.

Бета-коэффициент – бұл американ экономисі Шарптың инвестициялардың құнын бағалау моделіне енгізген тәуекелдің коэффициенті – CAPM (Capital assets pricing model). Шарп пен американдық экономист Тобин (ол да кейінірек құнды қағаздар қоржынын оңтайландыру мәселелерін шешудегі экономикалық еңбектері үшін Нобель сыйлығын алған) екеуі бір мезгілде және бір-бірінен тәуелсіз түрде құнды қағаздар қоржынын оңтайландыру туралы Марковиц мәселесінің кеңейтілген шешімін ұсынды. Олардың келген шешімі өте қызықты: «қоржынды оңтайландыру шешімі тәуекелсіз – мемлекеттік құнды қағаздарға инвестицияландыру мүмкіндігі болатын болса, онда ол оңайланады».

Сондықтан тәжірибеде де, теорияда да басты мақсат – тәуекелсіз және тәуекелді салымдар арасындағы капиталды дұрыс орналастыру.

r_0 – тәуекелсіз салым тиімділігі, m_p – күтілген қоржын тиімділігі болсын, m_p әрине, r_0 -ден жоғары болады. Сонымен қатар V_p – қоржынның дисперсиясы да белгілі. Тәуекелсіз активтер x_0 капиталға, ал тәуекелді активтер $1 - x_0$ капиталға салынды деп ойлайық.

Мұндай қоржынның тиімділігі R_p кездейсоқ көлеміне тең болады.

$$R_p = x_0 r_0 + (1-x_0) R_r$$

Күтілген кірістің мәні мынаған тең болады:

$$m_p = x_0 r_0 + (1-x_0) m_r = m_r + x_0(r_0 - m_r)$$

Салымның дисперсиясы немесе тәуекел салымның тәуекелдік бөлігі арқылы ғана анықталады:

$$V_p = (1-x_0)^2 V_r$$


Орта квадраттық ауытқу келесіге тең болады:

$$v_p = (1-x_0)v_r$$

x_0 -ді алып тастағанда біз мынаны аламыз:

$$m_p - r_0 = (m_r - r_0) \times v_p / v_r$$

Осы жағдай арқылы кіріс пен салымның арасындағы байланыс бір сызық бойында жатқаны көзге көрініп тұр (2-сурет).



2-сурет. Құнды қағаздар тәуекелінің сызығы (Security market line) (SML)

Егер де барлық қағаздар тәуекелсіз құнды қағаздарға инвестицияланатын болса, онда тиімділік r_0 -ге, ал тәуекел нөлге тең болады; егер де барлық капитал тәуекелді құнды қағаздарға салынатын болса, онда тиімділік m_p -ге, ал тәуекел v -ге тең болады. Қандай да болмасын аралық шешіміне ($0 < x_0 < 1$) түзудің нүктелерінің бірі сәйкес болады.

Бұл түзу «құнды қағаздардың тәуекелінің түзуі» деп аталады (Security market line). Ол мына формуламен анықталады:

$$m_i - r_0 = (m_p - r_0) \times v_i / v_p,$$

мұнда бета коэффициенті ($\beta = v_i / v_p$) тәуекелдің v_i / v_p дәрежесін және түзудің көлбеулігін анықтайды. Берілген жағдайда бета коэффициенті оңтайлы қоржынға қатысты тәуекелдік активтің тәуекел дәрежесін көрсетеді.

Құнды қағаздар нарығының кәсіпқойлары бұл коэффициентті корреляциялық-регрессиондық сараптама тәсілімен оның нарыққа қатыстылығын жалпы түрде алып есептейді.

$$m_j = a + \beta M + e,$$

мұнда m_j – j -ыншы құнды қағаздан күтілетін кіріс;


M – барлық нарықтан күтілетін кірістілік;

β – j -ыншы құнды қағазының коэффициенті;

e – ауытқушылық.

a коэффициенті құнды қағазға толық баға берілмеушілікті сипаттайтын болады. Егер де a коэффициенті теріс болатын болса, онда берілген құнды қағазға толық баға берілмеген болады да, оның бағамдық құны өседі. Егер де ол оң болатын болса, онда құнды қағаз асыра бағаланған болады және оның нарықтық бағасы құлдырауы мүмкін.

Бета коэффициенті – бұл нарықтық сезімталдықтың индексі, ол тұтастай алғанда нарыққа қатысты j -ыншы құнды қағаздың салыстырмалы түрдегі өзгергіштігін өлшейді (3-сурет).



3-сурет. j -ыншы құнды қағаз мен құнды қағаздар нарығының арасындағы тәуелділік

3-суретте көрсетіліп берілген мысалда бета коэффициенті $\beta = (45 - 30) / (20 - 10) = 1,5$ болады. Бұл нарықтағы жағдай өзгерсе, пайданың орташа мөлшері құлдыраса немесе көтерілсе j -ыншы құнды қағаздың кірістілігі барлық нарыққа қатысы бойынша 1,5 есеге өзгереді.

Жекелеген құнды қағаздардың нарыққа тәуелділігіне байланысты жылжу үрдісі, нарық тербелісінде тұратындықтан тәуекелді тудырады және де мұндай ауытқуларды айналып өту мүмкін емес. Тәуекелдің бұл сыңары жүйелі (эргарапты емес) тәуекел деп аталады. Сонымен, бета коэффициент жүйелі тәуекелді сипаттайды.

Жүйелі және жүйелі емес тәуекелдердің арасындағы тәуелділікті келесі түрде беруге болады:

$$v = (\beta_j v_M)^2 + (v_j)^2,$$


мұнда, v – жалпы тәуекел;

β_j – j -ыншы құнды қағаздың бета коэффициенті;

v_M – нарықтағы күтілетін кіріс мөлшерінің орта квадраттық ауытқуы;

v_j – j -ыншы құнды қағаздың күтілетін кіріс мөлшері.

2 – 3/13-07



Жүйелі емес тәуекел активтердің диверсификацияларымен төмендейді, сондықтан былайша болады:

$$\text{Тәуекел} = \text{жүйелі тәуекел} = \beta_j v_M.$$

Сонымен, *тәуекел дегеніміз – нарықтағы күтілетін кірістің мәлиерінің орта квадраттық ауытқуы*. Нарықтың құбылмалығы неғұрлым жоғары болған сайын (v_M), соғұрлым барлық құнды қағаздардың тәуекелі жоғары болады. Ал егер де берілген құнды қағаздың бета коэффициенті неғұрлым жоғары болатын болса, оның жеке тәуекелі де соғұрлым жоғары болады.

Құнды қағаздар қоржыны үшін бета коэффициенттерді есептеп шығарудың бірнеше түрі бар. Мысалы, бұлайша қоржынның бета коэффициентін қоржынға енетін құнды қағаздардың бета коэффициентінің сомасы ретінде есептеуге де болады:

$$\beta_p = \sum_{j=1}^n x_j \beta_j$$

мұнда, β_p – қоржынның коэффициенті;

x_j – j -ыншы құнды қағаздың үлесі;

β_j – j -ыншы құнды қағаздың бета коэффициенті.


Немесе корреляциялық-регрессиондық сараптама тәсілі арқылы есептеуге болады:

$$m_p = a + \beta M + e,$$


мұнда, m_p – портфельдің күтілетін кірістілігі;

M – барлық нарықтың күтілетін кірістілігі.

Қоржынның бета коэффициенті құнды қағаздар тәуекелі сызығының (Security market line) көлбеулігін анықтайды. 4-суреттегі қолда бар оңтайлы қоржынның тиімді шекарасы мен құнды қағаздардың сызығын қосу арқылы өзіне тәуекелді және тәуекелсіз активтерді қосатын оңтайлы қоржынға ие боламыз.



Қоржынды оңтайландырудың мұндай шешімін американо-американ экономисі Тобин ұсынды. Басты тұжырымды да ол жасады: «Берілген тәуекелдік қоржын мен тәуекелсіз құнды қағаздар арасында ғана емес, сонымен бір мезгілде тәуекелді қоржынның құрылымын таңдау мүмкіндігі бар болатын болса, онда инвестордың тәуекелге деген бейімділігінен тәуелсіз бір ғана құрылым оңтайлы болып шығады». Біздің 4-суретімізде мұндай қоржын – M нүктесіндегі қоржын болады.



4-сурет. Нарықтық қоржынның графикалық моделі.

Мемлекетаралық тәуекелдер банкілердің әлемдік қаржы нарықтарына шығу процесімен байланысты және гран-клиенттердің немесе контрагент елдердің, импорттаушылардың немесе экспорттаушылардың экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылығына тәуелді болады. Халықаралық тәуекелдер фирмалар мен басқа қарыз алушылардың елінің сыртқы қарыз міндеттемелері бойынша жауап беруіне әсер ете алатын деңгейіндегі елдегі ағымдағы немесе болашақтағы саяси және экономикалық жағдайлардың өзгеру тәуекелі.

Мемлекетаралық тәуекел сараптамасы сандық және сапалық факторларды және саяси тәуекел, экономикалық тәуекел, аудару тәуекелі сияқты құрамдас факторларын есепке ала-

ды. Кредитке қабілеттілікті сараптаудың жақсы дамыған бағдарламасы және мемлекетаралық тәуекелдің пайымды көлемі бар банкілер көп ретте өз есебінен немесе жанама түрде клиенттің есебінен кредиттік тәуекел жүйесінен айырмасы жоқ күрделі кредиттік рейтинг жүйесін жасайды.

Жүйелердің бірі – мемлекет 1-ден 9-ға дейінгі шкала бойынша жеке рейтингіге ие болатын құрамдас рейтингілер жүйесі.

Саяси тәуекел рейтингілері үкіметтің сыртқы міндеттемелерге деген ынтасы мен саяси мүмкіндігін өлшейді. Бұл рейтинг үкіметтің тұрақтылығын да, сыртқы қарызды төлеуге деген қатынасын бағалау үшін де қолданылады (В қосымшасы). Экономикалық тәуекел рейтингілері елдің ұзақ мерзімдік жалпы дамуын, сол елдің әлеуетін сыртқы қарыздың деңгейіне қызмет көрсету мүмкіндігінің құралы. Бағалауға келесі факторлар жатады, а) мемлекетті экономикалық басқару, ә) экономикалық құрылым, б) институционалдық құрылым, в) жұмыс күші, капитал ресурстары, табиғи ресурстар, г) елдің тұрақты инфляциялық емес өсімді демеп тұру мүмкіндігі, д) елдің сыртқы факторлардың әсеріне душар болуы және т.б. болып кете береді. Нақ сол кездегі жағдайға және оның келесі жылдарда өзгеруіне байланысты елдер бірнеше санатқа бөлінеді (Г қосымшасы).

Аударым тәуекелі экономикалық тәуекелдің субкатегориясы, ол елде айырбасталатын валюталардың болуымен және кесте бойынша сыртқы қарыздық төлемдерге қысқа мерзімде қызмет көрсете алу мүмкіндігімен анықталады. Аударым тәуекелі – сыртқы сауда мен инвестицияға байланысты болған өтімділіктер проблемасы үшін қарызды өтеуді тоқтата тұру мүмкіндігі. Тәуекел үлкен өндірістік немесе дамушы елде болуы мүмкін, проблемалар ұзақ мерзімдік экономикалық тәуекелге әсер етпейтін уақытша болуы мүмкін. Ол ұзақ мерзімдік қаржы хал-ахуалы нашарлаған кездегі қарыз өтеу мәселелеріне байланысты болады. Өтімділік мәселелер де

инфляцияны құрықтау мақсатындағы ішкі экономикалық саяси шараларға, тауарлардың бағасының жетімсіздігіне немесе сыртқы экономикалық факторларға байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайлар сыртқы қарызды өтеу немесе шетелдік инвесторларға ақша аудару үшін керекті шетел валюталарының ағынын қысқартады (Д қосымшасы).

Біздің пікірімізше, мемлекетаралық тәуекелдің рейтингілер жүйесі дегеніміз – бұл негізінен банк менеджменті жасаған және бекітілген жекелеген банкінің өнімі.

Валюталық тәуекел пайыздық мөлшерлемелердің, яғни ұлттық валюта бағасының шетелдік валютаға қатынасына, яғни болашақтағы қозғалыс белгісіздігіне байланысты. Ұлттық валюталарын шетелдердік валютаға айырбастауға байланысты келісімдерге заңнамалары тыйым салатын елдерде валюталық тәуекел болмайды.

Корпорациялардың қаржысына бүгінгі күнгі көзқараспен қарағанда, төлемдердің болашақтағы күтілетін ағымының бүгінгі күнгі құны фирманың немесе оның активтерінің құнын өлшейді. Бұл төлемдердің барлығы немесе бөліктері шетел валютасы түрінде болған жағдайда болашақтағы валюта бағамының өзгеруінен фирмалардың активтерінің құны (ұлттық валютада) көбеюі немесе азаюы мүмкін. Бұл жай шетелдік инвестициялары – акциялары немесе қарыздық міндеттемелер валюта түрінде кіріс түсіріп отырған инвесторларға да қатысты. Банкінің шетел активтеріне инвестиция жасауы ұлттық валюта түріндегі төлемдердің болашақтағы ағынының көлеміне әсер етеді (валюталық бағамның болашақтағы өзгерістеріне байланысты), себебі, мысалы шетел валютасында кредит беру үшін ресурстар ұлттық валюта түрінде тартылады. Сонымен қатар кредиттің шетел валютасын ұлттық валюта эквивалентіне аударғанда бұл кредиттер бойынша өтеу төлемдерінің көлемі өзгеріп тұратын болады.

Біздің пікірімізше, валюталық тәуекелдің пайыздық тәуекелмен көптеген ұқсастықтары бар. Екеуіне де баға және құн элементтері, демек, соған сәйкес болашақтағы кіріс және

шығыс элементтері енеді. Баға факторы екеуінде де бірдей, бұл – ішкі және сыртқы ақша саясаты күшті әсер ететін сұраныс мен ұсыныс (шетел валютасына немесе кредитке деген). Қысқаша айтқанда, пайыздық және валюталық нарық бір-бірімен тығыз байланысты.

- **Негізгі түсініктер, терминдер**

Өтімділік, резервтер, пассивтерді активтерге трансформациялау, пруденциалдық стандарттар, өз капиталының жеткіліктілігі, бета-коэффициент, CAPM моделі, дисперсия, рейтинг.

Бақылау сұрақтары:

1. Банкілік тәуекелдің негізі неде?
2. Банк қызметіндегі өтімділік дегеніміз не?
3. «Тәуекел-кірістің» арақатынасы қандай?
4. Лездік өтімділіктің тәуекелінің пайда болуының жағдайлары мен факторлары қандай?
5. Пруденциалдық нормалар мен ережелер дегеніміз не?
6. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша талаптар дегеніміз не?
7. Банкілік резервтер (провизиялар) қандай жағдайларда жасалынады?
8. Кредиттік, пайыздық, операциялық, құқықтық, мемлекетаралық тәуекелдердің зардаптары қандай болады?
9. Салалық тәуекел мен саланың өмірлік кезеңінің арасындағы сабақтастықтың мәні.
10. Бета-коэффициент нені сипаттайды және өлшейді?
11. Валюталық тәуекел қандай жағдайларда пайда болады және оның пайыздық тәуекелмен байланысы неде?


2. БАНКІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖАБУДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ РӨЛІ

Банкілік қызметтерінің мақсаттарының бірі – мүмкін болғанша төменгі (минималды) тәуекелмен жоғары (максималды) кіріс алу. Біздің көзқарасымыз бойынша, тәуекел-кірістілік ара қатынасы үшін минимумға қол жеткізілгені немесе соған эквивалентті кірістілік-тәуекел арақатынасы үшін максимумға қол жеткізгені оңтайлы жағдай болып табылады.

Банкінің өзінің негізгі қызметінің арқасында табатын кірісті жалпы түрде белгілі бір жауапкершіліктері бекітілген бес типке жинақтауға болады (5-сурет): клиентпен өзара әрекеттестіктің нәтижесі ретінде алынған кіріс (1); банкінің өзінің ашық сауда позицияларының кірісі (2); активтер мен пассивтердің арасындағы жоспарлы (стратегиялық) үйлеспеушілік арқылы алынатын кіріс (3); банкінің кредиттік тәуекелді қабылдауынан алынған кіріс (4); банкілік өнімдер өндірісі процесінен пайда болатын кіріс (5).

Түсініктілігі өсету


Жауапкершілік



5-сурет. Банкінің кірісі

Мұнда табыстың алғашқы үш типі маңызды орын алады.

Кірістілік пен тәуекелдің онтайлы ара қатынасы болса, бір мезетте келесі жағдайлар атқарылады: тәуекелдің берілген немесе төмен деңгейіндегі кірістілік пен тәуекелдің басқа ешқандай қиылысуы үлкен түсім түсуді қамтамасыз ете алмайды; тәуекелдің берілген немесе жоғары деңгейіндегі кірістілік пен тәуекелдің басқа ешқандай қиылысуы төмен тәуекелді қамтамасыз ете алмайды (6-сурет).



6-сурет. Тәуекел мен табыстың байланысы

Мұндай комбинация тәуекелдің бір түрін қабылдағанда және табыстың балама (альтернативті) көздерін елемегенде біреу ғана болатынын байқау қиын емес (6-суреттегі А нүктесі).

Бірақ парасатты тәуекел мен оны азайту (минимизациялау) туралы шешім қабылдағаннан басқа банк өз қызметін ең төменгі деңгейден (минимумнан) асатын белгілі бір кіріс түсіруді қамтамасыз ететіндей етіп жүргізуі керек. Мұндай табыстың түрін жоғары деңгейдегі (максималды) жеткілікті табыс деп атаймыз. Мұнда әрқайсысы қызметтің белгілі бір ерекше жағдайлары арқылы сипатталатын табыстылықты –

тәуекелдің бірнеше аймағын бөліп көрсетуге болады. Аймақта қызмет түрін жүргізгенде банк өзі үшін ең төменгі қажетті табысты қамтамасыз етпейді, сол себепте бұл аймақта ұзақ уақыт жұмыс істегенде ол қалай да болсын үлкен проблемаларға кезігетін болады. Бұл аймақты жеткіліксіз кірістілік аймағы деп айқындап қояйық.

2-аймақта банк өзіне қолайсыздығы алдын ала айқын тәуекел қабылдайды; жоспарланған мол табыс алу анағұрлым төмендейді. Бұл саланы сенім ақтамайтын тәуекел аймағы деп анықтаймыз.

Және ең соңынан 3-аймақты қарастырамыз: мұнда банк өзіне ең төменгі қажетті түсімді қамтамасыз етеді және өзіне парасатты тәуекел қабылдайды. Табыстылық пен тәуекелдің оңтайлы үйлесуі тап осы аймақта екені даусыз. Бұл саланы жеткілікті кірістілігі бар салыстырмалы түрдегі қауіпсіз қызмет етудің аймағы деп анықтаймыз.

Оңтайлы аймақты таңдауға тәуекелдерді басқару процесінде қол жетеді. Тәуекелдерді басқару – қызметтің әртүрлі саласында пайда болуы мүмкін керексіз өзгерістердің нәтижесінде пайда болатын жағдайларды анықтайтын және бақылайтын басқару саласы. Шешім қабылдау кезеңінде бұл жоғары деңгейдегі белгісіздік кезеңі болғандықтан тәуекелді басқару айрықша мәнге ие болады. Тәуекелдік жағдайлардың өмірлік кезеңінің ішінде тәуекелді басқару кезеңнен кезеңге дейін қайталанатын сызба бойынша жүзеге асырылады (1-кесте).

1. Тәуекелді басқарудағы өмірлік кезең*

Тәуекелдік жағдайлардың тууы мүмкіндігі туралы белгілер	Тәуекелдік жағдайлардың тууының белгілері	Тәуекелдік жағдайлардың дамуы	Тәуекелдік жағдайлардың шешімі
Тәуекелді идентификациялау			
Тәуекелді бағалау			
Тәуекелді басқару бойынша шараларды құрау			
		Тәуекелді басқару бойынша шараларды жүзеге асыру және оның сараптамасы	

* Автор құрастырған.

Соңғы уақыттардағы банкілік тәуекелдердің жүйелерін құруды бастау үшін отандық және шетелдік зерттеушілер Базель комитетінің банкілік бақылау бойынша ұсынымдарын қолданып жүр. Базель комитеті ұсынған тізімде дербес тәуекелдердің келесі – кредиттік, операциялық, құқықтық, мемлекетаралық, валюталық шектеулер енгізу, трансферттік, нарықтық, пайыздық, өтімділік тәуекелі және іскерлік репутациясын (беделін жоғалту) жоғалту түрлері бар. Бұл атаулы құндар қауіптердің тегі мен түр ерекшеліктерінің белгілерін жеткілікті түрде ашып көрсетпейді, тәуекелдің түзілуінің ерекше қасиеттеріне сілтеулер жасамайды.

Қауіптің мазмұны туралы толық мағлұматты «базалық» тәуекелдердің әр түріне жеке атау береді, осындай жеке атаулар екінші деңгейлі банкілерде корпорациялық басқару мен тәуекелді басқару жүйелерін ұйымдастыру жөнінде Ұлттық банкінің әдістемелік ұсынымдарында жасалынған (ҚРҰБ Басқармасының 20.06.1995 ж. №76; 20.04.2001 ж. №116 қаулылары).

Банкінің қауіпсіздігіне қатысы бар тәуекелдің мүмкін болатын түрлерінің толық тізімі тіпті көп болуы мүмкін. Бұл дербес «базалық» тәуекелдер де, олардың құрылымдық жекелеген элементтері де қауіптің түрі ретінде көрініп (себептік-салдарлық байланыстың шексіз тізбегі), көптеген түрлі құрамдас (комбинация) құрауы мүмкін. Сонымен қатар осылай болуы мүмкін құрамдастардың саны банкінің алдында тұрған мәселелер мен оның қандай жағдайда жұмыс істеп жатқанына байланысты өзгеріп отырады. Осы себептен әрбір белгісіздіктің көзін тәуекелдің жеке түрі ретінде белгілеп қоюға ұмтылу өзін-өзі ақтамайды.

Айтылғандарды басшылыққа ала отырып, біз тәуекелдердің арнайы ерекшеліктерін неғұрлым жалпы формада бекіту үшін тәжірибелік қажеттілігіне сәйкес әрбір аталған топ пен оларға енетін жекелеген тәуекелдердің әрі қарайғы жүйелі бөлінуіне мүмкіндік беретін бастапқы жеті топ жеткілікті деп есептейміз.

Ұсынылған жүйелеудің негізіне жататындар тәуекелдердің келесі негіздер бойынша бірігеді, ол негіздер: 1) қауіптерді жинақтап қорығу дәрежесі; 2) қауіп нысанына деген қатынас;

3) қауіптерді игеру тәсілі (механизмі); 4) қауіптерді игеруді реттеу; 5) қауіпті игеруге қатысты тұлғалар; 6) тұлғалардың қауіпті игеруге субъективтік қатынасы; 7) қауіпті игерудің салдары.

Банкілік тәуекелдердің әдебиеттерде суреттелгендері мен нормативтік актілерде аталғандарының көпшілігі тәжірибе жүзінде тәуекелдердің басқа түрлерін жалпылай қорыту болып келеді. Банкілік тәуекелдердің барлық түрін жалпылау дәрежесі бойынша үш санатқа бөлуге болады: 1) құндылықтарды жымқыру тәуекелі, банкілік операцияларға техникалық қамтамасыз етудің істен шығуы сияқты элементарлық тәуекелдер; 2) мағынасына Ұлттық банкінің ұсынымы сай банкіні басқару процесіндегі қателіктер тәуекелі, алаяқтық тәуекелі, өкілеттіктерді асыра қолдану тәуекелі, қабылданған қызмет стандартын, этикалық нормаларды немесе тәуекелдің парасатты шектерін бұзу тәуекелі енетін «операциялық тәуекел» сияқты бірнеше элементарлық тәуекелдерді біріктіретін құрамдас тәуекелдер; 3) элементарлық және құрамдас тәуекелдің зиянды зардаптарының бірігуі (жинақталуы) нәтижесінде пайда болатын жиынтық тәуекелдер.

Жиынтық тәуекелдер тұтастай алғанда жұмысқа және банкінің өміріне қауіп төндіреді. Олардың қатарына өтімділікті, табыстылықты және банкіні басқаруды жоғалтып алу тәуекелдерін жатқызу керек.

Банкілік тәуекелдердің негізгі элементтері банкіге төнетін қауіп нысаны ретінде көрінеді. Сондықтан тәуекелдерді, біздің ойымызша, қауіп төніп тұруы мүмкін банкілік құрылымдардың элементтерімен нақты байланыстыру керек.

Тәуекелдердің болуы мен тәуекелдік жағдайлардың көптігі белгісіздік факторымен келісілген. Тәуекелдік жағдайдың тууы сыни көрсеткіштердің қалыпты, тұрақты, орташа немесе альтернативті деңгейлерінен, фактілік мағыналарының ауытқуларынан тұрады.

Басқару мәселесі ретінде тәуекелді бағалау статистикалық тәсілдермен шешіледі, оның бірі болып Z-статистика қызмет етеді, сонымен қатар дисперсияның есептеулері, стандарттық ауытқулар мен вариациялар коэффициентінің көмегі арқылы

тәуекелдерді сандық бағалаудың математикалық тәсілдері – қалыпты тарату (бөлу) заңдарының негізінде шешіледі.

Тәуекелді сандық бағалаудың математикалық тәсілдері қалыпты тарату заңдарының негізін тірек етеді. Нақты операцияның тәуекелін өлшеу мақсатында математикалық күту формуласы бойынша неғұрлым күтілетін нәтиженің параметрін бағалаған мақсатқа лайықтырақ болып шығады:

$$re = \sum pi \times ri \dots j \in [1; n]$$

мұнда: n – мүмкін болатын нәтиже саны; pi – i -інші нәтиженің ықтималдығы; ri – операцияның i -інші ықтимал нәтижесі.

Белгілі бір операцияның сандық бағалауы болып күтілетін мәніне қатысты операцияның мүмкін болу нәтижелерінің шашылуын – вариацияны (var) есептеу қалыптасқан. Мүмкіндіктер теориясына және математикалық статистикаға сәйкес бұл көрсеткіш күтілетін нәтижеден орта квадраттық ауытқу деп есептеледі:

$$var = \sum pi * (ri - re)^2 \dots j \in [1; n]$$

Сонымен қатар тәуекелді бағалау үшін дисперия деп аталатын орта желілік ауытқудың көрсеткіші (σ) колданылады:

$$\sigma = \sqrt{var}$$

Салыстырмалы желілік ауытқушылық стандартты ауытқу көрсеткіші немесе тербелістілігі (γ) бойынша бағаланады. Мұндай көрсеткіш неғұрлым жоғары болған сайын операция да соғұрлым тәуекелді болады:

$$\gamma = \sigma / re.$$

Мысалға алғанда, осылайша банкiге екі операцияның тәуекелiнiң дәрежесiн бағалау керек болды, оның бiрiншiсiне

600 мың теңге қаражат салып, нәтижесінде 95% ықтималдық дәрежесімен 12 мың теңге кіріс алуға болады; екінші операцияға салым 900 мың теңгені құрайды, түскен кіріс 80% ықтималдық дәрежесімен 400 мың теңге кірісті құрайды.

Оқиғаның әрбуінің болуы мүмкін төрт нұсқасын қарастырайық. Бірінші нұсқасында екеуі де шығын алып келсе, онда банкінің зияны 1,5 млн теңгені (600 мың теңге+900 мың теңге) құрайды; екінші нұсқа, егер де бірінші операция кіріс, екіншісі шығын алып келсе, банкінің нәтижесі 780 мың теңге зиян (120 мың теңге–900 мың теңге) болады; үшінші нұсқа бойынша, егер де бірінші операция шығыс, екіншісі кіріс алып келетін болса, банкінің нәтижесі 200 мың теңге зиян (-600+400 мың теңге) болады; және ең соңғы төртінші нұсқа бойынша екі операция да кіріс алып келетін болса, банкінің нәтижесі 520 мың теңге кіріс (120 мың+400 мың теңге) болады.

$re = -1500 \text{ теңге} \times 0,95 \times 0,2 - 780 \text{ мың теңге} \times 0,95 \times 0,2 - 200 \text{ мың теңге} \times 0,05 \times 0,8 + 520 \text{ мың теңге} \times 0,95 \times 0,8 = 224 \text{ мың теңге}$ (банкі үшін неғұрлым күтілетін нәтиженің сомасы);

$var = (-1500 \text{ мың теңге} - 224 \text{ мың теңге})^n \times 0,05 \times 0,2 + (-780 \text{ мың теңге} - 224 \text{ мың теңге})^n \times 0,95 \times 0,2 + (-200 \text{ мың теңге} - 224 \text{ мың теңге})^n \times 0,05 \times 0,8 + (520 \text{ мың теңге} - 224 \text{ мың теңге}) \times 0,95 \times 0,8 = 295\,024 \text{ мың теңге}$ ($n=2$);

$$\sigma = \sqrt{295024} = 543 \text{ мың теңге}$$

$$\gamma = 543 / 224 = 2,4 = 240\%$$

Осылайша тәуекелді бағалау үшін жорамалдаған тәуекелдің көлемін көрсетуші стандарттық ауытқулардың есебі маңызға ие болады (*ex ante risk*), тәуекелдің шынайы көлемі тәуекелдік оқиғалар жүзеге асырылғанда ғана көрінетін болады (*ex post risk*). Сондықтан тәуекелді бағалау кезінде болжаудың қолданылатын тәсілдері үлкен рөл атқарады. Соның ішінде соңғы жылдары танымал болған Value-at-risk (VaR) әдістемесі көп қолданылады. Тарихи және ықтимал сценарийлерді модельдеу негізі арқылы алынуы мүмкін

белгілі бір енуші мәліметтерге сүйене отырып, VaR әдістемесі нарықтық стандартты қолайсыз толқулар жағдайында кредиттік институттың белгілі бір ықтималдылық үлесімен максималды зиян шегу мүмкіндігін есептейді. Тәуекелдің көлемінің сандық өлшеуі деп оның сараптамасы мен бағалауын айтамыз. Тәуекелдің сараптамасы оның көлеміне әсер ететін тәуекел факторларын анықтау деп болжанады. Тәуекелдік жағдайда пайда болған осы тектес тәуекел факторлары мен олардың үлес салмағын ең жоғары деңгейде тіркеп отыру тәуекелді салыстырмалы түрде дәл анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша Morgan Stanley Dean Witter-дегі VaR нарықтық тәуекелдерді бағалау жүйесінде 500-ге тарта, ал Dresdener Bank-та 1200-ге тарта тәуекелдер факторының сараптамасы жүргізіледі. Бұл банкілердің тәуекелдерді басқарудағы бағалаудың өзіндік жүйелерін енгізу қажеттілігімен түсіндіріледі. Сандық бағалау дегеніміз сандық параметрлерді сапалыққа айналдыру дегенді білдіреді. Ол тәуекелдің барлық түрімен салыстыруға болатын база жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан Ұлттық банкінің Ережесінде қарастырылған қарыз қоржынын жіктеу және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкілерінің кредиттік қызметінің шығындарын жабу үшін кредиттік тәуекелдің тобына байланысты резервтерді (провизияларды) құруға қарыз беру ықтималдық шығындар резервін құрастыру механизмін сапалық бағалаудың мысалы болып табылады.

Тәуекел қоржынын сандық бағалаудың жиынтығы шығындардың шегін құрайды.

Егер де тәуекелді бағалау үшін статистикалық тәсілдерді қолдану мүмкін болмаса (мысалы, мәліметтердің презентативті еместігінен), сараптау тәсілдері қолданылады. Соңғы уақытта тәуекелді бағалаудың талдау тәсілдері жоғары тиімділігін көрсетіп жүр, оларда мәліметтерді модельдеу қолдағы ақпараттың кемшіліктерін толтыруға мүмкіндік береді. Тәуекелдің дәлдігін бағалауда қолданылатын тәсілдердің әралуандығы үлкен рөл атқаратыны анық.

Тәуекелді бағалаудың аналогия тәсілі – аналогтық операциялар мен оларды іске асырудың аналогтық жағдайларын

жүзеге асыру туралы мәліметтер базасын сараптау негізінде тәуекелді бағалау. Бұл тәсіл әлеуетті тәуекелдің көзі ретінде қателерді, кері факторлар әсерінің салдары мен ұшқары жағдайларды есепке алуға мүмкіндік береді.

Тәуекелді балмен бағалау тәсілі – тәуекел дәрежесі көрсеткіштерінің сараптаушы-бағалаушы мәнінің бірқатарын есептеп шығаратын жиынтық көрсеткіштің негізіндегі тәуекелді сараптайтын тәсілдердің бірі. Ол мынадай кезеңдерден тұрады: операцияның тәуекел деңгейін анықтайтын факторлардың тізімін анықтау; әрбір фактордың байқалу ауқымындағы әсер етуші және тәуекелді (немесе олардың жиынтығын) сипаттаушы көрсеткіштердің құрамын жасау; факторлар бойынша әрбір көрсеткіштің әсерін бағалау, ал факторларды – тәуекелдің дәрежесін жинақтаушы бағалау; (көрсеткіштердің мәнін бағалаудың салмақтық коэффициенті түрінде); әрбір көрсеткіш бойынша (соның ішінде сапалық баға беру реттілігі) бағалау шкаласын жасау; тәуекелді жалпылап бағалау есебінің әдістемесін (интегралдық бағалау, алгоритмдік (логикалық-математикалық) және т.б.) құрастыру.

«Шешімдер қазығы» тәсілі – шешімдерді іске асыру нұсқаларына байланысты жұмыс нәтижесінің неғұрлым мүмкін мәндерін бағалаушы тәсіл. Ол шешім қабылдау мен оны іске асырудың реттілігін, аралық нәтижелерді, олардың ықтималдығын бағалауды көрсететін кеңістіктік-бағдарланған графикті құруға негізделген. Шешімдерді жүзеге асырудың әрбір нұсқасы нәтижелердің математикалық күтуін есептеуге мүмкіндік береді.

Тәуекелді модельдеу – тәуекелдің әр түрлі аумақтарында көрінетін болжанған тәуекелді сараптау және бағалау тәсілі.

Тәуекелді модельдеу үшін көптеген көрсеткіштер мен ықтимал мәндердің диапазоны алдын ала анықталады, бұлардың көмегі арқылы өзгертілетін факторлардың серпінділік сипаттамасы мен олардың бағаланатын көрсеткіштерге әсерін құруға болады. Сонан соң еркін түрде ауыспалылардың мәні таңдап алынады (оларға алдын ала берілген ықтималдықтарды есепке ала отырып) және түпкі көрсеткіш есептеледі.

Монте-Карло тәсілі – тәуекелді модельдеу нұсқаларының бірі болып табылады.

Монте-Карло (статистикалық сынау) тәсілі – болжауға неғұрлым күрделі жағдайларда қолданылатын белгісіздікті сипаттау тәсілі. Бұл тәсіл бірқатар ұксас жағдайларда шешімді іске асыру процестерінің статистикасын зерттейді. Бұл нақты нәтижелерді алудың әсері мен жиілігін орнату, сонымен қатар шығатын мәндер мен сараптаудағы көрсеткіштердің диапазоны мен динамикасына шектеу қою мүмкіндігін береді. Статистикалық мәліметтер мен шектеулер шешімдерді жүзеге асырудың көптеген сценарийлерін жасауға және оның неғұрлым мүмкіндігін назарға алуға мүмкіндік беретін имитациялаушы модельдердің негізі болып қызмет етеді.

Тәуекелді сараптамалық бағалау тәсілі – сараптамашылардың қорытындыларына негізделген тәуекелді болжау және сараптау тәсілдерінің тобы. Неғұрлым кең таралғандарға Дельфи тәсілі, ранжирлеу, қосарлап салыстыру, балдық бағалау тәсілі жатады. Сараптамашылардың пікірлерін жинақтаушы алынған бағалаудың анықтығы олардың біліктілігіне, пайымдауларының дербестігіне және сараптауды әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты болады. Алынған мәндердің анықтық көрсеткіштерінің бірі болып сараптамашылар пікірінің конкордациясының (келісімдігінің) коэффициенті алынады.

Тәуекелді басқарудың стратегиялық шешімдеріне мыналар жатады: тәуекелді болдырмау – тәуекелдік жағдайлардың пайда болуына жол бермейтін стратегиялық және тактикалық шешімдер жасау (операцияларды өткізуден бас тарту); тәуекелді тоқтату (шектеу) – тәуекелдік жағдайлардың салдары жобаны іске асыруға жағымсыз әсер етпейтіндей етіп құқықтық, өкілеттік мен жауапкершілік жүйесін шектеу; әртараптандыру – операцияның бір түрімен екіншісіне өтемақы төлеу мүмкіндігі есебінен тәуекелді азайту; сақтандыру – күтілген әртүрлі тәуекелдердің пайда болуы зияндарын өтеуге арналған ресурстарды алдын ала резервтеу формасы; лимиттеу – тактикалық шешімдер қабылдаудағы көрсеткіштердің шектік мәндерін анықтау.

Кредиттеу лимиті орнатылатын операциялар тізімі 2-кестеде ұсынылған.

2. Лимиттер мен операциялар топтары*

Лимит топтары	Операциялар
1	2
Құрылымдық лимит: жиынтық активтердегі құралдық үлес (жиынтық активтерге пайыз түрінде)	БАН кредиттеуі мен лизингі** Мемлекеттік қарыздық міндеттемелері Вексельдер Акциялар Айырбастау пункттеріндегі валюталық-айырбас операциялары
Контрагент лимиттері: бір контрагентке (контрагенттер тобына) деген тәуекелдің шегі Қарыз алушыға немесе векселдердің эмитентінің (бір-бірімен байланысты қарыз алушылардың) лимиті	БАН кредиттеуі мен лизингі Вексельдер БАН кредиттеуі мен лизингі Вексельдер
Делдалға арналған лимит: сатып алушы-сатушы, брокер	Вексельдер Акциялар
Ашық позиция элементі: ашық позицияның мөлшерлі лимиті; нақты операцияға ашық позиция элементі; операция бойынша (stop loss) шығындардың шегін шектеуші лимит	Мемлекеттік қарыздық міндеттемелер Вексельдер (эмитент лимитіне сәйкес келеді) Акциялар Айырбас пункттеріндегі валюта айырбастау операциялары
Өтімділік лимиттері	Операциялар жиынтығы

*Негізі: Супрунович Е.Б. Тәуекелді басқару негіздері // Банктік қызмет. – 2001. – №12. – С. 12.

** БАН – Банкаралық кредиттеу.

Сақтандырудың экономикалық мәні – сақтандыру қорын жасау. Қорға қаражат аудару жеке сақтандырушыға күтілетін зиян сомасынан біршама кем деңгейде бекітіледі, мұның салдарынан сақтандыру төлемдері де біршама төмен болады. Осы жағдай арқылы тәуекелдің басым көпшілігі сақтандырушыдан сақтандырылушыға өтеді; резервтеу – болжанбаған шығындар-

ды жабуға арналған резерв жасау – тәуекелдердің пайда болған зардаптарын жоюға қажетті активтердің құнына және қаражат көлеміне әсер етететін элеуеттік тәуекелдер ортасындағы арасалмақты орнатуды қарастырады.

Сақтандыру мен резервтеу тәуекелдің пайда болу мүмкіндігін азайтуды нақты мақсат етіп қоймайды, олар негізінен тәуекелдердің пайда болуынан туындаған материалдық шығынды өтеуге бағытталған. Сақтандыру кезінде *ex post* тәуекелдерді басқаруы өте күрделі мүше ретінде қабылдайды. Сақтандыру үшін көріністері өзара күшті коррелляцияланбаған, ал көрінудің болжалдығы жоғары дәрежедегі нақтылы белгілі тәуекелдердің жаппай көрінетін түрлері жарайды.

Банкілік капиталдың функциясы – банк қызметінің көлеміне, типіне және сипаттамасына демеу көрсету; белгілі бір себептермен болған зиян шеккенде қамтамасыз ету және банк кредиттеуімен қызмет көрсететін тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды жалғастыруды қамтамасыз ету. Банкілік капитал активтердің қысқаруы мен басқа да болуы мүмкін шығындардың орнын толтыру үшін жеткілікті болуы керек.

Капиталдың жеткіліктілігі бойынша талаптар банк өзіне қабылдайтын тәуекелдің деңгейіне сәйкес болуы керек және болуы мүмкін шығындарды жаба алуы мүмкіндігін есепке ала отырып, капиталдың нақты құраушыларын анықтауы керек. Трансұлттық операциялар жүргізуші банкілер үшін бұл мәліметтер капитал мен оған арналған түзетулер жөніндегі Базель келісімінің бекітілген деңгейлерінен төмен болмауы керек.

Акционерлік капитал бірнеше мақсатқа қызмет етеді: ол акционерлер мен банк үшін қаражаттандырудың үнемі кіріс көзін қамтамасыз етіп отырады; оның тәуекелді қамтамасыз етуге және зияндарды жабуға мүмкіндігі бар; ол банкінің әрі қарай өсуіне база болып табылады, сонымен қатар банк сенімді және парасатты басқарылуына акционерлердің ұмтылысына бағыт береді. Капитал мен міндеттемелердің арақатынасына деген ең төменгі талаптар салымшылардың, кредиттеушілердің және банкінің басқа

да контрагенттерінің мүдделерін қорғауға қажетті, сонымен қатар бақылау органдарына барлық банкілік жүйенің тұрақтылығын демеп тұруға көмектесу үшін керек. Бақылау органдары капиталдың ең төменгі жеткіліктілігі коэффициентін орнатуы керек және осы ең төменгі деңгей шектеуден асып кеткенде банкілік операциялардың атқарылуын ынталандыруы керек. Бақылау органдарына банк нақты тәуекелге тап болған кезде немесе активтердің сапасына, тәуекелдің шоғырлануына байланысты немесе банкінің қаржы жағдайының басқа бір теріс көрсеткіштері болған жағдайларда ең төменгі шамадан асып кеткенде капитал жеткіліктілігі бойынша талаптарды орнатуға рұқсат етілген. Егер де банкінің жабу коэффициенті ең төменгі нормативтік деңгейден төмендеп құлдырауы жағдайында, банк өкілдері бұл нормативтің ең төменгі көлемін толтыруға арналған шынайы жоспары бар деп кепілдеме беруі керек. Олар мұндай жағдайларда қосымша шектеуші талаптар енгізуі керек пе, анықтауы керек.

1988 жылы Банкілік бақылау бойынша Базель комитетіне мүше елдер банкінің меншікті капиталының жеткіліктілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әдіс ұсынды. Капиталдың жеткіліктілігі тәуекелді есепке ала отырып есептелген банкінің өзіндік қорларының активтердің сомалық көлеміне деген қатынасы банк қызметінің көрсеткіші болады.

Тәуекелдік активтердің көрсеткіші – банкілік капиталмен жұтылып қойылуы мүмкін активтер көлемінің қысқаруын объективті бағалау. Ол банкілік капиталды бағалау үшін қолданылады. Бұл коэффициент жиынтық капиталдың шығын болуы мүмкін активтерге деген қатынасын айқындайды.

Тәуекелдік активтердің коэффициенті банкінің қаржы жағдайы (ел ішіндегі, егер де бар болса шетелдердегі филиалдарды қоса алғанда) соңғы консолидациялық есеп беру бойынша есептеліп былай анықталады:

Тәуекелдік активтердің коэффициенті:

Жиынтық капитал
Тәуекелдік активтер

Жиынтық капитал жиынтық акционерлік капиталды, мүмкін болатын кредиттік шығындарды жабуға арналған резервті, сонымен қатар ноталар мен қарыздық міндеттемелерді қамтиды. Тәуекелдік активтер жиынтық активтер болуы мүмкін плюс кредиттік шығыстарды жабуға арналған резервтер минус банк-корреспонденттердің есепшоттарындағы қолма-қол ақша мен қаражат, федералдық қорларға сатылған АҚШ Қазынашылығындағы құнды қағаздар, АҚШ үкіметі мекемелерінің облигациялары, АҚШ Үкіметінің құнды қағаздары және қайта сатылу жөніндегі келісім арқылы сатып алынған құнды қағаздары болып анықталады. Тәуекелдік активтердің коэффициенті активтердің әр түрлі құрылымдарымен байланысты тәуекелдің дәрежесін анықтамайтындықтан, ол банкілік капиталдың түпкі бағасын алу үшін активтердің сапалық көрсеткішімен бірге қолданылуы тиіс.

Тәуекелді есепке алатын және қаржы орталықтарының көпшілігі үшін стандарт орнатуы мүмкін капиталға қойылатын оңтайлы талаптарды айқындау үшін банк бақылауы бойынша Базель комитеті тәуекелге негізделген капиталды анықтау әдісін ұсынады. Онда банк капиталына деген талаптарды модернизациялауға тілек білдіретін қандай да болмасын елдерге жарайтын ережелер бар. Бір қарағанда капиталдың жеткіліктілігі жөніндегі Базель келісімі күрделі сияқты көрінгенімен, оның принциптері біршама айқын.

Капитал нақты екі түрге бөлінеді: 1-деңгейге немесе төленген акциялар, акциялар бойынша төлемдер, бөлінбеген кіріс, заңмен анықталған резервтер (ашылған резервтер) енетін «базалық капиталға» және 2-деңгейге немесе негізгі қорларды қайта бағалауға арналған резервтер мен жалпы бос резервтер енетін «қосымша капиталға» бөлінеді. Капитал банк балансының баланстық және баланстық емес баптары бойынша айқындалатын тәуекелге қарсы анықталады. Негізгі капитал тәуекел бойынша өлшенген активтердің жалпы сомасының 4%-ына тең болуы керек, барлық капитал (базалық және қосымша) тәуекел бойынша өлшенген активтердің 8%-на тең болуы керек.

Базельдік жол көптеген дамушы мемлекеттер үшін идеалды болмауы мүмкін, бірақ жоғарыда сипатталған оның тұжырымдамалары салымшылардың қаражаттарын сақтау үшін капиталдың жеткіліктілігі бойынша неғұрлым тиімді талаптарды дұрыс анықтауға негіз береді.

Капиталдың ең төменгі деңгейін банкінің жұмысын бастауға қажетті ақша сомасы деп қарастыруға болады; банк салымдар мен займдар беру есебінен өсе бастаған кезде капиталдың ең төменгі деңгейі банкінің көлеміне сәйкес келмейтін болады. Капиталдың көлеміне деген дәстүрлі талаптар банкінің көлеміне назар аударады, бұл капиталдың салымдар сомасының немесе активтердің жалпы сомасының белгілі бір пайызына сәйкес келуімен көрінеді. Неғұрлым қарапайым капиталдық талаптарға капитал активтердің жалпы сомасының 5%-ына сәйкес болуы тиіс. Капиталға әдетте өзіне барлық төленген капиталды, акциялар бойынша дивиденттерді, резервтер мен бөлінбеген кірісті жатқызады.

Қазақстанда меншікті капитал бірінші деңгейдегі және екінші деңгейдегі капитал сомасы ретінде есепке алынады. Осы жағдайда екінші деңгейдегі капитал бірінші деңгейдегі капиталдан асып кетпейтіндей көлемде қосылады. Банкілік сектордың меншік капиталының құрамы 3-кестеде көрсетілген.

3. Гипотеттік банкілік сектордың меншікті капиталы (млрд теңге)

	01.01.01 жылға	01.01.02 жылға	01.01.03 жылға	01.01.04 жылға	01.01.05 жылға	өсім, %
1	2	3	4	5	6	7
1-деңгейдегі капитал	56,5	77,3	91,1	110,6	118,5	22,5
Жарғы капиталы	53,5	68,5	76,8	77	79,1	0,8
Қосымша капитал	4,3	5,4	8,7	11,2	12,9	29,5
Бөлінбеген кіріс	-0,6	4,9	8,7	05,0	17,6	73,9
2-деңгейдегі капитал	17,0	25,6	36	55,7	57,4	56,1

1	2	3	4	5	6	7
Ағымдағы кіріс	9,5	6,7	7,4	20,6	23,4	180,4
Субординацияланған қарыз	2,1	10,1	15,3	30,1	32,3	98,3
Меншікті капиталдың барлығы	69,0	97,6	122,1	161,2	361,3	48,8

Жалғасы

*Негізі: Гипотеттік орталық банкінің берген есебі бойынша жасалған.

3-кестеден көріп отырғанымыздай, 2005 ж. 01 қаңтарда екінші деңгейдегі банкілердің жиынтық меншікті капиталы 48,8%-ға өсіп, 361,3 млрд теңгені құрады (валюталық эквиваленті – 2676 млн АҚШ доллары). Бірінші деңгей капиталы 22,5%-ға өсіп, 118,5 млрд теңгені құрады, соның ішінде банкілердің төленген жарғылық капиталы өсімі есебінен 2,1 млн теңге, өткен жылдардың бөлінбеген таза кірістері есебінен 2,6 млрд теңге алынды.

Екінші деңгей капиталы 56,1%-ға өсіп, 57,4 млрд теңгені құрады, соның ішінде банкілердің ағымдағы таза кірісінің өсуі есебінен 2,8 млрд теңге, субординациялық міндеттемелердің өсімі есебінен 2,3 млрд теңге алынды.

«Гипотеттік банк» 2005 ж. 01 қаңтарда меншікті капиталының жеткіліктілігінің есептеулері 4-кестеде берілген.

4. Меншікті қаржылардың жеткіліктілігі коэффициенті*, мың теңге

1-деңгейдегі меншікті капитал	Сомасы
1	2
Тіркелу деңгейіндегі төленген жарғылық капиталы	584109
Қосымша капитал	521104
Өткен жылдардың таза кірісі есебінен құрылған қорлар, резервтер, өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	2818313
Барлығы:	9143526
Шегеруге жататын:	
Материалдық емес активтер	20196
Өткен жылдардың шығындары	0
Ағымдағы шығыстардың кірістерден асып кетуі (3599 есепшот)	0

1-деңгейдегі меншікті капиталдың қорытындысы:	9163722
Ағымдағы шығыстың кірістен асып кетуі (3599 есепшот)	1340654
Негізгі қаржы мен құнды қағаздарды қайта бағалау	92207
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтердің сомасының 1,25%-ынан аспайтын жалпы резервтер (1465+1469) сомасы	189735
1-деңгейді капиталдың сомасының 50 %-нан аспайтын субординацияланған жедел қарыз (2402 және 2401) сомасы	2655367
1-деңгейдегі меншікті капиталдың қорытындысы:	4277435
Банкінің меншікті капиталының ЖИЫНТЫҒЫ:	13441157
Активтер сомасы: (А)	79557588

* «Гипотеттік банк» материалдары бойынша автор құрастырған.

$$K1 = \frac{1 \text{ деңгейдегі меншікті капитал}}{\text{Активтер} - \text{Басқа да резервтер}} = \frac{9163722}{79557558 - 443599} = 0,12$$

K1 екінші деңгейдегі банкілердің меншікті капиталының жеткіліктілігі нормативі (бірінші деңгейдегі меншікті капиталының резервтерін алып тастағандағы барлық активтердің сомасына қосындысы).

K2 меншікті капиталдың қарыздар бойынша болуы мүмкін шығындар үшін жасалған резервтерді алып тасталғандағы жеткіліктілігі нормативі (тәуекел дәрежесі бойынша өлшенетін меншікті капиталдың активтердің сомасына қатынасы, активтер тәуекел дәрежесі бойынша 5 топқа топталады).

Меншікті капитал мен қарыздық қоржын соңғы уақытта БВБ кредиттік операциялары үнемі өсу үстінде және соның салдарынан қоржын да өсу үстінде.

Қалыптасқан провизияларға деген меншікті капитал немесе банк жеке және заңды тұлғалардың салған депозиттерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өзінің қорларын (резервтерін) үнемі толтырып отыруы тиіс.

Үмітсіз кредиттерге арналған меншікті капитал бойынша банкілер үнемі үмітсіз кредиттерді қысқартып отыруы керек, сөйтіп, меншікті капитал барлық үмітсіз кредиттерді жауып отырады.

Бірінші деңгейдегі капитал мына сомалар бойынша есептеледі: төленген жарғылық капитал; қосымша капитал; өткен

жылдардағы банкінің негізгі қызметі үшін сатып алынған және Халықаралық №38 «Материалдық емес активтер» қаржылық есепке сәйкес келетін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етумен материалдық емес активтерді есептемегендегі бөлінбеген таза кіріс (соның ішінде өткен жылдардың таза кірісі есебінен құрылған қорлар, резервтер); өткен жылдардың шығыны; ағымдағы жылдың шығысының ағымдағы жылдың кірісінен асып кетуі.

Екінші деңгейдегі капитал мына сомалар бойынша есептеледі: ағымдағы жылдың кірісінің көлемінің ағымдағы жылдың шығысының көлемінен асып кетуі; құнды қағаздардың негізгі қаржыларының қайта бағалау көлемі; тәуекелді есептей отырып өлшенген активтердің 1,25%-ынан аспайтын сомадағы жалпы резервтер (провизиялар) көлемі; бірінші деңгейдегі капитал сомасының 50%-ының меншікті капиталға жатқызылуы.

Банкінің меншікті капиталының жеткіліктілігі екі коэффициент бойынша сипатталады: 1) бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы үлесі шегінде алынған және екінші деңгейдегі капиталдың бөлігін меншікті капиталдың есебіне қосылатын, банкілік инвестицияның сомасына азайтылған инвестицияларды алып тастағандағы қатынасы (k_1); 2) меншікті капиталдың активтер, арнайы резервтер (провизиялар) сомасына, сонымен қатар екінші деңгейдегі капиталдың есебіне енгізілмеген жалпы резервтер (провизиялар) бөлігіне және банкінің меншікті капиталының (k_2) енгізілмеген есебінің екінші деңгейлі капиталдың бөлігіне деген қатынасы.

k_1 банкінің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті 0,06-дан, k_2 банкінің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті 0,12-ден кем болмауы керек.

Банк капиталы банкінің қызметін бастауы үшін қаржының алғашқы көзі болуы керек. Капитал банкінің өсуінің реттеушісі болып қызмет етеді, қаржы институттарының талаптарына сәйкес банкінің активтері мен пассивтерінің өсімін қамтамасыз етеді, банкінің өміршеңдігін нығайту үшін жағдайлар жасайды.

Капиталды тексергенде және оның барабарлығын (адекваттығын) сараптағанда міндетті түрде мыналар анықталуы қажет: 1. банкінің қаржылық капиталы көлемінің тіркелуі,

оның ҚР ҰБ бекіткен банкілердің жарғылық капиталының ең төменгі көлеміне сәйкес келуі; 2. заңға сәйкес жарғылық капиталдың дұрыс құрастырылуы; 3. меншікті капиталдың көлемі, оның құрылымы; 4. меншікті капиталдың (соның ішінде филиалдары мен есептік-кредиттік бөлімдерін қоса алғанда) ҚР ҰБ ең төменгі талаптарына сәйкес келуі; 5. меншікті капиталдағы бухгалтерлік есептің дұрыстығы; 6. активтерге және пруденциалдық талаптарға сәйкес тәуекел деңгейі бойынша өлшенген активтерге қатынасы бойынша капиталдың жеткіліктілігі; 7. капиталдың өзгеру серпіні, оның өсу және азаю себептері; 8. қаржы есептерінде көрсетілетін және ҚР ҰБ-не ұсынылатын мәліметтердің шынайылығы; 9. CAMELS рейтингілік жүйесінің талаптарына сәйкес капиталдың сандық және сапалық көрсеткіштерінің сараптамасы; 10. көлемінің төмендеуінің әлеуетті тәуекелдері мен капитал адекваттығының (барабарлығының) сараптамасы. Гипотеттік екінші деңгейдегі банкілердің капиталының барабарлығы келесі 5-кестеде көрсетілген.

5. Гипотеттік екінші деңгейдегі банкілер капиталының адекваттығы*

№	Көрсеткіш	01.01.01.	01.01.02.	01.01.03	01.01.04	01.01.05
1	2	3	4	5	6	7
1.	Бірінші деңгейдегі капиталдың жиынтық активтерге (қ) қатынасы	0,15	0,14	0,11	0,09	0,08
2.	Меншікті капиталдың тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтерге (қ) қатынасы	0,28	0,28	0,19	0,17	0,16
3.	Меншікті капиталдың жіктелетін активтерге деген қатынасы	0,24	0,27	0,77	0,15	0,21
4.	Меншікті капиталдың қарыздық қоржынға қатынасы	0,24	0,2	0,16	0,22	0,24

5.	Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	0,41	0,34	0,24	3,58	3,04
6.	Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	7,52	16,9	18	11,19	9,8

*Гипотеттік орталық банк стандарттары бойынша автор есептеп шығарған.

Банк секторының барабарлық көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталады. Соның ішінде k_1 жиынтық коэффициенті 0,15-ден 0,08-ге (нормативі – 0,06 болғанда) дейін азайды, k_2 0,25-ден 0,16-ға (нормативі – 0,12 болғанда) дейін азайды, бұл банкілік жүйенің жиынтық активтерінің өсу қарқыны оның капиталдануының өсу қарқынымен тығыз байланысты. Бұл банкінің қаржы институттары мен әріптестерінің банкротқа қарсы соңғы амалы болғандықтан – активтер мен пассивтердің өсу қарқыны меншікті капиталдың көлеміне барабар болуын талап етеді.

Қазақстан қаржы секторының Еуроодақтың стандарттарына көшуі қаржы ұйымдарына сонда бекітілген стандарттарды қолдануына мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстан банкілері үшін капитал бойынша пруденциалдық реттеу Германияның немесе Францияның банкілеріндегідей болса, Қазақстан Ұлттық банкі ақша рыногын реттеу үшін Еуропалық орталық банкідегідей реттеу механизмін қолданады.

Еуропалық одақ қаржы институттарының нарықты реттеуі Қазақстандағы қаржы нарығында қолдану үшін қабылданған халықаралық стандарттар негізінде жүзеге асырылады. Бұлар – халықаралық бухгалтерлік есептеу стандарттары, банкілік жүйе үшін Базельдік принциптер, сақтандыру нарығы үшін Халықаралық сақтандыруды бақылау ассоциациясының (IAIS) талаптары, Халықаралық есептесу банкісінің төлемдер жүйесіне қойылатын талаптары, құнды қағаздар нарығының реттеу принциптері, құнды қағаздар бойынша халықаралық ұйымы (IOSCO) және басқалар. Және бұлар – Еуропалық

валюта одағындағы ақша-кредит реттеудің ең бір тиімді жүйелерінің бірі, ал банкілік және сақтандыру нарығына деген талап өте қатаң. Бұл көбіне біртұтас валюталық кеністіктің болуымен байланысты. Сондықтан да Қазақстан қаржы нарығындағы даму моделінің неғұрлым прогрессивтік модельдерін ұстануы керек, бұған мысал ретінде Еуропалық одақтың стандарттарын алуға болады.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Z-статистика, вариациялау коэффициенті, стандартты ауытқулар, болжамның әдістемесі (VaR), вексель, акциялар, лимит, контрагент, құрал, капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптар, сақтандыру мен резервтендіру, Базель келісімі, капитал жеткіліктілігі нормативі.

Бақылау сұрақтары

1. Тәуекел-кірістілік қатынасын түсіндіріңіз.
2. Арнайы ерекшеліктері бойынша тәуекелдің бастапқы жеті тобы.
3. Тәуекелдің барлық түрін жинақтайтын банкілік тәуекелдің үш санатын атаңыз.
4. Тәуекелдің сандық бағалауы.
5. Тәуекелдің әдістерін тізіп шығындар және оларға түсініктеме беріңдер.
6. Кредиттеу лимиттері операциялардың қандай түрлеріне қойылатынын айтып беріңіз.
7. Тәуекелді сақтандырудың мәні неде?
8. Тәуекелдік активтердің коэффициенті қалай есептеледі?
9. Банкінің жиынтық капиталының құрамына не кіреді?
10. Тәуекелдік активтердің құрамы туралы айтып беріңіздер.
11. Банкінің меншікті капиталының жеткіліктілігін сипаттап беріңіздер.
12. 1-деңгейдегі капитал қалай есептеледі және оның мазмұны неде?
13. 2-деңгейдегі капитал қалай есептеледі және оның мазмұны неде?

3. БАНКІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ РЕЙТИНГІЛІК БАҒАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ХЕДЖЕРЛЕУ

Кредиттік тәуекел дегеніміз – займ мен қарыз алушы параметрлерінің қызметі. Әлеуетті қарыз алушы көрсеткен кредиттік ұсыныстың бағасы кредит беруші банкі үшін қажетті кредитті ұсыну кезіндегі тәуекел әр түрлі болады. Бұл жерде банкі өз қарыз алушыларына теңгерім, кіріс декларациясы және ақша ағындары туралы қаржы есептерінің жүргізілу тәртібін талап етуі керек. Банкілер бұл жағдайда, мұндай талаптар кредит беруші банкіге ғана емес, сонымен қатар бұл – кәсіпорынның қаржы жағдайын сәтті басқаруға мүмкіндік беретіндіктен, кредит алушыға да тиімді екендігі жөніндегі фактілерді атай отырып, сауат ашушы рөлді атқаруы керек.

Кепіл немесе кепілдеме түріндегі кредитті сенімді қамтамасыз ету басқа да өлшемдердің әлсіз жақтарын жеңуге көмектеседі. Ол үшін кепілдің сапасын назарға алу керек: жабдық қаншалықты ескірді немесе зақымдалды, ол қаншалықты өтімді және де нарықта қалай өтеді, инфляциядан қалай қорғалған; міндеттемелерін орындамаған жағдайда бұл кепілді заңды түрде алуға болады ма; кепіл мен кредиттің нарықтық құнының қатынасының шегі және оның қайта қарастырылуының жиілігі қандай?

Өндірісі дамыған елдерде кредит алушы сауда жасаушылардың төлеу қабілеті көбіне белгілі болғандықтан, соның негізінде кредит ала алады. Немесе олар қамтамасыз етілмеген және кепілденбеген кредит те ала береді.

Кепілге қарыз беру – бұл қарыз алушы жағынан кепіл активімен қамтамасыз етілген кредиттер. Бұл түрі қолданыстағылардың ішіндегі ең ескісі және кең танымалы болып қала беретін тәрізді. Мұның алдында, ертеректе кепілдік активтер жиі қарыз берушінің иелігіне ауысатын болса, қазіргі күнде

кепілдік активтер қарыз алушының иелігінде қалып, олар оны пайдалана береді. Бұл жағдайда активтерді кепілге қою цессия немесе құқықтарын беру арқылы – кредит беруші мен қарыз алушының арасындағы қарыз шарттары мен кепілдік активті байланыстыратын егжей-тегжейлі жазбаша келісімшарт негізінде жүзеге асады.

Физикалық кепілдіктермен қамтамасыз етілген қарыздар әдетте, қарыз беруші жақтан алаяқтыққа жол берілуі әлсіз қорғалған. Кредит беруші банкі қарыз алушының кредиттік келісімінің шарттарын орындауына, соның ішінде кепілдің бар екендігіне, оның қай жерде екендігіне; және оның жағдайына қырағылық танытуы керек.

Банкілер кепілдіктің әр түріне әдетте кредит беруші банкіде орналастырылатын қолма-қол ақша үшін 100%-дан бастап жоғары көтерілуі және кейде қорлар мен жабдықтардың белгілі бір түрлері (нарықтағы орны шектеулі және анықталуы қиын заттар) үшін 50%-ға дейін толқитын әртүрлі маржа орнатуы мүмкін. Бағыста толқудың нормативтік шегі болып жоғары сапалы құнды қағаздар үшін 80%-дан бастап жоғары сапалы есепшоттар мен мүліктер үшін 65-70%-ға дейінгі деңгейі саналады. Кепілдің нарықтағы құны мен өтімділігіне және таратылу жеңілдіне әсер етуі мүмкін қандай да болмасын жағдайлар мен олардың өзгеруін тексеріп отыру керек.

Кепілдік дегеніміз – қарыз алушы төлеуден бас тартқан жағдайда үшінші жақтың оның қарызын төлеймін деген жазбаша міндеттемесі. Егер де стандартты банкілік форма қолданылмайтын болса, онда кредитті қарастырушы қызметкердің заң бөлімімен бірге кепілдіктің заңдылығын да тексерген маңызды. Кепілдікті қарызды қайтару құралы ретінде қолдану кепілдіктің тәуекелін бағалау процесімен қатар кредит беруші банк қарыз алушыны да тексеруден өткізуді қажет етеді. Кепіл сияқты кепілдеме де кредиттің сапасын көтермейді, себебі ол төлемеу тәуекелін төмендетпейді. Сол себепті кредит ешқашан да бір ғана кепілдеменің негізінде берілмеуі керек.

Есепке алу жағдайынан алып қарағанда, кепілдік – шартты міндеттеме, яғни, ол кепілдің бейбаланстық бабы (статьясы) болып табылады. Кепілге байланысты кредиттік тәуекелді бағалау кезінде гаранттың баланстықпен қатар баланстық емес операцияларын да тексеру міндетті.

Сапа бойынша кредиттік рейтинг жүйесі – кредит беруші банкінің төленбеген кредиттеріне байланысты кредиттік тәуекелдің дәрежесін жүйелі түрде бағалаудың маңызды құралы. Мұндай дұрыс жасалған жүйе бір мезгілде жинақы және барлығын қамтушы жүйе болып табылады.

Банкілер әдетте, кредиттің сапа бойынша өз рейтингілерін жасайды және бір банкілер қарапайым схемаларды қолданса, кейбіреулері күрделірегін және егжей-тегжейлісін қолданады. Бұған қарамастан мақсат біреу: банкінің кредит бөлімінің кредит беруі мен оның бағасын бағалауда шешім қабылдау процесін жеңілдету.

Кредиттік тәуекелді анықтағанда біз оны әдейі төлем төлеуден бас тарту тәуекеліне, яғни қарыз алушының өзінің бастапқы кредиттік келісімде көрсетілген қарыздық міндеттерін төлей алмау сенімсіздігіне теңестірдік. Сонымен қатар төлемеу тәуекелінің ішіне банк клиенттері көптеген жағдайда банкінің өзі де ұшырауы мүмкін басқа да тәуекелдер енеді немесе солармен тығыз байланыста болады. Мұдай тәуекелдерге *өтімділік тәуекелі, қаржы тәуекелі және жобалық тәуекел* жатады.

Тәуекел-менеджменттің негізгі мақсаттарының бірі –

- 1) пайда әкелуші активтердің пайыздық кірісі мен міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар арасындағы пайыздық маржаға бақылау жасау.
- 2) Бұған сонымен қатар активтер бойынша алынған өлшенген орташа мөлшерлеме және міндеттемелері бойынша өлшенген орташа мөлшерлеме арасындағы айырма – спрэд көрсеткіштері жатады. Екі көрсеткіште де банкінің кірістері туралы берілген есептен алынады. Жоспарлау кезінде *ex ante* (болжанатын) сандар алынуы мүмкін.
- 3) Үшіншіден, бұл айырма (гэп) көрсеткіші, бұл банкінің активтері мен пассивтерінің жылжымалы немесе фиксацияланған мөлшерлемелі бейбаланстылығының көрсеткіші. Бейбаланс-

тылық нақты уақыт кезеңіндегі фиксацияланған мөлшерлемелі пассивтерден өзгермелі мөлшерлемелі активтердің тым көтеріліп кеткен сомасы ретінде көрінеді.

Пайыздық маржаның немесе пайыздық спрэдтің негізінде тәуекел (кредиттік және өтімділік) белгілі бір деңгейге жетеді, таңдалған деңгей неғұрлым биік болған сайын банкінің соғұрлым үлкен тәуекелдерге баруына тура келеді. Таңдалған мақсатты деңгейлер менеджмент күтілген экономикалық жағдайда қолдану дұрыс деп тапқан пайыздық мөлшерлемелердің, бәсекенің және тәуекелдің деңгейінің өзгеруіне байланысты кезең-кезеңдерде түзетіліп отырады. Маржаның деңгейі құрылымдағы банкі активтерінің өзгеруіне байланысты олардың ықпалына тәуелді болады, ал кейде олар оны анықтайды да. Пайыздық маржаны басқаруда банкілік операциялар нарығындағы, экономикадағы, пайыздық мөлшерлемелердегі, сонымен қатар активтер қоржынындағы тәуекел-кіріс қатынастарының өзгерістерін мұқият бағалап сараптау қажет.

Активтер мен пассивтердің қоржынын мерзімі бойынша баланстау тұрақты мақсат болып табылады, себебі ол банкіге пайыздық спрэдті фиксациялауға, яғни пайыздық тәуекелді бейтараптандыруға мүмкіндік береді. Бірақ кей жағдайда менеджмент мерзімдердің бейбаланстық қатынасы әлеуетті тартымды кіріс мүмкіндігін беретін болса, беймәлім спрэдтің тәуекелін таңдайды.

Қорларды баланстандырылмаған тартумен салыстыра қарағандағы баланстандырылған тартудың қарапайым нұсқасы б-кестеде көрсетілген.

6. Баланстандырылған және баланстандырылмаған кредиттер үшін кредиттер тарту*

	Мерзім	Кредит бойынша мөлшерлемелер*	Қаржыландыру мөлшерлемелері**	Спрэд
Ағымдағы нарықтық мөлшерлемелер	90 күн	20%	15%	5%
	180 күн	25%	20%	5%

	<i>Жалғасы</i>			
Болжанағын мөлшерлемелер (бүгінгі күннен бастап 90 күн)	90 күн	17%	12%	5%

* Негізі: автордың есептеулері

** Жылдық пайызбен көрсетілген

180 күнге кредиттеудің баламалы мөлшерлемелері: а) займдық қаржыларды 180 күнге тарту, $\text{спрэд} = 5\%$; б) займдік қаржыларды 90 күнге тарту, қайталау 90 күннен кейін жүргізіледі: $\text{спрэд} = 1/2 (10\% + 13\%) = 11\ 1/2\%$.

Инфляцияның пайызы жоғары көптеген елдер фиксацияланған мөлшерлеме бойынша кредиттеу жүргізуге дайын емес еді (ал салымшылар депозиттер бойынша фиксацияланған мөлшерлемелерді қабылдамады). Инфляция саяси және экономикалық тұрақсыздықпен қатар жүрген кезде пайыздық мөлшерлемелерді болжау тіпті мүмкін болмады. Осыған сәйкес банкінің активтері мен пассивтерінің қоржынын басқаруға активтер қоржынының мерзімін мүмкіндігінше баланстауға ұмтылуы керек.

Рейтинг әрдайым, ішінде мына мәселелер жағатын бірқатар факторларға негізделеді: кредиттің мақсаты; қарыз алушыға байланысты кредиттің көлемі және болуы мүмкін шығыстардың жалпы көлемі; қарыз алушы жұмыс істейтін сала; қарыз алушының қаржылық жағдайы және оның бұрынғы кредиттері.

Әртүрлі санаттағы банкілерде әдетте пайыздық маржаның деңгейі әр түрлі болады. Батыс елдерінің көпшілігіндегі ұсақ банкілердің пайыздық маржалары үлкен банкілердікіне қарағанда жоғары болады. Бұл біріншіден, пассивтердің көп бөлігін жиі сатып алуына тура келетін үлкен банкілермен салыстырғанда активке қатынасы бойынша негізгі «арзан» активтердің үлкен үлесіне ие болады. Екіншіден, көбіне үлкен тәуекелге баратын (және соған сәйкес ресурстардың құнынан кенірек спрэдті қажет етуші) тұтынушыларға шағын көлемдегі дербес кредиттер береді. Мұндай банкілерді АҚШ-

та бәсекелестігі аз ауыл шаруашылық аудандарының шағын елді мекендерінен де кездестіруге болады.

Соңғы жылдары Батыста жеке банкілердің, соның ішінде үлкен көпұлттық банкілерінің кредит төлемділігіне көбірек көңіл бөлінді. Бұл олардың әр уақыт сайын міндеттемелердің көлемін өсіру үшін (яғни кредиттік қуатын арттыру үшін) қарыздық міндеттемелердің (облигациялардың) нарығын пайдалануына байланысты. Бұл банкілердің қарыз алушы ретіндегі сапасы ресми түрде тәуелсіз рейтингтік агенттіктермен бекітіледі. Бұл рейтингілер оқтын-оқтын қайта қарастырылып отырады және нәтижесіне байланысты жоғарыға (жоғарырақ рейтинг) немесе төменге (төменірек рейтинг) өзгеріп отырады. Рейтингілер жайлы немесе жайсыз жаңалықтар мен оқиғалардың нәтижесінде аяқ асты өзгеруі мүмкін. Мұндай банкілер нарықта қаржы ауысуының құны негізінен олардың рейтингісі арқылы орнатылады.

Moody's Investors Service, Standard & Poor's, Fitch IBCA және басқалар халықаралық ірі рейтингтік агенттіктер.

Standard & Poor's агенттігі – 1860 жылы құрылды және барлық белгілі жарияланымдардың негізін қалаушы. Бұл агенттік халықаралық және ішкі нарықта рейтингтік қызметтің барлық түрін ұсынады және Нью-Йорк, Бостон, Вашингтон, Лондон, Токио, Стокгольм, Париж, Мадрид, Мельбурнде, Мексика мен Гонконгта өзінің офистері мен өкілеттіліктері бар.

Moody's Investors Service агенттігі 1900 жылы құрылды, өзінің қызметінің бас кезінде темір жол компанияларының, өндірістік және муниципалдық эмитенттердің облигацияларын рейтингтік бағалаумен айналысты. 70-жылдардың басында алғаш рет еуробондтарды шығару үшін рейтингтік зетттеулер жүргізді. Токио, Лондон, Париж, Сидней, Франкфурт және Мадридте офистері бар.

Fitch IBCA агенттігі екі рейтингтік компания – Fitch Investors Service L. P. и IBCA Limited-тің 1997 жылы қосылуы арқылы құрылды. Бұл компания бағалаулары әлемдегі қаржы мекемелері үшін жөн деп қабылданатын ғаламдық (глобалдық) рейтинг агенттіктерінің үштігіне енеді. Fitch IBCA 1000-нан

аса банкілер мен қаржы мекемелеріне, 400 корпорация мен 50 елге өз рейтингілерін анықтады. Агенттіктің жылдық табысы 150 млн АҚШ долларынан асады, әлем бойынша 20 шақты офисі мен өкілеттіктері бар.

Екінші деңгейдегі банкілердің халықаралық рейтингіні алуы үшін елдің ұлттық рейтингісін алуы керек. Қазақстан Республикасы халықаралық рейтинг агенттіктерінен кредиттік рейтингіні 1996 жылдың қарашасында алды.

Қаржы саласында рейтинг беруге маманданған ірі агенттіктердің бірі Thomson BankWatch Bree 94 елде 1000-нан аса қаржы институттарына рейтинг берді және олардың мониторингісін жүйелі түрде жүргізіп тұрады. Қазақстанда тәуелсіз рейтингіден басқа бұл агенттіктен «Қазкомерцбанк» Қазақстанның Халық банкі және «ТұранӘлем» банкі бағасын алды.

Бұл агенттіктер рейтингілердің келесі түрлерін береді: *кредиттік рейтинг* – өзінің міндеттемелерін төлей алуы эмитентінің жалпы мүмкіндіктерінің бағасы; *эмиссияның кредиттік рейтингісі* – берілген қаржы бағдарламасы, қаржы міндеттемелерінің типтері мен қаржы бағдарламасына қатысты эмитенттің кредит төлеу қабілеттілігін ағымдағы бағалау; *мамандандырылған рейтингілер* – банкілік кредиттерге арналған рейтингілер (әдетте синдицияланған займдар мен жобалық қаржыландыруды іске асырғанда қолданылады – мұнда міндеттемелерін орындамаған жағдайда кепілдіктің құнын сараптай отырып, инвесторға қарызды өтеу мүмкіндігін бағалайды), *құнды қағаздарды жеке сатулардың рейтингісі* – мұнда кредит берушілердің тәуекелдерін азайту үшін қосымша келісімшарттар мен кепілдік қамтамасыз етулерді бағалайды.

Рейтингілік агенттіктер әлемде болып жатқан барлық өзгерістерге сергек қарайды. Бұған Азияда және Ресейдегі қаржы дағдарыстарының нәтижесінде кейбір мемлекеттердің тәуелсіз рейтингілерінің өзгеруі мысал болады. Ресейдің мемлекет ретіндегі рейтингісі ВВ-дан ССС-ке (Standard & Poor's) дейін және В3-тен В3-ке (Moody's) дейін төмендеді; Украинаның рейтингісі В2-ден В3-ке (Moody's) дейін төмендетілді. Сонымен бірге

Moody's агенттігі Жапония, Қытай, Гонконг, Малайзия сияқты Азия-Тынық мұхиты аймағы мен Колумбия мен Мексика сияқты Латын Америкасы мемлекеттерінің рейтингілерінің төмендеуі мүмкін екендігін болжайды. Қаржы дағдарыстарының кері әсері біздің республикамызда да көрінді – Қазақстанның тәуелсіз рейтингісі Standard & Poor's агенттігімен –BB-дан +B-ға дейін бір пунктке төмендетілді, Moody's агенттігі әзірге бұрынғы деңгейде қалдырды, бірақ та рейтингінің төмендеуі болжанады (Under review for downgrade).

2004 ж. 04 сәуірдегі калып бойынша Қазақстан банкілеріне жетекші рейтинг агенттіктері мынадай рейтингілер берді (7-кесте).

7-кесте. Жетекші батыс агенттіктерінің ҚР жетекші банкілеріне берген рейтингілерінің болжамы*

Банкінің/ агенттіктің атауы	S&P Шетел валютасында/ Болжам	FitchMBCA Long Term Deposit Rating Ұзақ мерзімдік болжам	Moody's 01.04.2004 жылға Long Term Deposit Rating /Ұзақ мерзімдік
1	2	3	4
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ			
Альянс банк	Жоқ	Жоқ	Ba3
Альфа банк	Жоқ	Жоқ	Ba3
АТФ банк	Жоқ	+B/Тұрақты	Ba2
Евразия банкі	Жоқ	Жоқ	B1
Каспий банкі	Жоқ	-B/Позитивті	Ba3
Лариба банкі	-B/Тұрақты	Жоқ	Жоқ
Қазақстанның Даму банкі	+BB/Тұрақты	+BB/Позитивті	Baa3
ТуранӨлем банкі	-BB/Тұрақты	Жоқ	Ba1
ЦентрКредит банкі	Жоқ	+B/Тұрақты	Ba2
Қазкоммерцбанк	-BB/Тұрақты	BB/Тұрақты	Ba1
Халық Жинақтық банкі	+B/Тұрақты	-BB/Позитивті	Ba1
Нұрбанк	-B/Тұрақты	Жоқ	Ba3
Тексака банк	Жоқ	Жоқ	B1
Темирбанк	Жоқ	B/Тұрақты	Жоқ

*Әдеби негіздердің мәліметтері арқылы автор құрастырған.

Халықаралық рейтингілерге ие болу қандай да болмасын банкінің имиджіне және неғұрлым арзан кредиттік ресурстар алуына үлкен ықпал етеді.

Алшақтықты басқару дегенді пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімтал активтер мен пассивтердің мәліметтерін басқару деп немесе пайыздық мөлшерлеменің өзгеру кезеңінің уақытындағы пайыздық маржаны барынша көтеру (максимизациялау) стратегиясы деп айқындауға болады.

Мөлшерлемелері өзгермелі активтер мөлшерлемелері өзгермелі пассивтерден асып кетсе (жағымды «гэп»), ол жағдайда пайыздық мөлшерлеменің құлдылауымен бірге пайыздық маржа да құлдылайды, ал егер пайыздық мөлшерлеме өсетін болса маржа да өседі. Өзгермелі мөлшерлемелі пассивтер өзгермелі мөлшерлемелі активтерден (жағымсыз «гэп») асатын болса, онда пайыздық мөлшерлемелердің құлдырауымен маржа өседі, ал мөлшерлеме өссе – маржа төмендейді.

Пайыздық тәуекелдің деңгейі пайыздық маржа мен спрэдке әсер ететін болғандықтан ол алшақтықтың көлемі мен бағытына, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру жылдамдығы мен ұзақтығына байланысты болады.

«Гэпті» табысты басқару пайыздық мөлшерлеменің болашақтағы қозғалыстарын оң болжауды талап етеді.

Қадамның бастауы ретінде активтер мен міндеттерді үш категорияға бөлеміз: 1) мерзімдері бойынша балансталған, толқымалы және фиксацияланған депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемеге байланысты бір рет төлеп өтелетін 90 күндік кредит дегеніміз – мерзімдері бойынша балансталған қаржыландыру операциясы. 2) Өзгермелі мөлшерлемемен жасалынатын мәміле көбіне балансталған, мысалы мерзімді өтеу төлемдерімен немесе оларсыз, бірақ мерзімді, мысалы тоқсан сайынғы пайыздарды қайта қарайтын екі жылдық кредит түрінде болады. 3) Пайыздық тәуекелдің алдын алу үшін кредит беруші бұл кредиттерді баланстау туралы шешім қабылдауына болады – кредиттің әрбір сәйкес сегменттерін ресурстармен қамтамасыз ету үшін табыспен алынған ақшалар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қайта қараудың сома-сын, мерзімін, мезгілін баланстауы керек.

8. «Гэпті» басқару мысалы (төмен пайыздық мөлшерлемелі кішкентай «гэп»)*

Активтер	Міндеттемелер	Спрэд	Маржа (млн долл.)
Мерзімдері бойынша тенгерілген активтер - 15%-бен берілген 50 млн долл	Мерзімдері бойынша тенгерілген ресурстар - 13%-бен берілген 50 млн долл	2%	1.0
Мөлшерлемелері өзгермелі 16%-бен берілген 200 млн долл	Мөлшерлемелері өзгермелі ресурстар 13%-пен берілген 200 млн долл	3%	6.0
Мөлшерлемелері өзгермелі активтер 16%-бен берілген 200 млн долл	Мөлшерлемелері бекітілген қаржылар 12%-пен берілген 200 млн долл	4%	8.0 «гэп»
Бекітілген мөлшерлемелі активтер 16%-бен берілген 800 млн долл	Мөлшерлемелері бекітілген қаржылар 12%-пен берілген 800 млн долл	4%	32.0
Барлығы: 1250 млн долл	1250 млн долл	3.76%	47.0

* Автордың есептеуі.

Бірақ өзгермелі мөлшерлемелі операциялардың барлығы бірдей мерзімі бойынша баланстауға мүмкіндік бере бермейді. Әдетте, мөлшерлемесі орталық банкінің қаржыландырған мөлшерлемесіне негізделген, бірақ үш айлық депозит есебінен қаржыландыратын кредит «гэпке» алып келеді. Мөлшерлемелері фиксацияланған кредиттердің мөлшерлемелері фиксацияланған міндеттемелермен үйлесетін мөлшерлемелері фиксацияланған мәмілелер де болады. Бұл жағдайда мерзімдері бойынша тенгерімдеу дәрежесіне байланысты «гэп» (алшақтық) жасалынуы немесе жасалынбауы мүмкін.

«Гэпке» байланысты ситуацияның пайда болуы нәтижесінде (8-кестедегі) банк пайыздық мөлшерлеменің болжауына байланысты активтер мен міндеттемелерін басқарады. Мысалы, егер де пайыздық мөлшерлемелердің құлдылауы күтілетін

болса қоржындағы тартылған өзгермелі мөлшерлемелі қорлардың үлесін көбейту қажет және мөлшерлемелері фиксацияланған активтердің үлесін өсіру керек, осы жағдайлар арқылы таза пайыздық маржа көбейтіледі.

Егер де банк оң «гэптің» көлемін (200 млн долл.) азайтқысы келсе немесе банкіде теріс «гэп» бар болатын болса, онда оны өсіреді. Егер де болжам пайыздық мөлшерлемелердің өсуі туралы айтылатын болса, онда банк өзгермелі мөлшерлемелі активтер қоржынын және фиксацияланған пайыз арқылы алынған ресурстар үлесін, яғни оң «гэптің» көлемін өсіре алады (9-кесте).

9. «Гэпті» (үлкен пайыздық мөлшерлеме жағдайындағы үлкен «гэп») басқару мысалы*

Активтер	Міндеттемелер	Спрэд	Маржа (млн. долл.)
Мерзімдері бойынша балансталған активтер – 20%-бен берілген 50 млн долл.	Мерзімдері бойынша теңгерілген ресурстар 18%-бен берілген 50 млн долл.	2%	1.0
Мөлшерлемелері өзгермелі активтер – 21%-бен берілген 200 млн долл.	Мөлшерлемелері өзгермелі ресурстар – 18%-бен берілген 600 млн долл.	3%	6.0
Мөлшерлемелері өзгермелі активтер – 21%-бен берілген 600 млн долл.	Мөлшерлемелері фиксацияланған қаржылар – 15%-бен берілген 600 млн долл.	6%	36.0 «гэп»
Мөлшерлемелері фиксацияланған активтер – 19%-бен берілген 400 млн долл.	Мөлшерлемелері фиксацияланған қаржылар – 15%-бен берілген 400 млн долл.	4%	16.0
Барлығы: 1250 млн долл.	1250 млн долл.	4.72%	59.0

* Автордың есептеулері

Көрсетілген мысалда банк спрэд пен таза пайыздық маржаның көлемін біршама өсіре алды. Егер де пайыздық

мөлшерлеменің болжауы қате болып, мөлшерлемелер кері бағытта өзгертін болса, онда нәтиже де кері бағытқа өзгерер еді: оң «гэп» және спрэд пен пайыздық маржа да күрт күділап кетеді. Осы ретте болжау мөлшерлемелердің іс жүзінде бірден өзгере алмайтынын ескеру керек. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру бағыты дұрыс болжанған кезде оның өзгертін уақыты нақты анықталмауы да мүмкін. Болжаудың уақыттық аспектісі ең қиын болжанатын жай. Стратегияны қолдану спрэдтің өзгерістерін пайдалану басымдылықтарын қолдануға мүмкіндік беретін пайыздық кезеңді қажет етеді.

Жоғарыда көрсетілген стратегияларды қарастырғанда банкінің әр уақыттағы бірінші кезектегі міндетін – банкі орнатқан тәуекел параметрлері шеңберінде таза пайыздық маржаны өсіруді есте сақтау аса маңызды. Активтер мен пассивтерге тән пайыздық мөлшерлемелер мен тәуекел дәрежесі – банк ықпал ете алмайтын және олардың болашақтағы бағытын болжау қиын сыртқы күштер айқындайтын ауыспалы ауқымдар.

Пайыздық фьючерстер мен хеджерлеу пайыздық тәуекелді басқарумен тікелей байланысты. Олар бір-бірімен байланыста болады: фьючерстер хеджерлеумен үнемі байланыста болмаса да, хеджерлеу процесіне фьючерстерді пайдалану енеді. Сонымен қатар фьючерстер әлемнің дамыған барлық елінде арнайы нарықтарда сатылатын қаржы құралы болса, ал хеджерлеу – фьючерстермен байланысты процесс.

Хеджерлеу кезінде физикалық тауар немесе қаржы активтері мен пассивтері құнының болашақтағы өзгеру тәуекелі оларды сатып алу жөніндегі қарама-қарсы мәмілелер толықтай немесе жартылай бейтараптандырылып, үшінші жақпен жасалатын келісім арқылы толықтай немесе жартылай сақтандырылуы мүмкін.

Хеджерлеудің мысалы болып пайыздің жоғары шегі бар кредит қызмет ете алады. Қарыз алушы қозғалмалы мөлшерлемеге келісе отырып, банкімен кредиттік келісім жасайды. Қарыз алушы банк кредитінің іске асу мерзімі ішінде алып отыратын «көбігін» немесе «жоғарғы деңгейін» есептей

отырып, пайыздық тәуекелді қысқартуды өзі шешеді. Кредиттеуші банк пайыздық тәуекелдің бөлігін қарыз алушыдан жоғарғы деңгейде өзіне аударады. Бұл үшін банкі әдетте ақысын жоғарырақ пайыздық мөлшерлеме түрінде алады, яғни банк немесе басқа да базалық мөлшерлеме үшін ресурстар құнынан пайыздық спрэдті көбейтеді.

Фьючерс дегеніміз – бұл бір жағынан физикалық тауарды немесе қаржы активін сатушы мен сатып алушының және екінші жағынан фьючерстік биржамен клирингілік палатаның арасындағы форварттық келісімшарттың (келісімнің) арнайы формасы. Мұның басымдылығы – мұндай келісімшарттар үшін қайталама нарықтың болуында. Ал форвардтық келісімшарттар үшін мұндай нарық болмайды.

Фьючерстік биржалар өндіріс әлемінің басты коммерциялық және қаржы орталықтарында орналасқан. Олардың неғұрлым ірілері іс жүзінде барлық әлем сатушылары мен сатып алушылары сатып алған немесе сататын тауарлары туралы биржа мүшелеріне (брокерлерге) бұйрық бере отырып мәмілелер жасасатын бүкіләлемдік биржа болып табылады. Кейбір негізгі фирмалар мен олардың ерекше тауарлары мыналар: Чикаго тауар биржасы (ЧТБ) – АҚШ үкіметінің астық, құнды қағаздары, пайыздық мөлшерлемелері; Нью-Йорк тауар биржасы (НИТБ) – металдар; Чикаго сауда биржасының Халықаралық ақша нарығы (ЧСБ) – еуродолларлар мен шетел валюталары; Лондон Қаржы фьючерстерінің халықаралық биржасы (ЛҚФХБ) – валюта мен пайыздық фьючерстер. Фьючерс саудасына мыналар енеді: а) Келісімшарт шартын стандарттау. Келісімшарттың бағасы мен санынан басқа шарттары стандартты болып келеді, мысалы әрбір келісім-шарттың көлемі, жеткізу мерзімі, маржасы, сауда лимиттері және т.б.). б) Барлық келісімшарттардың орындалуы биржаның клирингілік палатасымен кепілденеді. в) Тездетіп сатылатын өнімдер үшін келісімшарттарды жеткізу мерзіміне дейін (қарама-қарсы мәміле жасауды атқару жолы арқылы позицияны жабатын) сатуға мүмкіндік беретін біршама көлемді қайталама нарығы бар.

Пайыздық фьючерстерге болашақта келісілген мерзімге (жеткізу мерзіміне) қаржы активтерінің белгілі бір санын жеткі-

зуді жүзеге асыру міндеттемесі енеді. Мұндай активтерге уақыт мерзімі әр түрлі немесе валюта түріндегі әр түрлі депозиттері бар үкіметтің құнды қағаздары енуі мүмкін. Батыста пайыздық мөлшерлемелердің тұрақсыздығының күрт өсуіне байланысты қысқа және ұзақ мерзімді қарыз беру құралдарының бағасының тұрақсыздығы да күрт өсіп кетті. Банкілерге келетін болсақ, кредитті іс жүзінде пайдалануға дейінгі мерзімнен бұрын қалыптасқан пайыздық мөлшерлемелері бар шарттарға деген сұраныс соған сәйкес пайыздық мөлшерлеменің аяқ асты өзгеруі тәуекелін хеджерлеудің тиімді механизмдеріне деген сұранысты туғызды. Кері жағдайда көлемі әлі белгісіз болашақ пайыздық міндеттемелері бар банкілер, мысалы, мөлшерлемесі үш айлық еуродолларға негізделген жылжымалы мөлшерлеменен кредит алған банк фьючерстік келісімшарт жасап, болашақтағы белгісіздік мөлшерлемесінен сақтана алады.

Еуродолларлық фьючерстік келісімшарттар 1 млн АҚШ доллардық атаулы құнға ие болады, ол үш айлық еуродолларлық депозиттерге (негізінен банкаралықтарға) негізделген.

Келісімшарттың мерзімі тоқсан сайын (наурызда, шілдеде, қыркүйекте және желтоқсанда) аяқталады және олармен жасалатын сауда күн сайын жүріп жатады. Иелері мерзімі біткенше ұстайтын келісімшарт мүлдем болмайды деуге болады, себебі олар негізінен хеджерлеу құралы ретінде қолданылады. Сатудың соңғы күні – жеткізу айының үшінші сәрсенбісінің алдында Лондонда екі операциялық күн ішінде өтеді. Кассалық есеп сатудың соңғы күні Лондон еуродолларлық нарықтың 20-дан аса ірі банкілерінің ішінен еркін таңдалған 12 банкінің орташа үш айлық ЛИБОР котировкасына негізделген. Мөлшерлемелер екі рет: фьючерстермен сауданың жабылуы кезінде және сауданың соңғы 90 минуты ішінде еркін таңдап алған уақыт ішінде алынады.

2004 жылы Бірінші Коммерциялық Банк (БКБ) Чикагоның Континенталдық Банкісінен (КБ) еуродоллармен ЛИБОР-дың 90 күндік мөлшерлемесінен 1 пайыз жоғары мөлшерлеменен үш жылдық жылжымалы мөлшерлемелі 1 млн доллар кредит алды деп жорамалдайық.

Мөлшерлеменің қайта қарастырылатын күні 2005 жылдың 16 қыркүйегі, бұл күні сонымен қатар 2005 жылдың қыркүйегіндегі еуродолларлы фьючерстік келісімшарттың жеткізу күні болып шықты.

2005 жылғы 23 маусымдағы кеңесте БКБ-нің активтер мен пассивтер бойынша комитеті пайыздық мөлшерлемелердің перспективаларын талқылады және бірауыздан болжам бойынша – еуродолларлар бойынша 90 күндік мөлшерлемелер бүгінгі күннен бастап қыркүйектегі жеткізу мерзіміне дейін ағымдағы жылдық 4%-дан жылдық 4,75%-ға дейін өседі деп шешті. Банк өзін өсу тәуекелінен сақтандыруды шешеді де, кассалық департаменттің қызметкеріне қажетті фьючерстік келісімшартты сатуға бұйырады.

Келесі күні, 2005 жылдың 24 маусымында менеджер Чикагодағы брокерімен байланысып, қыркүйек айына еуродолларлы 90 күндік келісімшарт Халықаралық ақша рыногында қыркүйекте жеткізетін 90 күндік келісімшарт бойынша нарық күтіп отырған 4%-дық мөлшерлемені көрсететін 96,00 индекстік құнына бағаланатынын біледі. БКБ мөлшерлеме 75 базалық пунктке өседі, яғни келесі бірнеше айдың ішінде қыркүйектік фьючерстер 95,25-ке дейін түседі деп жорамалдап, қыркүйек айының он келісім-шартын сатуға бұйрық береді.

БКБ-нің Континенталдық банкіге төлейтін жылдық 4%-бен 2005 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында 100 000 долларға тең болады. Басқа жағынан алғанда, егер де мөлшерлеме 4,75%-ға өсетін болса, міндеттеме 118 750 долларға дейін, немесе қосымша 19 750 долларға өсіп кетеді. Бұл 18 750 доллар БКБ сақтанғысы келетін жайт. БКБ мөлшерлемелердің 75 базалық пунктке (немесе 75 «белгіге») өсуін күтеді. Әрбір базалық пункт (3-айлық келісімшарт үшін) 25 доллар тұрады (жылына 100 доллар), соған сәйкес 75 базалық пункттің құны (келісімшарт үшін) $75 \times 25\$ = 1875\$$ долларға тең болады. Он келісімшартты сату пайыздық мөлшерлеменің 75 пунктіне өсіру мүмкіндігін хеджерлеуге жеткілікті.

Егер де БКБ болжамы дұрыс болса, БКБ біріншіге кері мәміле жасайды және 95,25 индекстік құнымен он келісімшарт сатып алады (бірінші сатылымды жабу үшін). Осылайша банк 75 базалық пункткі кіріс түсіреді, яғни пайыздық міндеттеменің өсуі күтілген сомасын – бір тоқсанға 10 келісімшарт үшін 18 750 доллар алады. Пайыздық мөлшерлемелерді хеджерлеу туралы шешімнің аркасында банк еуродолларлық кредиттің келесі үш айлық кезеңі үшін 4%-дық тиімді мөлшерлеме ала алды. Егер де БКБ болжамы дұрыс болмай, пайыздық мөлшерлемелер көтерілудің орнына құлдылап кетсе, онда банк фьючерстермен жасалған барлық ақшасын жоғалтып, пайыз жағынан алғанда ұтар еді.

Осыдан келесі нәтижелерді шығаруға болады: а) Хеджерлеу болжаудың дұрыс-бұрыстығына қарамастан, болашақ кірістерден немесе шығыстардан сенімді қорғайды. ә) Келісімшарттар үшін баға 2008 жылдың желтоқсанына дейін және одан да әрі котировкаланатын болғандықтан, БКБ кредит бойынша операцияның әрбір бөлімі үшін фьючерстермен операцияны жалғастыра беруіне болады. б) Пайыз бойынша болашақ міндеттемелерді талаптар мен қарыздарды өтеудің негізгі сомалары сияқты хеджерлеуге болады. в) Фьючерстік келісімшарттарды жеткізу мерзіміне дейін қайта сатып жіберу керек, себебі кері жағдайда келісімшартқа қол қойған жақ келісімшартты жеткізуді тұтастай жүзеге асыруына немесе қабылдауына тура келеді. г) Фьючерстік келісімшарттар үшін кепілдік төлемдер мерзімі келісімшарт жасасқаннан соң бес операциялық күннің мөлшерінде, олардың мөлшері келісімшарт көлемінің 5-10%-ын құрайды. ғ) Мәміле бойынша және басқа да шығыстар фьючерстермен мәміле жасаудың шыннайы кірісін азайтады. Олардың ішіне егер де фьючерстердің құны нақты бағадан жылжитын болса (келісімшарттар әр операциялық күннің аяғында «нарықпен салыстырылады»), мүмкін болуы кепілдік төлемдерді қоса алғандағы брокерлік сыйақылар мен комиссияға төленетін брокерлердегі есепшоттарды демеп тұру қажеттілігі енеді. д) Кішкентай пайыз брокердегі есепшот бойынша төленеді.

Қаржы фьючерстері мен «туынды құралдар» деп аталушылардың (негізінде қаржы активтері мен пассивтері жататын өнімдер) сипаттары күрделі. Бұл құралдың тез өсіп келе жатқаны сонша, банк және қаржы департаментінің басшылығының активтер мен пассивтерді басқаруда қолдану үшін олармен жеткілікті түрде таныс болуын талап етеді.

Соңғы онжылдықтарда пайыздық своптар Батыс банкілерінің көпшілігінде қолданып жүрген қаржы туындаушылардың бірі ретінде неғұрлым тез өсушілердің қатарына жатады. Пайыздық своп – коммерциялық банкі мен оның корпорациялық клиенттерінің бірінің арасындағы нақты, алдын-ала келісілген сомаға пайыздық төлемдер айырбасы туралы мысалындағы жай ғана келісімшарт. Неғұрлым нақтылай айтсақ, бір жақ екінші жаққа белгілі бір сома үшін фиксацияланған пайыз төлейді және екінші жақ жылжымалы пайыздық мөлшерлеме үшін төлем алады. Пайыздық своптың қызметі – пайыздық мөлшерлеменің тәуекелін басқаруды жақсарту немесе займ бойынша жалпы шығындарды төмендету.


Своптар қолданыстағымен қатар жаңа кредиттерге де қолданылуы мүмкін. Валюталық своп мүмкін болуы үшін қатысушы жақтар арасындағы кредит сапасында біршама айырма болуы міндетті, бұл 0,75 % және одан да жоғары займдық пайыздық мөлшерлеме айырмасынан көрінетін болады. Свопта жылжымалы мөлшерлеме бойынша пайыз төлейтін жақтың әдетте рейтингісі жоғарырақ болады; ол жақ кредиттік рейтингі азырақ жақтан тіркелген (фиксацияланған) пайыздық төлем алады.

Пайыздық своптың мысалы 9-суретте көрсетілген. Халықаралық банк (ХБ) АБ корпорациясына пайыздық свопты мына жайлар үшін ұсынады: а) АБ-ға корпорацияның өзінің төмен рейтингісі себебінен ала алуы мүмкіндігінен жоғары арзан қаржыны 7 жылға ұсынады. б) 6 айлық ЛИБОР-ға қаржыландыру мөлшерлемесін бекітеді. с) АБ-дан своп үшін 1% комиссия алады. Бұл үшін келесі кадамдар жасалуы керек: МБ шетел банкісімен АБ алдын ала келісілген 8,5% фиксацияланған мөлшерлемелі сомаға (50 млн долл.) кредит

ұсынуы ұзақ мерзімдік кредитпен келіседі; АБ ХБ-ға бұл кредит бойынша 8,5% төлеп отыруға келіседі. АБ бір мезгілде 3,25% нарықтық мөлшерлеме бойынша жалпы сомасы 50 млн долл. 180 күндік коммерциялық қағаздар шығарады; ХБ АБ-ға 6 айлық ЛИБОР мөлшерлемесін (3,5%) төлеуге келіседі. АБ ХБ-ке свопты ұйымдастырғаны үшін мәміленің аяқталуына дейін-ақ 1% көлемінде сыйақы төлейді.

Қалқымалы мөлшерлеме

Фиксацияланған мөлшерлеме



7-сурет. 50 млн доллар сомасына жеті жылдық пайыздық своп

Келісімшарт нәтижесі төмендегідей болады. АБ үшін: корпорация фиксацияланған своптың соңында 75 базалық пункт үнемдеді. Басқаша жағдайда оған өзінің төмен рейтингісін есепке ала отырып қаржы үшін жеті жыл бойы кем дегенде 9,25% төлеуге тура келер еді. АБ төлеуге міндетті (3,25%) және ХБ-дан алатын ЛИБОР мөлшерлемесі (3,5%) коммерциялық қағаздар бойынша мөлшерлемелер айырмасынан 25 базалық пункт табыс тапты.

Сыйақы шығындары (1,0%) 7 жылға арналған облигацияларды шығару шығыстарына қарағанда төмен болып шықты.

ХБ үшін: ол бірден 500 000 долл. көлемінде сыйақы алады және мәміледен – ЛИБОР жағынан жинақ алуы мүмкін. Егер де банк нарықта өзі қарызға алса, ЛИБОР тағы 1/8 % төлеуіне тура келер еді.

ХБ ЛИБОР мөлшерлемесін төлеуге дайын, себебі оның құнды қағаздар нарығына шексіз қолжетімділігі жоқ және банк ЛИБОР-ға байланған өзінің кредиттерінің бөлігін осы мөлшерлеме арқылы қарызға алған қаржы арқылы қаржыландыруға мүдделі.

Көрсетілген мысал бойынша іс жүзіндегі сомаларды АБ мен ХБ кредит ретінде алды. Соған қарамастан теңгерімнің қолданыстағы баптары үшін де своптар ұйымдастырылады. Бұл жағдайда сөз шынайы атаулы сомалар туралы ғана болады. Своптың мәнінде әлеуетті төлемеу тәуекелі жатыр. Бұл жағдайда алған жақтың төлеуден бас тартпау туралы міндеттемесінің күші жоғалады. Своптарға байланысты қаржыландырудың қандай да болмасын тәуекелі әдетте хед-жерлеу арқылы бейтараптандырылуы мүмкін.

Валюталық нарық (бір валютаны екіншісіне ауыстыратын) биржалық емес нарыққа жатады, яғни саудаласушылардың кездесу орны болмайды. Ұлттық валютаны басқа валютаға айыр-бастау арқылы сатып алғысы келетін жеке тұлғалар, фирмалар, және мемлекеттік мекемелер осы нарықтың қатысушылары болады. Мәміле жасағанда олар негізінен делдалдарды (брокерлерді) – ірі әлемдік коммерциялық банкілерді пайдаланады. Қазіргі заманғы жетілген электрондық коммуникациялардың қол жетімділігі себебінен валюталық рынок шын мәнінде бүкіләлемдік рынокқа айналды, операциялар тәулігіне 24 сағат бойы жүріп жатады.

Валюта «спот» (тап сол жерде немесе екікүндік есептесу бойынша), «своп» (банк арасында спот/форвард) немесе банкі мен клиент арасында «форвард» «аутрайт» шарттарымен сатылады.

Валюталық тәуекелге өтемақы төлеу позициясын жасау енеді; басқа сөзбен айтқанда, түсім немесе шығынның бір валюталық тәуекелін соған сәйкес басқа тәуекелмен өтеу.

Мысал ретінде АҚШ-тың ИБМ компьютерлік жүйесін Германиядағы «Машиненфабрик Нюрнберг» (МАН) АҚ-на 25 млн еуроға сатқанын алайық. Келісімшарт тәртібі бойынша, МАН келісімшарт жасалғаннан кейін бір жылдан соң төлем жасауы керек, ол 2004 жылғы 15 мамыр күні жасалды. ИБМ еуроны долларға айырбастауы (конвертациялауы) керек. Еуроның бағамы 2005 жылдың 15 мамырында қандай болатынын білмегендіктен компания валюталық тәуекелмен (компания оны хеджерлеуге ынта білдіреді) бетпе-бет келеді. Мұны екі тәсіл арқылы жасауға болады:

25 млн еуроны 1 еуро = 0,594 доллар жылдық форварттық бағамы бойынша 2000 жылдың 15 мамырында форвартпен жеткізіп сатуға болады, бұл ИБМ-ге 2005 жылдың 15 мамырында 14 850 000 доллар әкеледі (споттың ағымдағы бағамы 1 еуро=0,6 доллар). ИБМ, әрине, 2005 жылдың 15 мамырында еуро/доллар споты бағамының қанша боларын білмейді. Келісім-шарт жасап, компания тек қана 14 850 000 доллар алатынына ғана сенімді. Егер де фирманың өз болжауы бойынша 2005 жылдың 15 мамырында спот бағамы 0,594 доллардан жоғары болуын болжаса, онда фирма хеджерлеу, яғни валюталық тәуекелді сақтау туралы шешім қабылдауына болады.

Доллар мен еуро жылдық пайыздық мөлшерлемелеріне сәйкес 5% және 4% долларға тең деп елестетейік. ИБМ бір жылға 5% бойынша еуромен 25 млн = 23,8 млн еуро кредит алады және алынған ақшаны 1 еуро = 0,6 доллар еуро/доллар спотының ағымдағы мөлшерлемесі бойынша сатады және бір мезгілде спот/форвард келісімшарты бойынша форвард еурсын сатып алады. 14 280 000 сомасы жылдық 4%-бен АҚШ ақша рыногында инвестицияланады, бұл төлемдерді жабу сомасы мен пайыз түрінде 14 850 000 доллар береді. ИБМ 2005 жылдың 15 мамырында МАН-нан сатуға жасалған келісімшарт бойынша 25 млн еуро және сол бойынша жылдық бағам 0,594 болса, компания 14 850 000 доллар алады.

ИБМ пайыздық арбитраж мүмкіндігі болатынын сезсе ақша рыногында хеджерлеу жасайды: бұл шетел валютасын

бір мезгілде сату-сатып алу арқылы пайда түсіру мүмкіндігі. Мысалы: спот мен форвард бағамы бұрынғыдай, бірақ еуро бойынша пайыздық мөлшерлеме 5% емес, 4,75% деп ойлайық. ИБМ-нің қаржы менеджменті тез арада пайда мүмкіндігін көреді.

Компания қазіргі кездегі құны 25 млн еуроны қарызға алады, ол $25/1,0475 = 23,87$ млн еуроға тең. Сол қадамдардан өте отырып, компания ең соңында өтеу төлемі мен пайызы ретінде 14 893 000 доллар алады, бірақ ол алғашқы форвардтық келісімді жабу үшін 25 млн. еуро үшін небары 14 850 000 доллар төлеуі тиіс. Қысқаша айтқанда, ИБМ аудару барысында 43 000 доллар пайда алады.

Пайыздық арбитраж мүмкіндігі пайыздық теңдестіктің болмауына әкеледі. АҚШ-тағы және Германиядағы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырмашылықтармен спот және форвард бағамы (еуро/доллар) айырмашылықтарды теңестіруі пайыздық арбитраж мүмкіндігін бейтараптандырады. Германиядағы жылдық пайыздық мөлшерлеме АҚШ-қа қарағанда жоғары, былайша айтқанда, немістер қысқа мерзімдік қаржылық құралдарын инвестициялау үшін АҚШ инвесторларының спот еуроларына деген сұранысы мен қаржылық құралдарының өтуі барысында кері іс-әрекет жасай алады, яғни форвардтық еуроға ұсыныс жасайды. Бұл форвардтағы еуролардың споттан дисконтпен сатылуына итермелейді, басқа жағынан алып қарағанда, егер доллардың пайыздық мөлшерлемесі Германиядағыдан жоғары болса, жағдай керісінше болуы мүмкін еді: форвард еурасы спот бағамына қатысты сыйақымен бағаланушы еді, себебі неміс инвесторлары долларды спотта сатып алып, форвардта сатар еді (еуроны форвардта сатып алушы еді). Енді пайыздық мөлшерлеме және валюталық бағам арасындағы байланыс құрылды: пайыздық мөлшерлемелердегі айырым қаншалықты жоғары болса, спот бағасы да соғұрлым жоғары және пайыздық мөлшерлемесі жоғары елдің валютасының форвардтық дисконты көбірек болады. Экономикалық емес факторлардың болмауы барысында пайыздық мөлшерлемелердегі айырмашылық

ақшаның қысқа мерзімдік ағымын, яғни валюталық бағамды анықтайды; бұл ағымдар пайыздық арбитраж мүмкіндігі жойылғанша созылады.

Валюталық тәуекелден құтылу үшін немесе сақтану үшін банкілер қаржылық емес компаниялар сияқты валюталық своппен айналыса алады. Валюталық своп параллельді кредит тәрізді, онда түрлі екі елдегі екі жақ төлем мезгілі бірдей, бірақ валютада берілген көлемі тең кредитті шетелдік жақпен көрсетілген кредит алушыға беруге келіседі. Валюталық своп – қарапайым келісім, оған сәйкес екі компания спот мөлшерлемесі бойынша валютаны сатып алуға/сатуға және келешекте споттың осы мөлшерлемесі бойынша алдын ала келісілген мезгілде іс-әрекет жасауға міндеттенеді. Параллельді кредиттен айырмашылығы, своптар пайыз төлемін қоспайды.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Кепілге кредит алу, займ алу, кепіл, пайыздық маржа (пайыздық спрэд), қарыздық міндеттер нарығы (облигациялар), ұлттық рейтинг, гэн (жағымды, кері, нольдік), фьючерс, пайыздық фьючерс, хеджерлеу, форвардтық келісім, фьючерстік келісім, фьючерстік биржа, еуродоллар, еуродолларлық фьючерстер, либор, своптар, пайыздық своп, аутрайт, спот/форвард своп, пайыздық арбитраж.

Бақылау сұрақтары

1. Кредитті қамтамасыз етудің сенімді формаларын ата.
2. Пайыздық маржа мен пайыздық спрэд арасындағы айырмашылық неде?
3. ГЭП-тің (жағымды, кері және нольдік) пайда болу мәні.
4. Маржаны басқару қалай түсіндіріледі?
5. Ірі халықаралық рейтингтік агенттіктерді және олармен берілген рейтингілердің түрлерін ата.

6. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемелер барысында гәппен басқару қалай түсіндіріледі?
7. Фьючерстік және форвардтық келісімдер арасындағы айырмашылықтар.
8. Пайыздық фьючерстің ерекшелігі неде?
9. Тәуекелдің хеджерленуі қалай түсіндіріледі?
10. Келісімнің орындалу барысындағы хеджерлеу барысына және фьючерстік еуродолларлық келісімге түсінік беріңдер.
11. Своптар қандай шарттарда қолданылуы мүмкін?
12. Пайыздық своптың мәні және оның валюталық своптан айырмашылығы неде?
13. Валюталық своптың хеджерленуі қалай іске асырылады?

4.

БАЗЕЛЬДІК КЕЛІСІМНІҢ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БАНК ҚЫЗМЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Базельдік келісімнің негізгі принциптерінде берілген банкілік қызметті реттеудің халықаралық стандарттары нұсқаулар мен шарттар тізбесінен тұрады, оларды сақтау кредиттік мекемелердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және халықаралық бақылау органдары жағынан банкілер жұмысының тексерілуін іске асыруға мүмкіндік береді (10-кесте).

10-кесте. Банкілік қызметті реттеудің Базельдік принциптері

Принциптер	Мазмұны
1	2
1-принцип. «Банкілік тиімді бақылау үшін қажетті шарттар»	Банкілік заңдылықты қолдайтын қажетті ресурстар, жауапкершілік, оперативтік және саяси тәуелсіздік, өзге елдердің бақылау органдарымен ақпарат ауысудың құпиялылығы және мүмкіндігі
2-5-принциптер. «Лицензиялау және құрылым»	Банк және банкілік қызмет туралы Заңмен сәйкес лицензиялау барысын реттеушілер
6-15-принциптер. «Пруденциялық талап және пруденциялық реттеу»	Пруденциялық реттеу және талаптар (капиталдың жеткіліктігі, нарықтық тәуекел, тәуекелмен басқару, ішкі бақылау, т.б.)
16-20-принциптер. «Ағымдағы банкілік реттеудің әдістемелері»	Ағымдағы банкілік бақылаудың әдістері
21-принцип «Ақпарат беру жөніндегі талаптар»	Бухгалтерлік стандарттар, ақпарат беру ауқымы мен жиілігі, оның құпиялығы, банкінің қаржылық жағдайы туралы ақпараттың баспа беттерінде үнемі жариялануы (ашықтық)
22-принцип. «Бақылау сатыларының өкілеттіктері»	Банкілік бақылау органдарының 6-21 принциптерін сақтамайтын банкілерге ықпал етудің (шараларды іріктейтін, лицензияларды алатын) адекватты (теңбе-тең) мүмкіндіктері бар
23-25-принциптер. «Халықаралық банкілік операциялар»	Траншектік банкілік операциялардың кедергілерін жоюға кеңестер

Сонын ішінде: 23-принцип	Өз банкілік ұйымдарын (шетел филиалдары, біріккен кәсіпорындар, еншілес мекемелер) ғаламдық (глобалды) жинақтай бақылау	Жалғасы
24-принцип	Қабылдаушы елдің бақылау органдарымен қатынас және ақпарат айырбастау	
25-принцип	Жасалған елдің бақылау органдары қатынас және ақпаратпен ауысу	

*Тіімді банкілік бақылаудың негізгі принциптері. Банкілік бақылау жөніндегі Базельдік комитет. – Базель, қыркүйек 1997 ж.

Аса ірі трансұлттық банкілер үшін капиталдың жеткілікті стандартын анықтаған және қазіргі кезеңде әлемнің 100-ден аса елдерінде мақұлданған 1988 жылғы Базельдік келісім банкілік қызметті реттеуге және қаржылық-банкілік жүйелердің тұрақтылығын қолдауға арналған көпшілік таныған институционалдық ауқымдарды орнатудың алғашқы жемісті қадамдарының бірі болды. Бұл құжат – халықаралық рыноктағы операцияларда белсенді қатысатын кредиттік институттардың тәуекел активтері мен (капиталдың жеткілікті коэффициенті – *adequacy ratio*, немесе Кук коэффициенті – *Cooke ratio*) өлшенген сомадан 8% деңгейіндегі меншікті капиталдың ең төменгі жеткіліктілігін банкілік бақылау жөніндегі Базельдік комитет арасындағы келісім. Келісім қаржылық тұрақсыздықты азайтуға мүмкіндік берді. Банкілер табысы жоғары балансты емес операцияларды қарқынды іске асыра бастады және өз меншікті капиталының төмендеуіне әсер ететін үрдіске байланысты тәуекелдердің өсуін белгілі бір уақытқа жайластыра алатын болды. Бірақ 90-жылдардың аяғында, тәуекелдердің түрлі санаттағы табиғатына кеңінен түсінік беруге негізделген Базельдік келісім банкілік капитал құрылымында болып жатқан маңызды өзгерістерге сәйкес келе алмады. Халықаралық банкілік жүйедегі шиеленістердің күшейе түсуінен пайда болған қосымша алғышарттар банкілер жұмыс істейтін капиталды үлестіруде табыстылықты жоғарылату мақсатымен инвестициялық қоржынның бірнеше құрамдасы арасында тәуекелдерді тарата отырып, активтерді басқарудың күрделі қаржылық технологияларын тәжірибеден өткізе бастады. Бұл жаңа сызбалар банкілердің меншікті қа-

питалы мен бірқатар позиция бойынша активтер арасындағы үйлесушіліктер күшейте түсті.

Кейбір экономист ғалымдар бірінші Базельдік келісімге салынған капитал жеткіліктілігінің стандарттарын тек қолдап қана қойған жоқ, сонымен қатар банкілерді активтердің секьюритизациясы механизмін қолдана отырып, жоғары сенімді кредиттердің бір бөлігін сатуды жанама қолпаштады да. 1998 жылдың соңына Американың он шақты ірі трансұлттық банкілерінің секьюритизацияланған ипотекалық емес кредиттерінің жалпы көлемі шамамен 200 млрд долларды немесе осы банкілердің кредиттерінің жалпы сомасының 25%-ын құрады. Инвестициялық қоржынды реттеу мақсатында активтердің секьюритизациясына беталыс сол сияқты өзге де өндірісі дамыған елдердің банкілерінде де белсенді қолданыла бастады. Банк берген меншікті капитал көлеміне қатысты тәуекел деңгейі анықталған кезеңде капитал жеткілікті орналастырылған халықаралық стандарттың көмегімен банкілік жүйелердің тұрақтылығының қамтамасыз етілуіне қауіп төнді.

Бірінші Базельдік келісімнің әлсіздігі – банкілік тәуекелдерді шектеу, банкілердің секьюритизациялаудың күрделі жобаларын кенінен және кейде бақылаусыз қолдануды тежеу үшін кепілдікпен қамтамасыздандыруға және деривативтік құралдарға керекті мән бермеуінде. Жаңа шындықтарға Базельдік келісімнің сәйкес болмауы банкілерді кредиттік тәуекелдерді азайту үшін өз меншікті капиталына талаптарды жетілдіру үстінде анағұрлым белсендірек жұмыс істеулеріне ұдайы итермелеп отырды.

Алғашқы Базельдік критерийлер тәуекелді бағалау негізінде құрылған капиталды резервтеу жүйесі аса маңызды болды. Тәуекелі анағұрлым көп операцияларды жүргізуде тәуекелі азғантай операцияларға қарағанда капиталдың маңызды бөлігін резервтендіру талап етіледі. Қазіргі кезеңде Базельдік келісім-1 шамамен әлемнің барлық елдерінде іске асырылып отыр және халықаралық қаржылық тұрақтылықтың нығая түсуіне өзінің орасан зор үлесін қосып отыр.

Базельдік келісім-2 – капитал жеткіліктілігі жөніндегі кардиналды қайта қарастыру бойынша жұмыс істеу 1998 жылы басталған болатын. Және бүгінгі негізгі бөлігі аяқталды деуге болады.

Жаңа Базельдік келісім жаңа іргетастық принципте және оларды іске асыру жолында құрыла бастады. Оның көлемі бұрынғы 8% деңгейде қалып отырса да, ол өзімен 1998 жылғы келісімнің ескі коэффициентін ауыстырған төлем қабілетінің қарапайым нормативін көрсетпейді. Біз капитал жеткіліктілігінің жаңа коэффициенті бақылаушы органдар мен банкілік менеджерлер жағынан қамқорлыққа алынған банкінің меншікті капиталының айырбасталуын іске асыруға ғана көмектеспейді, сонымен қатар алдағы жылдарға банкілерге пруденциялық бақылаудың нағыз тиімді әрекет жасайтын механизмін жасауға да септігін тигізеді деп есептейміз.

Базельдік комитеттің он жылдық жұмысының нәтижесі болған жаңа механизмнің өзіндік ерекшелігі және жаңашылдығы, сол, «сүйеніштердің» құрылымы органикалық, олар тәуекелдерді іштей және сырттай бақылауды іске асырады, сол сияқты оларды басқарудың сандық және сапалық нормативтерін қолданудың синергетикалық тиімділігін күшейтеді. Бұл сүйеніштердің мазмұнды мәні: банкілердің меншікті капиталының көлеміне жаңартылған ең төменгі талаптарды қою; банкілердің пруденциалды бақылау процедураларын бекіту және принциптерді дамыту; банкілік қызметтің көтерілуіне негізделген тиімді нарықтық тәртіпті сақтау.

1-сүйеніш. Жаңа келісім меншікті капиталдың тәуекелдер жиынтығына қатынасы ретінде анықталатын капитал жеткіліктілігіне қойылатын есептеу тәсілі ретінде өзін жағымды көрсете білген ең төменгі талаптарды сақтауды қарастырады. Бірақ тәуекелді бағалау кредиттік тәуекелді бағалаудың сипаты мен табиғатын қозғайтын, сонымен қатар тәуекелді азайтудың эконометриялық модельдерін, техникалық тәсілдері мен құралдарының ауқымын кеңірек қолдануды қажет ететін және операциялық тәуекелдің капиталына қойылатын минималдық талаптарды есепке енгізуі арқылы біршама өзгерістерге ұшырады. 1996 жылғы Келісімге енгізілген

түзетуге сәйкес коэффициент есебіне енгізілген нарықтық тәуекелдерді бағалау өзгерген жоқ. Осылайша капитал жеткіліктілігі коэффициентінің есебі мынадай түрмен беріледі:

$$K = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{нес. тәу. (6 \%)+Опер. тәу.(1,6 \%)+ Нарықт. тәу. (0,4 \%)} = 8 \%$$

Кредиттік тәуекелдің бағалауының бірінші өзгерісі – тәуекелдің деңгейін анықтауға толығырақ және максималды дифференциаланған түрде келуі. Жаңа келісім кредиттік тәуекелді бағалауда екі жолды қолдануды ұсынады: *стандартталған жол және ішкі рейтингілерді қолдануға негізделген жол* (РН-жол). РН-жол өз кезегінде тәуекелді бағалаудың базалық және прогрессивті тәсілдері болып бөлінеді.

II Базель келісімі ұсыныстары негізгі үш элементке бөлінеді: **капиталға деген сандық талаптар, реттеуші органдарды бақылау және нарықтық тәртіп.**

II Базель келісімі кесте түрінде былай көрінеді:

II Базельдік келісім негіздері		
Сандық талаптар	Реттеуші органдардың бақылауы	Нарықтық тәртіп
Кредиттік тәуекел Стандартты тәсіл (тәуекелді өлшеудегі жаңа санаттар, сырқы рейтингілер). Ішкі рейтингі негізіндегі тәсіл (IR-method) – негізгі жол – күрделі жол	Ішкі бағалаулар	Кредиттік тәуекелдерді бағалауда қолданылатын тәсілдер және оның нәтижелері
	Реттеуші органдардың банкі ішіндегі сапаға бақылауды қадағалауы	
	Банк капиталы талап етілетін минимумнан жоғары болуы керек	Тәуекел көлемі
Операциялық тәуекел	Қадағалаушы органдардың банкідегі бақылауды өз деңгейінде жүргізбеуі жағдайында араласуы	
Нарықтық тәуекел		

8-сурет. II Базель келісімінің негізгі элементтері.

Берілген құрамдас бөліктердің әрқайсысы үшін капиталға қойылатын талаптарды өлшеудің бірқатар жолдары болады.

Капиталға қойылатын сандық талаптар. Тәуекелді есепке ала отырып алған капитал мен активке қатысты ең төменгі талаптар – 8% күйінде өзгеріссіз қалады. Бірақ II Базель келісімінде тәуекелді есепке алған активтерді есептеуге банкілік бағалаудың сапасын жоғарылататын және берілген коэффициентті мәндірек ететін жаңа жолдар қарастырылған.

Жаңа келісім бойынша кредиттік және нарықтық тәуекелді ғана емес, сонымен бірге операциялық тәуекелді де бағалау жүргізіледі.

Сонымен қатар II Базель келісімінің принципіалды жаңалығы – кредиттік есептеудің үш тәсілін қолдану. Базельдік комитеттің пікірі бойынша, бұл банкілер мен қадағалау органдарына қаржы нарығының банкілік операциялары мен инфрақұрылымының сәйкес дамуы үшін неғұрлым келісімді моделін таңдауға көмектеседі.

Оны рейтингілерге негізделген стандартты тәсіл (IRB-method) мен ішкі тәсілдің екі болжамы (версиясы) арқылы анықтауға болады. Стандартты тәсіл кредиттік тәуекелді өлшеуде көп ретте рейтингілік агенттіктердің бағалауларына тәуелді болады деп болжайды. Әрине, бұл агенттіктер жөнінде рейтингілерді анықтауда қолданылатын бірінші кезектегі қарыз алушылар рейтингісі мен кредиттік сараптаманың әртүрлі тәсілдемесі арасындағы айырмасы арқылы жасайтын жұмыс туралы түсінік бар. Сыртқы кредиттік бағалауларды ақпараттың объективтілігі, тәуелсіздігі, айқындығы, нақтылығы және де халықаралық мойындалуы мен көздерге қол жеткенде қолдануға болады.

Үкіметтерге, шетел банкілері мен ұлттық және халықаралық корпорацияларға қойылатын талаптар бойынша стандартты тәуекел үлесін алмастыратын сыртқы рейтингілер II-кестеде көрсетілген («Standard and Poor» агенттігінің рейтингі анықтау әдістемесіне сай).

1-нұсқада тәуелсіз рейтингі шетел банкісі бойынша тәуекел көлемі тәуекелді тәуелсіз бағалауға қарағанда (AAA-дан BBB-ға дейінгі рейтингілерге) бір санатқа төмен екенін анықтайды. 2-нұсқа тәуелсіз рейтингіні елемейді және қарыз алушы банкінің шынайы рейтингісіне негізделген тәуекелдер қатарын қолданады. Рейтингтік агенттіктер жоқ елдерде шетел банкілерін кредиттеу «рейтингілері жоқ» санатына енеді. Ұлттық банк тәуекелдің 20%-дың үлесімен котировкалануын жалғастыруда.

II-кесте. Стандартты әдіс: сыртқы рейтингілер негізінде тәуекел көлемін анықтау

Талаптар		+AAA-дан -AA-ға дейін	+A-дан -A-ға дейін	+BBB-дан -BB-ға дейін	+B-дан -B-ға дейін	-B-дан төмен	Рейтингсіз
Үкіметке		0	20	50	100	150	100
Шетел банктеріне	1-нұсқа	20	50	100	100	150	100
	2-нұсқа	20	50	50	100	150	100
Корпорацияларға		20	100	100	100	150	100

*Көзі: Bank of England, Quarterly Bulletin, Spring 2004, Vol.41, №1.

II-кестеден көретініміздей, рейтингі кредиттің банкаралық нарығында екі тәсіл: кредиттерге үкімет кредиті бойынша рейтингілерге ұқсас рейтинг, я болмаса банкінің өз рейтингісі арқылы бағаланады. Рейтингілері жоқ қарыз алушылар капитал жеткіліктілігіне деген талаптардың көлемінің 100%-ы деңгейінде бағаланады, бірақ қадағалау органдары норматив жеткіліктілігі туралы шешім қабылдамастан бұрын нақты қаржы нарықтары мен жекелеген банкілердің дефолттының салдарын есепке алуы керек.

Қазіргі қолданыстағыға қарағанда, жаңа келісімдерде кредитті қамтамасыз ету мақсатында кепілдіктер мен құнды қағаздарды белсендірек қолдануға рұқсат етіледі. Таратып айтқанда, қамтамасыз етуге тек қолма-қол қаржы мен жоғары

сенімдегі үкіметтік облигациялар ғана емес, сонымен қатар – ВВ және одан жоғары рейтингілі мемлекеттік құрылымдардың облигациялары, көпшілік мойындаған қаржы биржаларында тіркелген акциялар, сонымен қатар алтын қолданылатын болады.

Стандартты жолдың елеулі кемшілігінің бірі – әр түрлі жергілікті рейтингілік агенттіктер айқындайтын сыртқы рейтингілердің үйлесімсіздік проблемасы. Неғұрлым ықпалды халықаралық рейтингілік агенттіктер кейбір елдердің үкіметтік займдарын іс жүзінде А немесе ВВВ-дан жоғары бағаламауы мүмкін болса да, жекелеген елдердің рейтингілік агенттіктері жергілікті органдардың займдарына ААА ең жоғары рейтингісін береді, автоматты түрде басқа да қарыз алушыларға таратады.

Бұл жол рейтингілік агенттіктер көп жағдайларда банкілерге карағанда қарыз алушылардың төлеу қабілеті туралы азырақ ақпараттандырылғандықтан оларды кредиттік тәуекелді саралауға (дифференциациялауға) жеткілікті мүмкіндіктер бермейді.

Бірақ та стандарттандырылған жолдың негізгі кемшілігі – көптеген елдердегі аздаған компанияларға ғана рейтинг берілетіндіктен, басқа банкілер капитал жеткіліктілігі 8% төңірегінде жеткіліктілік нормативіне ғана сай келетін «рейтингсіз» банкілік активтер санатына қосылады. Стандарттандырылған жолдың әлсіз жерлері банкілік менеджмент бойынша көптеген мамандарды тәуекелді бағалау мен капитал жеткіліктілігін есептеу үшін басқа жол ұсынуға түрткі болды. Бұл жол бойынша банкілер қарыз алушыларға жасалынған стандарттар мен процедуралар негізінде өздігінен рейтингілер береді.

Сонымен қатар сыртқы рейтингілерді пайдаланушы арнайы механизмдердің көмегі арқылы активтерді құнды қағаздарға айырбастау мәмілелеріне бірқатар өзгерістер енгізу ұсынылды. Баланстан тыс баптарға шамалы ғана өзгерістер түсті. Кепілді қолдану немесе хеджерлеу сияқты кредиттік тәуекелдерді жұмсарту техникаларын қолдаудың қолайлылығын анықтауға бағытталған жұмыстар жүріп жатыр.

Жоғарыда айтылғандай, капиталдың минималды көлемін анықтау үшін рейтингіге негізделген ішкі тәсілдің (IRB-method) екі версиясын – қорлар және прогрессивті жолды қолдануға болады. Қор жолы деп аталатын жол (негізгі жол) кредиттік қоржынды көрсеткіштерінің көмегі арқылы әртүрлі 7 топқа бөлуді болжайды. Соңғысы қадағалау органдарына ұсынылатын төлемеу ықтималдығы минус орнын толтыру коэффициенті негізінде есептеледі. Жалпы ықтимал шығын есептеліп болған соң (төлемеу ықтималдығының барлық түрлерін есепке алғанда) әрбір топ үшін тәуекелді бағалау негізінде капиталдан ақша аударуды анықтауға болады.

Прогрессивті тәсіл (күрделі жол) дегеніміз – ішкі рейтингілік модельдерде рұқсат етілетін балама жол. Банкінің өз тәжірибесі негізінде өзі анықтаған төлемеу ықтималдығы мен шығын шегу ықтималдығы көлемінен басқасы жоғарыда айтылғандармен сәйкес келеді. Аталмыш жол кредиттік тәуекелдерді модельдеу үшін жол ашады, бұл мол тәжірибелі банкілердегі қарапайым, бірақ реттеуші органдармен бекітілмеген іс болып табылады.

Нарықтық тәуекел көзқарасы бойынша капиталдың ең төменгі көлемі дегеніміз – нарықтық тәуекелге деген талаптар өзгеріссіз қалады, оған екі мүмкін жол – стандартты және ішкі модельдерді қолдану жолдары енеді.

Операциялық тәуекел көзқарасы бойынша операциялық тәуекелдің минималды көлемі Базель комитетінің банкілік қадағалауы бойынша «ішкі процестердің, адамдар әрекетінің, жүйенің бейадекваттық немесе сәтсіз нәтижелері немесе сырқы факторлардың нәтижесі» деп анықталады. Операциялық тәуекел көзқарасы бойынша капиталға қойылатын талаптарды есептеу үшін келесі үш тәсіл ұсынылды.

Негізгі көрсеткіштер тәсілі – жалпы түсімге негізделген қарапайым жол; бұл жолды ондық топқа жатпайтын банкілердің қолдануы ықтимал. Аталмыш тәсіл банкілерден үлкен күш жұмсауды талап етпейді және банкі басшылығы басқарма жағынан қадағалау мен бақылау жүргізудің лайықты

процедуралардың – операциялық тәуекелге қатысты есеп беру мен аудит процедураларының бар екендігіне көз жеткізгенде қолданылады.

Операциялық тәуекелдің қызметі мен оқиғаларының негізгі бағыттары келесі түрде көрінеді (12-кесте).

12. Операциялық тәуекел: қызмет бағыттары және оқиғалар түрлері

Оқиғалар түрлері	Ішкі аламықтықтар	Сыртқы аламықтықтар	Жұмысқа қабылдау тәжірибесі және жұмыс орнының қауіпсіздігі	Клиенттер, өнімдер және қызметтер	Материалдық активтерге келтірілген залал	Ұйым қызметін бұзу және жұмысқа дағдарыстар	Қызметтерді ұсыну, орындау және процесті басқару	Ақша шығындарының жоғары дәрежесі
Корпорациялық қаржылар								
Жеке тұлғалар үшін банкілік қызметтер								
Коммерциялық банкілік қызметтер								
Төлемдер және есеп берулер								
Ағартық қызметтер және сақтау жөніндегі қызметтер								
Активтерді басқару								
Жеке тұлғалар үшін брокерлік қызметтер								

* Автор құрастырған.

Стандартты тәсіл банк қызметін әрқайсысының өз көрсеткіші бар стандартты бағыттарға бөлуді қарастырады. Көрсеткіштер пайыздық мөлшерлемелерге көбейтіледі, сонан соң капиталдан жалпы операциялық аударымдар қызметтің барлық

бағыттары бойынша аударылған сомалар ретінде есептелінеді. Банкілер аталмыш тәсілді қолданғанда операциялық шығындар жөнінде мәліметтерді жинауы міндетті емес, бірақ олардың қолында тәуекелді басқарудың тиімді стандарттары болуы керек. Банкілер бұл жолды капитал бойынша мәліметтерге қатысты адекватты әкімшілік ақпараттық жүйелердің қызметін ішкі шығындар мен шығындар диаграммасын құрастыра алу-ды қамтамасыз етіп тұрғанша қолдануына болады.

Егер де банкілер стандартты тәсіл үшін барлық қажетті ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болса, онда олар бағалаудың үш прогрессивті тәсіліне қатысты реттеуші органдар ұсынған нұсқасын қарастыруына болады. Бұл тәсілдер тәуекелдің ең аз деген өзгерістерін есепке алуға мүмкіндік береді және банкілік тәуекелді өлшеудің ішкі жүйелері мен операциялық шығындар бойынша сәйкес мәліметтерге негізделеді.

Бірінші тәсіл өлшеудің ішкі тәсілі деп те аталады. Іс жүзінде ол стандартты жолдың ақпаратын пайдаланады және қызметтің әрбір бағыты бойынша шығынға алып келетін тәуекелге ұшыраушылық көрсеткішін, шығынға алып келетін жағдайдың пайда болу ықтималдығын, егер де ондай жағдай орын алса, шығынның көлемін алдын ала қарастырады. Күтілетін шығын тәуекел факторы есебімен оның соңғы көлеміне тең болады.

Шығынды тарату тәсілі банкілерге қызметтің немесе тәуекелдің әр түрі бойынша белгілі уақыт аралығында операциялық шығындарды неғұрлым ықтимал таратуды бағалауға мүмкіндік береді. Аталмыш тәсіл ойда болмаған шығындарды тура бағалауға тырысады, ал ішкі тәсіл күтілетін және болған шығындарға байланысты болжамдарды қолданады. Іс жүзінде бұл тәсіл стандартты жолдың ақпаратын қолданады және қызметтің әр бағыты бойынша тәуекелге ұшырағыштығын, шығынға алып келетін жағдайлардың пайда болу ықтималдығын, егер де мұндай жағдай болатын болса шығын көлемінің көрсеткіштерін қарастырады. Банкілер фирма деңгейі немесе қызмет бағыты бойынша операциялық

тәуекелге ұшыраған капиталдың бастапқы деңгейін анықтау үшін нәтижелерді хаттау тәсілін қолдануы мүмкін. Капиталдың аталмыш сомасы қызметтің әртүрлі бағыттары тәуекелдерінің профильдерін есепке ала отырып уақыт өте өзгеріп отырады. Бұл жол сапалы бағалауға мүмкіндік береді және өткен кезеңдердің мәліметтерін қаперіне аз алады.

Бақылау процесі (8-сурет). Капиталдың стандартты коэффициенттеріне қосымша Базель келісімінің ұсыныстарына екі жаңа – тексерісті қадағалау және нарықтық тәртіп элементтері енеді. Қадағалау органдары капитал жеткіліктілігін қамтамасыз ету жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Банкілер өз капиталының деңгейі ең төменгі міндетті талаптардан асқан жағдайда ғана жұмыс істей алады. Олар сонымен қатар өз профилі, операциясы және іскерлік стратегиясы бойынша тәуекелге сәйкес келетін капитал жеткіліктілігін бағалау бойынша ішкі іс-шараларды өткізуге міндетті. Банкілік қадағалау органдарының рөлі – банкінің капитал жеткіліктілігінің ішкі бағасын тексеруде, банкінің тәуекел мен стратегияның жалпы профилі бойынша қаржылық жағдайының сәйкестігін қамтамасыз ету және егер де капитал тәуекелге қарсы жеткілікті буферлік қорды қамтамасыз ете алмайтын болса, санкцияланған қадағалаулық араласады.

Реттеуші органдардың бақылауы. Жаңа Базельдік келісімнің ережесі бойынша қадағалаушы органдар функциясының реттілігі түпкілікті өзгереді. Капитал жеткіліктілігін бағалау мен бақылау банкінің өзіне жүктелетін болады. Қадағалау институттары белгілі бір банкіде тәуекелді бағалау бойынша ішкі бақылау процедураларын қаншалықты тиімді өткізілетініне қадағалап отыру үшін тағайындалған.

Нарықтық бақылау – банкілердің өз бизнесін қауіпсіз, сенімді және тиімді жүргізу үшін жасалған қуатты стимул. Банкілерге реттеуші және қадағалаушы әсерлерін күшейте отырып, ол капитал жеткілігін қамтамасыз ету үшін үшінші сүйеніш болуы керек. Нарықтық тәртіптің тиімділігі нарықтың қатысушыларына тәуекел мен олар әкелетін әлеуеттік

шығындарды бейтараптандыру үшін тәуекел мен капитал жеткіліктілігін дәлелді бағалауын жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараттың сенімділігі мен мерзімділігіне байланысты. Осылайша капитал жеткіліктілігі мәселелерін шешкенде ақпарат сенімділігі бірінші кезекке шығады.

Базалық ішкі рейтингілік негізделген (IPH) жолдың базалық варианты банкілердің инвестициялық қоржынның әрбір бөлігі үшін өздері айқындайтын дефолт мүмкіндігіне сүйене отырып тәуекелдерді жіктеуге негізделген.

Әдетте бұл қоржынға жеті құрамдас бөлік енеді: 1) үкімет пен жергілікті үкімет органдарына кредиттер мен займдар; 2) банкілер мен инвестициялық компанияларға кредиттер; 3) сауда және өнеркәсіп кәсіпорындарына кредиттер; 4) жеке тұлғаларға кредиттер; 5) жобалық қаржыландыру; 6) секьюритизацияланған активтер; 7) акциялар.

IPH-жолдың екінші нұсқасында, атап айтқанда, прогрессивті жол бойынша банкілер өз жүйелерін бағалаулары адекватты деп қадағалаушы органдардың көзін жеткізген шартымен дефолт оқиғаларының салдарынан болған шығын факторларын өздігінен анықтай алады. Базалық IPH-жол ірі банкілердің көпшілігі үшін капитал бойынша ең төменгі талаптарды есептегенде қолайлырақ болуы мүмкін.

Егер де банкіде үш жылдан азырақ және ұлттық қадағалау органдары таныған қарыз алушылардың банкрот болу мүмкіндігі жүйесін бағалау болатын болса, онда кредиттік институтқа дефолт болуы мүмкіндігі дәрежесіне (probability-of-default bands) сәйкес кредиттерді тәуекел аумақтарына бөлу үшін өз рейтингілерін қолдануға рұқсат етіледі. Банкі орналастырылған капитал жеткіліктілігі нормативтерін белгілеу үшін активтердің әрбір санатына қанша болса сонша аумақ орнатуға құқы бар.

IPH-жолға сәйкес капитал жеткіліктілігі нормативін тәуекел көлемі мен кредитті қамтамасыз етумен қоса компанияны сауықтыру мүмкіндігін есепке алатын дефолт нәтижесінде (Loss-given-default factor, LGD factor) шығындардың пайда

болу факторы орын алады. Кепілдік қамтамасыз етілменген кредиттік тәуекелдер бойынша LGD факторы 50% көлемінде бекітілген. 13-кестеде 1998 жылғы Базель келісіміне сәйкес банкілер капиталы бойынша, стандартталған және IPH-жол негізінде есептелген минималды талаптардың салыстырмалы сипаттамасы көрсетілген.

13. Ескі және жаңа Базельдік келісімдер бойынша капитал жөніндегі минималды талаптар көлемінің салыстырмалы сипаттамасы (%)

Рейтинг	*Дефолт ықтималдығының шектері	Іс барысындағы норматив	Стандартталған негіз бойынша норматив	Базалық негізі бойынша Норматив
AAA	0,03	8	1,6	1,13
AA	0,03	8	1,6	1,13
A	0,03	8	4,0	1,13
BBB	0,20	8	8,0	3,61
BB	1,40	8	8,0	12,35
B	6,60	8	12,00	30,96
CCC	1500	8	12,00	47,04

*AAA және AA рейтингілі активтер бойынша Базельдік комитеттің 0,03 деңгейіндегі дефолт ықтималдығы индикаторы орнатылған, ал AA дан төмен рейтингілі активтер арнайы формула бойынша есептелген. Көзі. Bank of England, Quarterly Bulletin, Spring 2004, Vol.41, №1. p.5.

Жаңа келісімде кредиттерді, кепілдерді, деривативтік құралдарды қамтамасыз етудің әр түрін қолдану мүмкіндігін жіктеуге, сипаттауға және бағалауға елеулі орын берілген. Бір жағынан алғанда олар банкінің балансына қол жеткізу үшін, екінші жағынан алғанда, активтерді секьюризациялауға операциялар жүргізу үшін қолданылады. Бұл жаңалықтың негізгі мақсаты – кредиттік тәуекелді бағалау жүйесін нарықтық тәжірибеге барынша жақындату. Жоғарыда ұсынылған 13-кестеде стандартталған жол базасында капитал бойынша ең төменгі талаптарды есептегенде коммерциялық кредиттер бойынша қамтамасыз етуші болып қаржы активтері, ал IPH-жолдың

базалық негіз болып коммерциялық актигер мен қозғалмайтын мүлік танылады. Екінші прогрессивті IPH-жол шеңберінде банкілер егер де қадағалаушы органдар оларды адекватты деп табу шартымен тәуекелді өз бағалауы бойынша қамтамасыз етудің қандай да болмасын формасын тануы мүмкін. Жаңа Базель келісімі банкілердің мұндай операциялар бойынша жоғары тәуекелдерін ескере отырып, секьюритизацияланған кредиттер жөнінде ең төменгі деңгейдегі капитал жеткіліктілігін есептеуге ыждағатты қарауды қарастырады.

Сонғы, тәуекелдерді бағалау механизміндегі үшінші өзгеріс операциялық тәуекелдің арнайы санатына жатады және олар капитал бойынша ең төменгі талаптармен оның жалпы сомасының 20%-ы көлеміндегі ескерілетін тәуекелдер жиынтығына қосылады. Бұл мақсатта операциялық тәуекел (мысалға алғанда, ақпараттық технологиялардағы жаңылыстар мен алаяқтық салдарына байланысты шығындар тәуекелі) бағалауын барлық банкілер үш жолмен іске асыруы тиіс. Базалық индикатор негізіндегі бірінші жеңілдетілген жол банк капиталының барлық сомасының 20%-ына пропорционалды көлемде операциялық тәуекелдер бойынша ең төменгі деңгейдегі капитал жеткіліктілігін орнатуды қарастырады. Екінші стандартталған жол шеңберінде банкі қызметінің әр түріне (жеке сауда, активтерді басқару және т.б. үшін) сараланған индикаторлар орнатылады. Қызметтің әр бағыты үшін капитал бойынша қойылатын талаптар сала бойынша берілген бағыттағы тәуекелділікті бағалау негізіндегі Комитет орнататын тәуекел индикаторының пайыздық үлесін құрайтын болады. Банкілер үшін капитал талаптарының жалпы көлемі операциялық тәуекел бойынша қызметтің барлық бағытының тәуекелді есепке алатын өңделген көрсеткіші болады. Үшінші жолға сәйкес банкілер операциялық тәуекелдерді бағалауды қадағалаушы орган жасаған әдістемені басшылыққа ала отырып, өз мәліметтерін негізгі қызметтерінің барлық бағытындағы тәуекелдің түрлері бойынша (алаяқтық, құқықтық тәуекелдер, операциялық жүйе жұмысындағы тех-

никалық жаңылыстар және т. б.) бағалайтын болады. Бұл тәсіл жоғарыда қарастырылған ішкі рейтингіге негізделген жолмен пара-пар және оны қолдану операциялық тәуекел мен мәліметтерді жинауды басқару жүйесі тек қадағалаушы органдардың қойылатын талаптарына сай келіп, олар мойындайтын банкілерге ғана рұқсат етіледі. Болашақта банкілер іс жүзінде операциялық тәуекелдерді бағалаудың күрделірек және сенімдірек тәсілдерін жасап қолданатын болады.

2-сүйеніш. Банкілер өзіне қабылдаған банкілік тәуекелдер мен кредит институттары жабу үшін бөлетін меншікті капиталдың арасында толығырақ сәйкестіктің болуын қамтамасыз етуге арналған. Банкілер өз қызметінің тәуекелін сақтандыру үшін қолдап тұруға міндетті капитал көлемін анықтауы керек. Егер де қадағалау органдары банк бөлетін капиталды жеткіліксіз деп тапса, ол жағдайда олар кредиттік институттардан капиталдың көлемін өсіруді талап етеді.

Екінші сүйеніштің негізгі принциптері екі ұшты мақсатты көздейді: біріншіден, банкілерді ынталандыру, өзіне қабылдаған тәуекелдердің барлық жиынтығын бақылау және басқару техникасын белсенді түрде дамыту; екіншіден, орнатылған ең төменгі деңгейден жоғары капитал жеткіліктілігі сандық және сапалық критерийлеріне сүйене отырып, кейбір банкілерге ескерту жасайтындай жағдайлары болғанда қадағалаушы органдарды қозғау немесе кредит институттарына өздеріне қабылдаған тәуекелді азайтуды ұсыну.

3-сүйеніш. Капитал жеткіліктілігінің деңгейін кешенді анықтау механизмінің қатысушыларын неғұрлым дәлірек анықтауын қамтамасыз ету үшін тәуекел мен капиталдың құрылымы туралы қалағашы органдарды толық және жүйелі түрде ақпаратпен қамтамасыз етіп тұратын кредит институттарының нарықтық тәртібінің тиімділігін көтеруді мақсат етіп қояды. Одан басқа кредиттік және операциялық тәуекелдерді бағалаудың банкілер қолданатын тәсілдемелерін, олардың негіздемесі мен дәлдігі туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс.

Ақпаратты ашу келесі негізгі нысандар бойынша жіктеледі:

1. Ақпаратты ашу туралы талаптар банкі топтары құрамына енетін барлық дербес құрылымдарға қатысты, бұл яғни банкілік шоғырлану процесін қозғайды.

2. Келесі көрсеткіштер бойынша тәуекелдердің құрылымы мен оларды бағалаудың тәсілдері туралы ақпараттар ашылады: а) кредиттік тәуекел бойынша – тәуекелді мерзімімен таратып бөлу, ертерек ұсынылған кредиттерді төлеу сомасы; ә) нарықтық тәуекел бойынша – инвестициялық қоржынның тәуекелге ұшырағыштық құрамдастарының құны, банкіде қолданылатын бағалау мен есептеулердің барлық ішкі тәсілдері мен тәсілдемелері туралы ақпарат; б) операциялық тәуекел бойынша – пайыздық тәуекелде түрлі операциялық жүйелер жұмысының жаңылысуынан пайда болған шығындар көлемі; в) пайыздық тәуекелде – пайыздық мөлшерлеме динамикасының кенеттен күрт өзгеруіне байланысты капитал құнының өсуі мен төмендеуі туралы мәліметтер.

3. Банкілер капиталының құрылымындағы өзгерістер, таратып айтқанда, капиталдың жаңа қаржы құралдарын пайдалануды банкілердің жүйеленген капиталының құрамдас бөлігі туралы.

4. Кредиттік, нарықтық және операциялық тәуекелді жабуға қажетті мәліметтермен қоса капитал жеткіліктілігі туралы ақпарат, сонымен қатар банк капиталының жалпы көлемінің пайыздық қатынасына қойылатын талаптар сомасы.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Пруденциалдық талаптар, пруденциалдық реттеу, нарықтық тәуекел, ішкі және сыртқы бақылау, стандартты (стандартталған) жол, ішкі және сыртқы рейтинг, капиталға қойылатын сандық талаптар, нарықтық тәртіп, версия, қадағалау, жобалық қаржыландыру, секьюритизациялаған активтер, операциялық тәуекел.

Бақылау сұрақтары

1. Базель келісімінің маңызды принциптерін атаңыз.
2. Пруденциалды нормативтер дегеніміз не?
3. Банк қызметінің пруденциалды реттеуі қалай жүзеге асырылады?
4. II Базель келісімі бойынша капитал жеткіліктілігі коэффициенті қалай есептеледі?
5. Жаңа Базель келісімі бойынша үш сүйеніштің мазмұндық мағынасының қорытындысы неде?
6. Кредиттік тәуекелдің деңгейін анықтаудың стандартталған (стандартты) жолының мәні мен ерекшеліктері.
7. IPR-жолдың кредиттік тәуекелді бағалаудағы ерекшеліктері.
8. II Базель келісімі банк капиталына, реттеуші органдар мен нарықтық тәртіпке қандай талаптар қояды?
9. Сыртқы рейтингілер негізінде тәуекелдің көлемі қалай анықталады?
10. Капиталдың ең төменгі деңгейін көлемін анықтауда қор жолының прогрессивтік жолдан айырмасы неде?

5.

КРЕДИТ САПАСЫН БАҒАЛАУ, КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІН, БАНКІНІҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖӘНЕ АКТИВТЕР САПАСЫНЫҢ РЕЙТИНГІЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ

Сапаны анықтаудың рейтингілік жүйелері кредит беруші банкінің өтелмеген кредиттеріне байланысты кредиттік тәуекелді жүйелі бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Дұрыс жасалған мұндай жүйе бір мезгілде бәрін жинақтай алады және ол көптеген елдердің банкілерінің активтер мониторингісінің кредиттерін тексеру жүйесінде кеңінен қолданылады. Сапа бойынша кредит рейтингісін қолдану тәуекелге байланысты кредиттен түсетін кірісті анықтауға мүмкіндік береді.

Сапа бойынша өз кредит рейтингілерін жасағанда, бір банкілер біршама қарапайым, кейбірі күрделірек жобаларды қолданады. Мақсат – банкінің кредит бөліміне кредит құнын бағалау үшін шешім қабылдауды жеңілдету. Бұл жұмыс әдетте тәуекелдің әртүрлі санаттарына белгілі бір сандарды немесе әріптерді тағайындау тәуекелді жіктеу арқылы жүргізіледі. Батыс елдерінің банкілері қолданатын кредит сапасының рейтингілік жүйесі 14-кестеде көрсетілген.

14. Кредит сапасының рейтингісі*

Рейтинг	Жүйеленуі	Күй-жайы немесе сипаттамасы	Ұпайы
0	Жүйеленбеген	Кредит өлі бағаланбаған, яғни бағалау немесе қайта бағалау барысында	-
1	«Прайм»	Жоғары кредиттік рейтингілі кредит алушы, кредитті тамаша қайтарумен белгілі, күшті ақша ағымы, бірінші класты кепіл; кредиттің тартымды сипаттамалары (яғни арналуы, мерзімі, өтеу сызбасы, саласы)	163-140
2	Жоғары сапалы	Кредит алушының қаржылық күй-жайы жақсы, кредиттік тарихы жақсы, кепілі сапалы, кредиттің тартымды сипаттамалары	139-118

			<i>Жалғасы</i>
3	Қанағаттанарлық	Кредит алушының қаржылық күй-жайы нашар емес, (бұл кредит кейде қосымша назар аударуды қажет етуі мүмкін); бұрын қарызын жақсы өтеген; кепілі нашар емес; жанартылатын немесе револьверлік кредит.	117-85
4	Шектес	Әлсіз кредит алушы; тең келмейтін немесе жеткіліксіз кепіл; кредит алушының капиталына қарағанда кредит тым үлкен; тұрақтылық қажет	84-65
5	Шектен тыс	Кредитті қайтару күмәнді; қарызды өтеу бойынша арнайы жұмысты талап етеді; банкілік бақылау жүргізу барысында күмәнділер санатына жатқызылған	64 және төмен
6	Шығындар	Қарызды қайтару іске асырылмайды және төлемдер күтілмейді; әрекеттегі кредиттік қоржынға қосылмаған	-

*Батыс елдері банкілерінің материалдары бойынша автор құрастырған.

Қандай рейтингі жүйесі болса да қабылданған тәуекелдер ауқымына немесе басқа бір рейтингіге балл беруде біршама жақсы нәтиже береді. Бұл жағдайда мыналарды ұстану керек: а) кредиттер рейтингілерінің ұдайылығы; ә) клиенттердің рейтингілерін жүйелі қайта қарастырып отыру; б) бұл жүйені кредиттік шешімдер қабылдағанда қолданудың пайдасы.

Рейтинг бірқатар фактордан тұрады: олар: кредиттің мақсаты, қарыз алушымен байланысты кредиттің көлемі және мүмкін болу шығыстарының жалпы көлемі, қарыз алушы жұмыс істейтін сала және қарыз алушының қаржы жағдайы мен бұрынғы кредиттері. Қаржылық шешімдер қабылдауда қаржы көрсеткіштерін пайдалану, тек сапалы ақпаратты қолдану құрылымдық және объективті процестерді жеңілдетпейді және сандар көрсеткіші өз алдына үлкен құндылықтарға жатпайды.

Қаржы көрсеткіштерінің сараптамасы сенімді, аудиторланған қаржы декларациясы үнемі жаңартылып отыратын қаржы ақпаратының болуын талап етеді. Банкі жағдайында

оган өз міндеттері бар екі дербес процесс енеді: а) банкілік және потенциалды клиенттер жөнінде қаржы ақпаратын жүйелі түрде жинап отыру және бұл ақпаратты кредиттеу бойынша шешім қабылдағанда қолдану, б) банкінің өзі туралы қаржы ақпаратын жүйелі түрде жинау және оны сараптама жасау арқылы ішкі басқару процесінде қолдану. Көрсеткіштер сараптамасы өз операцияларында да, басқа клиенттер, бақталастар және т. б. операцияларында қолданғанда да өте маңызды құрал болады.

Сонымен, сапа бойынша рейтинг көрсеткіштерін қолдануды келесі 15-кестеден көруге болады.

15. (Фирмалардың) қаржылық коэффициенттерінің сараптамасы*

Сума және коэффициент	I класс	II класс	III класс	IV класс	V класс	VI класс
Жалпы капитал	500 млн.	150 млн.	85 млн.	50 млн.	25 млн.	-
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	2.00	2.00	2.00	1.50	1.50	1.25
Ұзақ мерзімді борыш/ капиталдану	0.25	0.33	0.35	0.45	0.50	0.60
Ұзақ мерзімді борыш/ акционерлік капитал	0.66	1.00	1.00	1.25	1.75	2.00
Пайыздарды салық алды жабу	7.00	5.00	5.00	4.00	3.00	2.00
Ақша ағымы/ұзақ мерзімді борыш	0.75	0.30	0.25	0.2	0.2	0.15
Ұзақ мерзімді борыш/ нетто-өгізгі активтер	0.50	0.70	0.80	1.00	1.50	1.50
Нетто+айналымдағы капитал/ұзақ мерзімді борыш	1.00	0.80	0.80	0.75	0.50	0.40

* Concrete Block and Supply Company американың шектеулі көлемі мен қаржы мүмкіндіктерін есепке ала отырып 6-класты қарыз алушыға қолданылатын рейтингілері алынды.

15-кестеде көрсетілген сапа бойынша кредит рейтингісі коэффициенттерін салыстыру келесі көрсеткіштер бойынша талдау (интерпретация) жүргізуге мүмкіндік береді:

а) Ағымдағы өтімділік көрсеткіші:

$$\frac{\text{ағымдағы активтер}}{\text{ағымдағы пассивтер}}$$

Бұл фирманың ақшалай және өтімділігі бойынша оған жақын өтімділіктерді пайдалана отырып, өзінің ағымдағы міндеттерін жабуын, қысқа мерзімді операциялар жүргізуін көрсететін қатынасы. Өндірістік кәсіпорындар үшін ағымдағы 1.2 және одан да жоғары қатынасы өтімділіктің жақсы жағдайын көрсетуші болып саналады.

б) Капитал бойынша ұзақ мерзімдік борыш:

$$\frac{\text{Жалпы ұзақ мерзімдік борыш}}{\text{Қарапайым және жеңілдетілген акциялар мен субординацияланған қарыз}}$$

с) Акционерлік капитал бойынша ұзақ мерзімдік борыш:

$$\frac{\text{Жалпы ұзақ мерзімдік борыш}}{\text{Қарапайым акциялар}}$$

б мен с – қарыз алушы операцияларды жүргізу үшін левередждің (рычагтың) «қаржы нарығымен» (қаншалықты қамтамасыз еткен) қатынасын, яғни ол фирманың субординацияланған қаржысын сырттан келген қаржымен салыстырғанда қалай пайдалатынын көрсетеді.

д) Пайыздарды салық алдындағы жабу:

$$\frac{\text{Пайыздар мен салықтарды төлеу алдындағы пайда}}{\text{Қарыздар бойынша пайыздарды төлеу шығыстары}}$$

е) Ақша ағынының ұзақ мерзімді борышқа деген қатынасы:

Салық төлегеннен соңғы пайда + амортизация – дивиденттер

Ұзақ мерзімдік борыш

d мен e – фирманың түсімі және/немесе қарызға қызмет көрсету міндеттемелерінің ақша табу мүмкіндігі фирманың қарызын жабу көрсеткіштерінің қаншалықты екендігіне келтірілген мысалдар. Бұл қатынастар кредит берушілер үшін өте маңызды. Ақша ағымының пайыздарға және сол кезеңге сәйкес келетін ұзақ мерзімді борыштық төлемдердің шығындарына арақатынасы (e-мен салыстырғанда) көбірек тартымды болады. Әдетте кредит берушілер үлкен «жастық», яғни қатынасы 3 және одан жоғарыны талап етеді. Қарыз алушының қызметі неғұрлым кезеңдерге (циклдарға) ұшырағыш болған сайын, соған сәйкес соғұрлым кредит беруші жоғарырақ қатынасты талап етеді.

f) Нетто-негізгі қаржы бойынша ұзақ мерзімді борыш:

Ұзақ мерзімді борыш

Негізгі активтер неттосы

Фирманың жабдықтары мен дүниесі қаншалықты амортизацияланғанын көрсететін левередждің басқа көрсеткіші ұзақ мерзімдік борыш есебінен қаржыландырылады. Әдетте 1-ден аспайтын қатынасқа ие болған лазым. Фирма ұзақ мерзімді кредиттеуді қысқа мерзімдік активтерді кредиттеу үшін қолданады, бұдан жоғарырақ әлеуетті қауіпті жағдай деп жорамалданады.

g) Ұзақ мерзімдік кредиттеуге нетто-айналым капиталы:

Ағымдағы активтер ағымдағы пассивтер

Ұзақ мерзімдік борыш

Бұл қатынас өтімділікті сипаттайды, оның ұзақ мерзімді борышпен байланысы қарызды жабуға элемент енгізеді. Бұл қатынас туралы жақсырақ білу үшін фирманың саласы мен оның қаржылық құрылымын білу керек: фирма ұзақ мерзімді кредиттендіруден көп тәуелсіз капитал сыйымды сала болып табыла ма, жоқ қысқа мерзімдік активтер мен пассивтер жағына жақын, жұмысы қиынырақ бола ма?

Жүйелер арасындағы айырма мынадай елдік ерекшеліктермен сипатталады: инспекцияның маңыздылығы мен жиілігі, есеп беру сипаты, басқа да сенімді көздердің қолжетімділігі, өткен кезеңдердегі дағдарыстар мен банкроттар туралы статистикалық ақпарат, техникалық қамтамасыз ету деңгейі, ақша және адамдар ресурсы. Халықаралық есептеулер банкісінің жасаған зерттеулеріне сәйкес формалды белгілері бойынша диагностика жүйелерінің кең көлемді *төрт санатын* бөліп көрсетуге болады: *банкiлердi бағалудың рейтингiлiк жүйелерi; қаржы коэффициенттерi мен топтық сараптама жүйесi; банкiлiк тәуекелдердiң кешендiк жүйелерi; статистикалық модельдер.*

Бірнеше жүйені қолдану, олардың тым болмаса біреуі проблемалық банкіні анықтау ықтималдығын жоғарылатады. Жүйелер негізінен компьютерді қолдану арқылы сапалық бағалаулар мен сандық есептеулерді қиюластырады. Кейбірінде сараптамалық пайымдаулар көбірек болады. Келесілерде компьютерлік бағдарламалардың қызмет түрлері басымырақ болады.

Тұтастай алғанда банкілік қадағалаудың барлық жүйесі банкілік секторға тиетін теріс әсерінің алдын алу үшін тәуекелдерді табуға бағытталған. Базель комитетінің жаңа талаптарын (Базель II) ескере отырып, қазір әлемде тәуекелді басқару жүйелеріне үлкен назар аударылады. Банкілердегі тәуекел-менеджмент банк қызметін іске асыру барысында пайда болатын тәуекелдерді тиімді басқаруға бағытталған. Бұл жағдайда тәуекелді басқару процесі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Тәуекелді идентификациялау: тәуекелдік ахуалдардың тізбесін қалыптастыру және тәуекелдер мен критерийлерді

жіктеу. Банкілік тәуекел түрлері Базель комитетінің тізбесінде берілген. Банкілер осыны және өз қызметінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, қолайлы тәуекелдер мен олардың жіктелуін анықтауы керек.

2. Тәуекелді бағалау: тәуекелдік ахуалдардың ықтималдығы мен әсер етуінің сапалық немесе сандық бағалауы, сонымен қатар олардың пайда болуы мен шешімінің реттілігін анықтау. Тәуекелді бағалау дисперсия есептеулері, вариациялаудың стандартты ауытқулары мен коэффициенті көмегімен статистикалық, математикалық тәсілдер арқылы жүргізілуі мүмкін. Соңғы жылдары Value-at-Risk (VaR) тәсілдемесі ерекше танымал болып кетті. Белгілі бір кіруші мәліметтерге сүйене отырып, бұл тәсіл стандартты жағымсыз нарықтық толқулар жағдайында кредиттік институттың шығын шегу мүмкіндігі бойынша болуы мүмкін ең жоғары шығындарды есептейді. Бұдан басқа сараптамалық тәсілдер, тәуекелді бағалаудағы аналогия тәсілі, тәуекелді балмен бағалау тәсілі, «шешімдер «ағашы», тәуекелді модельдеу тәсілі (тәуекелді модельдеу тәсілі нұсқаларының біріне Монте-Карло тәсілі жатады) қолданылады.

3. Тәуекелді басқару бойынша шараларды жобалау: тәуекелдік жағдайлардың салдарын азайту үшін баламалар жасау. Оларға мыналар жатады: тәуекелден жалтгару, тәуекелді шегеру (шектеу), әртараптандыру, лимиттендіру, сақтандыру, резервтендіру. Бұл жағдайда сақтандыру мен резервтендіру тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын азайтуды мақсат етіп қоймайды, олар тәуекелдің салдарынан пайда болған материалдық зиянның орнын толтыруды мақсат тұтады.

4. Тәуекелді басқару бойынша шараларды іске асыру және оның сараптамасы: тәуекелдік жағдайлардың зардаптарын азайту, нәтижелерін бағалау. Бұл кезеңде банкінің ішкі аудитіне маңызды рөл беріледі.

Осы схеманы жүзеге асыру іс жүзінде ақпарат пен оны өңдеудің жеткілікті көлемінің, банкі талдаушыларының салмақты теориялық білімі мен тәжірибелік машықтарының болуын қажет етеді. Мұның бәрі тәуекелді кешенді басқару процесін қымбатқа түсіреді.

Тағы да II-Базель келісімі талаптарына сүйене отырып, тәуекелді басқару ауқымында кредиттік және операциялық тәуекелдерге ерекше маңыздылық берілетінін атап өту керек. Кредиттік тәуекелді басқарудың маңыздылығы негізінен қарыз және кредит беруге байланысты, сондықтан олардың тәуекелге ұшырағыштығы қарыз алушылардың жағдайларына өте көп байланысты болғандықтан банкі кредиттік тәуекелді бағалау мен оны басқаруды тыңғылықты жүргізеді.

Дамыған елдерде жасалынған банкілік тәуекелді басқару тәсілдерінің шын мәнінде тиімділігі жөнінде іс жүзінде дәлелдер бар. Дамыған елдердің экономикасы ұзақ уақыт бойы шайқалған жоқ және осы себептен банкілердің қызметі мен тәуекелді басқару да біршама қолайлы сыртқы шарттармен жүргізілді. Соған қарамастан, тәуекелді басқарудың шынайы тиімділігі тек қана экономикалық, я болмаса белгілі бір мөлшердегі қаржы сілкінісі жағдайларында бағалануы мүмкін.

Кредиттік қоржын банкілер кірісінің, сондай-ақ және сол мезгілде – активтерді салу кезіндегі тәуекелдің негізгі көзі. Банкінің тұрақтылығы, оның беделі (репутациясы), оның қаржылық табыстары банк қоржынының құрылымы мен сапасына тәуелді. Сондықтан барлық банкілерде қоржын ішіндегі кредиттердің сапасына бақылау, банкінің кредиттік саясатының қабылданған стандарттары мен мақсаттарынан ауытқу жағдайларын анықтау мақсатында сараптама жүргізіледі.

Әдетте қоржында екі немесе одан көбірек инвестициялық құрал болады және олар әртараптандыру мақсатында жасалады, бұл шығындар тәуекелін азайту үшін қасиеттері бойынша инвестициялық құралдарды қолдану дегенді білдіреді. Қоржын түсімділік көзқарасы бойынша инвестордың мақсатына қол жеткізілмейінше әртараптандырыла береді.

Әртараптандыру түсімділігі төмен бір қаржы құрамы түсімділігі жоғары екінші қаржы құралына ауыстыруға бағытталған баланс есебінен болатын жүйеленбеген факторды азайтады. Инвестициялық құралдарды мұқият іріктеу арқылы ондай тәуекелді азайту, олардың шаруашылық салаларының

кең спекторына жатуын талап етеді. Жақсы құрастырылған инвестициялық қоржында экономикалық қызмет саласының кем дегенде екі саласына жататын құралдары болады.

Әртараптандыру тәуекелді төмендетіп, оның талап етілген деңгейіне жету үшін қоржынға қанша инвестициялық құрал қосу керек деген сұрақ туындайды.

Рейтингі бойынша кредитлерді (ссудаларды) жіктеу банкіге кредиттік қоржының құрамын бақылауға мүмкіндік береді. Соңғы тексерістің нәтижесі бойынша ілгеріде 1,5%-дан аспаған Кредиттік несиелер (ссуда) Қоржынның 5%-ын құрайды деп жорамалдайық. Қоржынның төмендеу себептерін анықтау және жағдайды түзеу үшін шаралар қолдану қажет. Егер де несиелердің (ссудалардың) теріс нәтижесінің өсуі шаруашылықтың белгілі бір саласының қарыз алушысына немесе кредиттің белгілі бір түріне байланысты болса, ол жағдайда бұл несиені (ссуданы) беруді тоқтату қажет.

Қарыз алушының кредит төлеушілігін бағалау бір көрсеткішке – қарыз алушының рейтингісіне жинақталуы мүмкін. Рейтинг балмен анықталады. Балдардың сомасы қандай да болмасын коэффициенттің кластығы (1,2,3) мен оның үлесін пайыздарға көбейту арқылы есептеледі. Мысал үшін алайық, бірінші класқа 100-150 балл, екінші класқа 151-250, үшіншіге 251-300 балл алатын қарыз алушылар жатады.

Рейтингілік бағалаудың нәтижесі бойынша қарыз алушы кәсіпорындардың қаржы жағдайларына мынадай ең төменгі талаптар қойылды:

Ірі кәсіпорындар үшін:

Жалпы капитал	> 1 млн. тенге;
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	> 1,5;
Ұзақ мерзімдік борыш/капиталдану	< 0,5;
Ұзақ мерзімдік борыш/(Акционерлік капитал)	< 1,75;
Пайыздарды салық алдында жабуы	> 3,0;
Ақша ағыны/Ұзақ мерзімдік борыш	> 0,2;
Ұзақ мерзімдік борыш /Нетто-негізгі активтер	< 1,5;

Нетто-айналым капиталы/ Ұзақ мерзімдік борыш $> 0,5$;

Кіші және орта бизнес кәсіпорындары үшін:

Жалпы капитал > 500 тыс. тенге;

Займдық қаржысы/меншікті қаржысы $< 0,5$;

Меншікті қаржысы/Активтер $> 0,5$;

Ақпалай қаржысы/Қысқа мерзімдік міндеттемелер $> 0,3$.

Банкілердің кредиттік саясаты келесі міндеттерді шешуге бағытталған: кредиттік тәуекелдерді азайту; кредиттік жұмыстарды ұйымдастыру мен кредиттік қатынастарды дамытуды халықаралық стандартқа жеткізу; қабылданған кредиттік шешімдерге ұдайы бақылау жасап отыру; банкінің ұдайы кіріс алуы.

Кредит саясаты банкінің кредит берудің негізгі ережелері мен шарттарын, сонымен қатар кредит ұсыну мүмкіндіктері туралы қорытынды дайындау кезінде қызметкерлер негізге алатын стандарттар мен параметрлерді анықтайды.

Банк әлеуетті қарыз алушылар қызметінің сараптамасын егжей-тегжейлі жүргізеді.

Штатында жоғары кәсіпқой қаржы қызметкерлері бар ірі клиенттер жақсы деңгейде дайындалған және аудиторлық фирма бекіткен сараптамасын жасағанда мынадай қаржы-математикалық есептеу тәсілдерін қолданатын құжаттама ұсынуы мүмкін: а) Кредиттік тәуекелді бағалаудың статистикалық тәсілдері («Зета» моделі мен Альтман теңеуі, Чессер моделі, Д. Дюран кредиттік скоринг техникасы және т.б.) шетелдік банкі тәжірибесінде кең қолданысқа ие болды; б) қаржы коэффициенттері жүйесі (Әлемдік банк жасаған) барлық әлемде, соның ішінде ресейлік банкілер жұмысында да қолданылады. Бұл жүйені қаржы коэффициентінің (Әлемдік банкінің әдістемесіне сәйкес) 5 негізгі тобына бөлуге болады:

1) Өтімділік коэффициенті өтімділік (жабу коэффициенті деп те атайды) және жылдам (оперативті) өтімділік (оны «қышқылдық тест» немесе «лакмус қағазы» деп те атайды) деп екіге бөлінеді.

Жалпы формула:

$$\text{Класс} = \frac{\text{активтер}}{\text{пассивтер}}$$

мұнда активтер мен пассивтер сараптаманың бағытына байланысты әр құрамада топталуы мүмкін.

2) Тиімділік немесе қорлардың ауысымдылығы (дебиторлық борыштар, незігі капитал және т.б.) коэффициенті компания басшылығының активтерді тиімді қолдануын бағалауға мүмкіндік береді. Негізгі капитал мен активтердің ауысымдылығы клиенттің капиталдық салымдар үшін кредит алу және ұзақ мерзімдік кредиттеу кезінде ескеріледі. Кредит төлеушілікті бағалау кезінде коэффициент емес, олардың серпіні (ауысымдылығы тежеледі немесе жылдамдайды) бағаланады.

3) Қаржы левереджі коэффициенті (оны басқаша қаржы рычагының коэффициенті, борыш көрсеткіші деп те атайды) меншікті капитал мен тартылған қаржы, компания акционерлері (пайшылар) мен оның кредит берушілері арасындағы тәуекел қалай бөлінгенін көрсетеді. Займдық қаржылардың фирма иелерінің меншігіне деген қатынасы негұрлым жоғары болған сайын кредит берушілердің тәуекелі де жоғары болады және банк жаңа кредит беруге соғұрлым сақтықпен қарауы керек.

Компанияның жоғары қарызды банкроттығы жағдайына кредит берушінің салған қаржысын қайтарып алу мүмкіншілігі өте аз болады. Борышты бағалау үшін бірінші кезекте негізгі қаржыны жабу (Кнқж) коэффициенті есептелінеді:

$$\text{Кнқж} = \frac{\text{негізгі қаржы}}{\text{меншікті капитал}}$$

Мұнда негізгі қаржының қандай бөлігі меншікті капитал есебінен қаржыландырылғаны көрсетіледі. Негізінде гимараттар, жабдықтар және басқа да ұзақ мерзімдік активтер

не акционерлер (пайшылар) не болмаса ұзақ мерзімдік займдар көмегі арқылы жабылуы тиісті.

4) Түсімділік (рентабельділік) коэффициенті компанияның жалпы тиімді жұмысын, оның басшылығы мен жеке-леген қызметінің табысты саясатын көрсетеді. Түсімділік (табыстылық) көрсеткіштері есептелгенде таза пайда сатылым сомасы, компанияның активтері мен акционерлік (пайлық) капиталы сияқты параметрлерімен салыстырылады. Банк қызметкері тарапынан бұл коэффициенттің бірқатар жылдар бойы өзгерістері қызығушылық тудырады.

5) Қарызды жабу коэффициенті компанияның операциялық қызметі процесінде ақша қаржыларын генерациялау жолы арқылы ағымдағы борышын төлей алу мүмкіндігін бағалайды. Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының басты көрсеткіші – оның алған кредиті бойынша пайыздары мен негізгі қарызын төлей алу мүмкіндігі. Толық сараптама үшін ақша ағынының кестесі жасалады. Бірақ қарызды жабу коэффициенттерін есептеу тәсілі қарапайымдырақ және жеделірек. Бұл ең алдымен $K_{aa} = \text{Таза түсім} + \text{Амортизация} - \text{Дивиденттер} / \text{Займдар}$ ақша ағымының коэффициенті.

Бұл коэффициент таңдалған кезең ішінде займдар бойынша негізгі қарыз бен пайыздарды жабу үшін операциялардан түсетін компанияның ақша түсімінің қандай бөлігі қажет болатынын көрсетеді. Бұл коэффициент неғұрлым төмен болған сайын қарыздарды жапқанда «қауіпсіздік маржасы» да соғұрлым төмен болады. Теория жүзінде бірлікке тең коэффициент компанияның қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан экономикасының түрлі саласын қаржыландыру – банкілердің негізгі қызметі. Оның ішіне шынайы секторды қысқа- және орта мерзімдік кредиттеу, сауда кредиттеулері, қаржы лизингісі, тұтынушылық кредиттеу және т.б. жатады.

Шетелдерден арзан ресурстарды тарту арқылы банкілер өзі кредиттейтін Қазақстан экономикасының салалары мен секторларының тізімін кеңейтті. Бүгінде банкілердің кредиттері саудада, құрылыста, ауыл шаруашылығында, өндірістің

химиялық, мұнай-химиялық, мұнай-газ салаларында, азық-түлік өнімдерін өндіруде және халық шаруашылығының басқа да салаларында жұмыс істеуде.



- Котерме сауда
- Электр қуаты
- Жеңіл өнеркәсіп
- Тамақ өнеркәсібі
- Қонақ үй, мейрамхана, дәмхана
- Байланыс
- Химиялық және мұнай-химиялық өнеркәсіп
- Қаржы делдалдығы
- Басқалары
- Ауыл шаруашылығы
- Құрылыс
- Жеке сауда

9-сурет. Экономика секторлары бойынша берілген кредиттік қоржын

Қарыз алушылар заңды тұлғаларға өндірісті дамыту үшін негізгі құралдардың құнынан 50% көлемінен аспайтын шикізат, материалдар мен қуат тасығыштар сатып алуға; сауда, қозғалмайтын мүлік нысандарын құрылысы саласымен айналысатын компаниялардың айналым қаржысын толтыру үшін займ беріледі. Займдарды жабу займ келісімшарты бойынша белгіленген кезеңмен немесе займды қайтарудың бекітілген мерзімі соңында жүргізіледі, бұл банкілер мен қарыз алушыға ақша ағымын алдын ала жоспарлауына мүмкіндік береді.

Кредит жүйесі – займ келісімі бойынша қарыз алушы бірнеше рет ақша алып, оны қайтара алатын займ формасы. Кредит жүйесі, қарыз алушының айналым қаржысын толтыру үшін ұсынылады және бұл оған займдық қаржыларды тиімдірек қолдануға мүмкіндік береді.

Сенімді кредит алуға мүмкіндігі мол қарыз алушыларға банкілер овердрафт – бір айдан аспайтын займдар ұсынады. Овердрафттар әдетте бейақцептік тәртіпте ақшаны сызып

тастау арқылы займды жабуға жеткілікті тұрақты бизнесі, елеулі ақша ағыны бар, банкідегі есепшоттарына күнделікті ақша түсімін қамтамасыз етіп тұрушы қарыз алушыларға беріледі. Овердрафт қарыз алушының банкілік есепшоттары бойынша және онымен овердрафт алуға дейінгі 6 айдың ішінде үлестес (аффилирленген) компаниялардың орта айлық кредиттік айналымынан 25%-дан аспайтын сомада беріледі. Қарыз алушының банкідегі айналымы туралы (алынған займдарды түрлі валюталармен банкілік есепшоттар бойынша дубльдеуші айналымдарды, үлестес компаниялар арасындағы ақша аударымдарын есептемегенде) және овердрафт ұсынған мерзімнен бастап банкіге ақша айналымын аудару шарты бойынша басқа да банкілер берген аналогтық мәліметтер есепке алынады. Овердрафты қарыз алушы есеп беру айының соңына дейін жабуы кетек. Тұтынушылық займдар қарыз алушыларға – тұтыну бұйымдарын, құрылыс, жылжымайтын мүлік сатып алуға, қызмет түрлерін төлеуі үшін жеке тұлғаларға беріледі. Займды қайтаруды қарыз алушылар займ шартына байланысты іске асырады. Тұтынушылық займдар тұтынушылық кредиттеудің әр түрін жүргізу ережелеріне сәйкес 85%-нан аспайтын сомада қамтамасыз ету құнының беріледі.

Тұтынушылық кредиттеу шеңберінде займдар тұтынушылық кредиттеудің әр түрін жүргізу ережелеріне сәйкес заңды тұлғаларға да берілуі мүмкін.

Ломбардтық кредиттеу – қарыз алушы жеке тұлғаларға қарыз алушының жылжымалы мүлкін кепілдікке қою арқылы кепілдікті қамтамасыз ету құнының 40%-дан аспайтын сомасы көлемінде қысқа мерзімдік займдар беру.

Факторингтік операциялар – банкі мен тауар (жұмыс, қызмет) сатушының арасында жасалынған факторинг туралы келісім негізінде банкінің төлемеу тәуекелін мойнына алып, тауар сатып алушының төлеу талаптары құқығын алуы.

Лизингілік операциялар – инвестициялық қызмет түрі, бұл бойынша банк (лизинг беруші) меншікке сатып алып немесе құрылысын салып, оны клиентке (лизинг алушыға) белгілі бір ақыға, білгілі бір мерзімге және келісімшарт арқылы келісіл-

ген шарттар бойынша кәсіпкерлік мақсат үшін уақытша иелік етіп пайдалануға беруге міндеттеме алады. Бұл жағдайда лизинг алушыға берілген бұйым мерзімі оның құнының барлық немесе негізгі бөлігінің (80%-дан кем емес) амортизациялау мерзіміне шамалас болуы керек. Жеке кәсіпкер болып табылатын заңды тұлғалар да, жеке тұлғалар да лизинг алушылар бола алады.

Құрама Штаттарда банк қадағалауы бойынша 3 агенттік – Федералды резерв жүйесі, Ақша айналымы бақылаушысы және Депозиттерді сақтандыру бойынша федералды корпорация бастапқы кезде банкілердің қаржы жағдайын бағалау үшін өздерінің жүйелерін қолданды. 1978 жылы осы агенттіктердің барлығы өздерінің рейтингілік жүйелерін стандарттау туралы келісім жасады және бұл келісім осы күнге дейін өз күшінде. Бұл жүйенің ішіне банкі тұрақтылығының барлық өте маңызды бөліктері енеді және олардың бас әріптері үйлесімін көрсететін «Camel» атауын талдасак:

C – capital adequacy, бұл капитал жеткіліктілігі. Жүйе салымшыларды қорғау үшін банкінің қандай капиталы қолданылуы керек екендігінің және оның көлемін анықтайды. A – asset quality, активтер мен бейбаланстық баптардың «қайтып келушілігі» дәрежесін анықтаушы активтер сапасы. M – management, басқару (менеджмент) сапасы, бұл жүйе жұмыс нәтижелері қалыптасқан саясат, бақылаудың тереңдігі және заңдар мен нұсқамаларды сақтау негізінде банк менеджментінің сапасын бағалайды. E – earnings, түсімділік немесе пайдалылық. Банкінің болашақ өсуі үшін түсімділігін анықтайды. L – liquidity, өтімділік. Жүйе әдеттегі және мүлдем кездейсоқ міндеттемелерді атқару үшін банкі өтімділігінің жеткіліктілігін анықтайды.

Банк супервизорлары капиталды салымшыларды қорғаудың басты көзі ретінде қарастырады. Жақсы капитал банк салымшыларының өз ақшаларын жоғалтуына жол бермей, салмақты шығындарды бастан кешіруі мүмкін.

Төленген акционерлік капитал, акцияның бағамдық құнының номиналдықтан асып кетуі, үлестірілмеген пайда, жалпы резервтер мен заңмен жазылған резервтер капитал ретінде қарастырылады және кейде өзекті капитал деп те аталады. Бұған жатқызылатын капиталдың басқа түрлері кейде қосымша капитал деп аталады: бұған негізгі қорларды қайта бағалауға арналған салымшылардың мүдделеріне бағынышты болатын, болашақ кредит беруші мен қарыздық құралдардан болатын шығындарды жабушы еркін резервтер енеді. Капитал анықталғаннан соң оны немен салыстыру керек екендігін таңдау қажет. Әдетте бұл не депозиттер, я болмаса жиынтық активтер болады, бірақ та капиталды банкінің баланстық та, бейбаланстық та баптары бойынша өзіне қабылдайтын тәуекелге қарсы қою қажет деген сөз емес.

Банк тұрақтылығы компоненттерінің маңызды бөлігі шынайы құны бухгалтерлік кітаптарда көрсетілген құнына сәйкес келмейтін активтер мен «қайтып келмейтін» (үмітсіз) активтер сапасын анықтайды. Кредиттер мен қызметтің басқа түрлерін жақсы білетін сырттай (супервизорлар) проблемалы кредитті үшін жіктеуді «қайтымдылық» сараптамасының негізінде жүргізеді.

Стандартты және күмәнді активтер мен зиян шегулерді жіктеу жүйесі тексерушіге CAMEL жүйесі шеңберінде барлық рейтингілердің активтерін анықтауға және кредиттеуден болған зияндарды жабу үшін резерв санын білуге мүмкіндік береді.

CAMEL рейтингілік жүйесінің үшінші бөлігі – менеджмент. Менеджментті бағалау банк қызметінің нәтижесін бағалаудан басталады. Жақсы менеджменті бар банкілердің жеткілікті капиталы, жақсы сападағы активтері, жеткілікті пайдасы және қанағаттанарлық өтімділігі болуы керек. Сондықтан да CAMEL жүйесін қолданушы супервизорлер қалған төрт көрсеткіш бойынша мәлімет алмайынша менеджментті бағалауды жүргізбейді.

CAMEL бағалау жүйесінің төртінші бөлігі – кірістерді бағалау немесе басқа сөздермен айтқанда банкінің түсімділігі.

Банкілер өз капиталдарын өсіру үшін табысты болуы керек. Жаңа капитал акция шығару немесе акция ұстаушылардың капитал салуы сияқты сыртқы көздер арқылы пайда болса да, капиталдың басым бөлігі пайдадан құралады. Капитал өсірудің пайдасы үлестірілуден сақталған жағдайда ғана болады. Пайдасының барлығы толығымен дивидендтерге кететін банкілер өзінің капиталын өсіру үшін шамалы ғана іс істей алады. Капитал сияқты пайда да салыстырмалылық арқылы сапалық жағынан өлшене алады. Банк түсімділігін бағалауға жиі қолданылатын көрсеткіш – активтердің орта көрсеткішімен салыстырғанда пайда болып табылады. Ол активтер арқылы алынған активтерге салық төлегеннен соң пайыздық қатынаста өлшенеді. Бұл жерде салық төлегеннен қалған (бірақ та дивиденттерді төлегенге дейін) таза пайда Аударушы болып саналады, Айырушы – банк пайда тауып отырған жиынтық активтердің орташа жылдық (пайда түсімі тоқсан сайын өлшенетін болса да) көлемі болады.

CAMEL жүйесінің қорытынды көрсеткіші – өтімділік, ол банкінің өз міндеттемелерін тез атқару мүмкіндігін көрсетеді. Банкілердің қолма-қол ақшаға жеңіл аударуға болатын өтімділік активтері болуы керек, я болмаса олар өз міндеттерін атқару жөніндегі шамалы ғана ишара болса, өз қорларын көбейту мүмкіндігіне ие болуы керек. Өтімділікті басқаруға баалансты басқарудың екі бөлігі де енеді, бұл өтімділіктің тез өсуі үшін қолжетімді ресурстардың қолда болуы деген сөз. Бағалау нәтижелері бойынша өтімділік жоғары, қанағаттанарлық, орташа, сыни және қанағаттанғысыз болып анықталады.

Банк супервизоры CAMEL жүйесінің барлық бес құрамын бағалағаннан соң, еркін рейтинг деп аталатын банкінің жалпы рейтингісін анықтау мүмкін болады.

Әрбір көрсеткіш «1»-ден (күшті) «5»-ке (қанағаттанғысыз) дейінгі нөмірімен бағаланады. Бес көрсеткіш қосылады да, баға алу үшін беске бөлінеді. Банкілік супервизорға жиынтық баға банкі тұтастай алғанда «жақсы», «қанағаттанарлық», «жеткілікті» әлде «қанағаттанғысыз» екендігін анықтайды. Жиынтық бағаның бақылаушы органдар жағынан банкіге деген қатынасы – маңызды көрсеткіші. CAMEL рейтингілік жүйесі

банкiлердi бағалаудың мамандандырылған тәсiлiн көрсетедi, бiрақ оның тиiмдiлiгi банкiлердi тексеру мен бағалау жүргiзудi жүйелi жүргiзiп отыратын супервизорлардың бiлiктiлiгi мен объективтiлiгiне байланысты болады.

Банкiлiк капиталдың қызметi – банк қызметiнiң көлемiн, типi мен сипатын қолдау; банк түрлi себеппен зиян шеккен жағдайда қорғау; қоғам қажеттiлiктерiн қанағаттандыру iсiн қамтамасыз ету. Депозитарийлердiң банк қызметi бойынша тәуекелдi өзiне алмауы тиiс екендiгiн көпшiлiк мақұлданғандықтан, капитал активтердiң қысқаруын және басқа да болуы мүмкiн шығындарды жабуға жеткiлiктi болуы керек.

Жиынтық капитал терминi жиынтық акционерлiк капитал, болуы мүмкiн кредиттiк шығындарды жабуға арналған резервтi, сонымен қатар субординацияланған ноталар мен қарыздық мiндеттемелердi қамтиды. Тәуекелдiк активтер жиынтық актив болуы мүмкiн кредиттiк шығындар, қолма-қол және банк-корреспондент есепшоттарында жатқан қаржылар, АҚШ Қазынашылығының құндықағаздары, АҚШ үкiметтiк мекемелерiнiң облигациялары, АҚШ Үкiметiнiң құндықағаздары, сатылған федералдық қорлар мен қайта сату туралы келiсiм арқылы сатып алынған құндықағаздар ретiнде анықталады. Тәуекелдiк активтер коэффициентi активтердiң әртүрлi құрылымына байланысты тәуекел дәрежесiн анықтай алмайтын болғандықтан, ол банкiлiк капиталдың соңғы бағалауын алу үшiн активтердiң сапалық көрсеткiшiмен бiрге қолданылуы тиiс.

Келесi кестеде капиталдың жиынтық көрсеткiшiн алуға қолданылатын директивалар мен шектеулi шарттар келтiрiлген (16-кесте).

16. Активтер сапасының шектеушi шарттары*

Капитал рейтингi	Шарттары
1.	Активтер сапасы «1» немесе «2»-ге бағалануы тиiс.
2.	Активтер сапасы «3» немесе одан көп бағалануы тиiс.
3.	Активтер сапасы «4» немесе одан көп бағалануы тиiс.

4.	Капитал мына үлгіде бағаланады – егер тәуекелдер бойынша өлшенген активтер капиталға зиян тигізсе.
5.	Капитал мына үлгіде бағаланады – егер шығын ретінде жүйеленген активтер капиталға зиян тигізсе.

* Валровен және Портер бойынша автор құрған.

1-4 рейтингілер үшін тәуекелді активтердің коэффициенті капиталдың нақты рейтингісімен байланысқан арнайы көрсеткіш-рейтингіге теңесуі немесе асып кетуі тиіс. 5-рейтинг үшін тәуекелді активтер коэффициенті белгілі бір шектен төмен болуы керек. Егер де активтердің сапасы «күшті» немесе «қанағаттанарлық» деп бағаланған болса және супервизордың бағалауына сай жақсырақ жай расталатын болса, банкінің жалпы қаржы жағдайына сәйкес келетін болса белгілі бір көрсеткіштерден төмен тәуекелдік активтер коэффициенті міндетті түрде активтердің бағасынан төмен болады деген сөз емес. Егер де шарттар орындалмайтын болса, онда капиталдың рейтингісі жіктелетін активтердің сәйкес көлемі мен тәуекелі деңгейіне дейін төмендетілуі тиіс. 4 және 5-шарттар тәуекелдік активтер көрсеткішіне тәуелсіз қолданыла беріледі.

17-кестеде көрсетілген директивалар нақты және мызғымас критерийлер емес және бағалау элементтерінің болуына да жол береді. Сонымен қатар, егер де неғұрлым лайығырақ рейтинг тағайындау үшін іске жарайтын басқа да ойлар назарға алынбаса, капитал директиваларға сәйкес бағаланады.

17. Капитал жеткіліктілігін бағалау*

Баға	Жинақталған капитал коэффициенті	Бастапқы капитал коэффициенті	Шектеулер
1.	7%	6%	Активтер сапасы 2-ден кем емес. Тәуекел активтер коэффициенті 11%-дан кем емес.
2.	6%	5.5%	Активтер сапасы 3-тен кем емес. Тәуекел активтер коэффициенті шектелмеген.

3.	5,5%	5%	Активтер сапасы 4-тен кем емес. Тәуекел активтер коэффициенті шектелмеген.
4.	5%	5%	Өлшенген капиталдан бастапқы капиталдан артық
5.	<5%	<5%	Шығындар жіктелімі бастапқы капиталдан артық.

* Валровен және Портер бойынша автор құрған.

Активтердің сапа рейтингісі келесі жүйесі келешекте тәуекелдің банк капиталына әсер ету дәрежесін нақтырақ анықтау үшін әрбір санатқа салмақ тағайындау арқылы жіктелінуші активтердің тәуекел дәрежесін айқындау үшін жасалынған: стандартты емес – 20%, күмәнді – 50%, шығын – 100%. Ортақ өлшенген жіктелім – 20% стандартты емес, 50% күмәнді және 100% шығын-активтер енуші агрегат. Активтердің сапасын бағалау рейтингісі: Стандартты емес \$ ___ x 0,2 = \$ ____; Күмәнді \$ ___ x 0,5 = \$ ____; Шығындар \$ ___ x 1,0 = \$ ____.
Ортақ өлшенген жіктелім (ОӨЖ) = \$ ____.

$$\text{Активтер сапасының көрсеткіші} = \frac{\text{ОӨЖ}}{\text{СК}} = \text{_____} \%.$$

Бастапқы капитал (БК) дегеніміз – карапайым акциялар, мерзімсіз жеңілдетілген, капитал артықтығы, міндеттемелермен жүктелмеген резервтер, ойластырылмаған (тосын) жағдайларға арналған резервтер және капиталдың басқа да резервтері, міндетті айырбастауға жататын құралдар, сонымен қатар кредит бойынша шығындарды жабуға арналған резерв.

Жалпы капиталға деген өлшенген жіктелімдер қатынасы – активтердің сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіш. Рейтингіде бағалаудың 5 типі болады:

Рейтинг-1 (күшті). Орта өлшемді жіктелімдер жиынтық капиталдың 5%-нан аспаған жағдайда, әдетте активтер осылайша бағаланады. 5%-нан шамалы асып кетуі, егер де экономикалық жағдай жақсы болып, басшылық өзін проблема-

лы кредиттермен жұмыс істей білу қабілетін көрсеткен жағдайда рейтинг-1-ге қайшы келмейді. Бірақ, егер қарастырылған жағдай жоғарыда айтылған шеңберінен шығып кететін болса немесе инвестициялар мен кредитті концентрациялау жөнінде қосымша мәселелер, «жұмыс істемейтін» активтердің үлкен үлесімен немесе фиксацияланған активтерді үлкен инвестициялауға байланысты мәселелер бар болатын болса, бұл жағдайларда басқа, тіпті өлшенген жіктелімдер жалпы капиталдың 5%-ынан аспайтын болса да, төменірек рейтинг қолданылады.

Рейтинг-2 (қанағаттанарлық). Оң және теріс бағаны қолданғанда, өлшенген жіктелім жалпы капиталдың 15%-нан асып кетпеуін ескеріп ілгерідегі негіздер мен нұсқамаларды басшылыққа алу керек.

Рейтинг-3 (орташа). Өлшенген жіктелімдер жалпы капиталдың 30%-нан аспауын есепке алып жоғарыда көрсетілген негіздерді нұсқауға алу керек.

Рейтинг-4 (төменгі шекті). Өлшенген жіктелімдер жалпы капиталдың 50%-нан аспауын есепке алады.

Рейтинг-5 (қанағаттанғысыз). Өлшенген жіктелімдер жалпы капиталдың 50%-нан асып кеткен жағдайда активтер осылайша бағаланады (18-кесте).

18. Активтер сапасының бағасы бойынша рейтингтік қатынастар*

Рейтинг	Негізгі қатынастар
1.	0≤5
2.	5≤15
3.	15≤30
4.	30≤50
5.	>50

*Автор құрастырған.

Кірістер осылардың деңгейі (саны) мен құрылымы (сапасы) негізінде бағалануы керек. Екі аспекті де түпкі рейтингіні анықтау үшін бағаланады. Сандық аспект сол сияқты банкілердің немесе орташа банкілердің топтарына қатысты

банк активтерінің түсімділігі сараптамасының көмегі арқылы бағаланады. Кіріс пен шығыс банкілік операциялардың көлемі мен түріне байланысты күшті вариацияланатын болғандықтан, осы жол кірістердің сандық аспектісін бағалауда қолданылады. Сол сияқты банкілер тобымен салыстырмалы сараптамалауынан бұрын алынған бағалау банкінің таза кірісінің сапасын немесе құрылымын толық көрсету үшін модификацияланады (қажеттілік болған жағдайда). Бұл қадамның маңызы өте зор. Кірістерге олардың құрылымы зерттелінбейінше ешқандай да рейтингі берілмейді.

Кірістердің сандық аспектісі банкілердің сәйкес топтарымен салыстырғандағы үш жылдық банк активтерінің түсімділік сараптамасы (таза кірісті активтердің жалпы сомасының көлеміне бөлу арқылы анықталады) арқылы бағаланады. Активтердің жалпы сомасының кезекті деңгейлері – кірістерді сараптау кезінде қолданылады. АҚШ бойынша жалпы қабылданған салыстыру топтары болып табылады: 50 млн доллардан төмен, 50-100 млн доллар, 100-300 млн доллар, 300 млн доллар – 1 млрд доллар, 1,5 млрд доллар және 5 млрд доллардан жоғары.

Кірістіліктің үш жыл бойғы орташа көлемі әр топ үшін тағайындалады және осы топтың әрбір банкісі үшін есептелінеді. Бұл – салыстыру топтарында базаланатын барлық бастапқы үш жылдық көрсеткіштерді әрбір банкі үшін жеке кірістілігін салыстыруға мүмкін болатындай ретімен орналастыруға мүмкіндік береді. Берілген тізімді - орташа деңгейді ең жоғарғы деңгейден 15%-ға, жоғары деңгейден 50%-ға, келесіден 25%-ға және төменгілерді 15%-ға бөлетін деңгейлер бастапқы пропорцияларды орнату үшін қолданылады.

Бұл бастапқы мәліметтер әрі қарай тап осы жылғы әрбір жеке банкінің түсімділігі бағаланатын стандарт ретінде қолданылады. Үш жылдық мәліметті қолдану шаруашылық серпініне байланысты кірістегі қысқа мерзімдік құлдырау нәтижесінің стандарттарға әсер етуін азайтады, осы жағдай арқылы кірістер критерийі тұрақтырақ және кезеңдік ауытқуларға азырақ ұшырағыш етеді.

Тәжірибе бойынша тексеруші банкіге түсімділіктің алдын ала жасалынған рейтингісін беру үшін банкінің толық жыл бойғы активтерінің түсімділік көлемін олардың бастапқы мәліметтермен салыстырады. Аралық актілер де ақырғы рейтингіні қою үшін қолданылуы керек. Ақырғы рейтингіні қою кезінде кірістер тренді сияқты маңызды факторды есепке алмауға болмайтынын қатты ескеру керек.

Кредит бойынша тым жоғары немесе адекваттық емес резервтерді көрсетуші таза кіріс, үлкен салық жеңілдіктері, құндықағаздар бойынша тым үлкен кірістер мен маңызды бір реттік кірістер, әдетте сол сияқты көлемнен алынған, бірақ тұрақты операциялар мен бұл факторларға ұшырамаған таза кіріске қарағанда сапасы нашар болады.

Күмәнді сапалы кірістер алдын ала жасалынған бағалау кезіндегіге қарағанда осылайша төменірек рейтингілер бойынша да бағалануы мүмкін, себебі операциялар бойынша жеткілікті кіріс ала алмау қабілеті тапшылыққа алып келеді және бұл ақырғы рейтингіде нақты көрсетілуі тиіс.

Менеджмент банк қызметі басшылығының жүргізіп отырған тиімділік позициясы бойынша бағаланады. Әкімшілікке жүктелетін жауапкершілік күрделілігі бойынша кең ауқымда вариацияланады. Банк функциясының шарттары қызметтің көлемі мен түріне байланысты болады, ал кейбір банкілер үшін бұл уақыт бойынша да өлшенеді. Өз міндеттерін тиімді атқаратын операцияларда көлемі, түрі және уақыт бойынша үнемі өзгеріп отыратын менеджмент өз ісіне жетік болмай шығуы мүмкін және сондықтан ол сәйкес бағасын алуы керек.

Әкімшіліктің қызметі объективті және субъективті факторлардың кең спекторы арқылы бағаланады. Басшылық қызметі капитал жеткіліктілігі, активтер сапасы мен түсімділік сияқты факторларға қосымша басқа параметрлер арқылы да бағаланады: а) техникалық біліктілігі; жетекшілік және әкімшілік жұмысқа деген қасиеттері; ә) банк қызметін жүргізу ережелерін сақтау; б) жоспарлау және өзгертін жағдайларға көңіл аудара білу; в) ішкі саясатқа деген икемделушілік; г) үлгерушілік; ғ) жұмысты дербес атқару үрдісі; д) қоғамдық банк қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылыс.

CAMEL жүйесі бойынша жалпы 5-ке бағаланған коммерциялық банкілерге жататын активтердің жағдайы банкілік сектордың даму үрдісін өте дәл сипаттайды және ол экономикалық конъюнктураның өзгеруінің ерте белгісі есебінде қолданылуы мүмкін.

Қазақстанда «CAMEL» жүйесі капитал, актив, менеджмент, кірістілік және өтімділік бойынша банк қызметінің жалпы рейтингілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Банкіні толыққанды кешенді инспекциялау «CAMEL» жүйесінің компоненттеріне сәйкестікке тексеру бойынша біртұтас есеп беруді жасауға мүмкіндік береді.

CAMEL жүйесі компоненттерін тексергеннен соң жалпылаушы бағасы есептелінеді де, банкіге жалпы рейтингі тағайындалады.

«Күшті» рейтингіні алған банкілер қызметінің барлық аспектілері бойынша сенімді қаржыға ие болады, бұлардан табылған болымсыз проблемалар қызмет барысында жойылады.

«Қанағаттанарлық» рейтингілі бар банкілер негізгі аспектілері бойынша қаржыға ие болады. Мұндай банкілер шағын сипаттағы проблемаларды шешуге және экономикалық конъюнктура мен банк жүйесінің дамуындағы өзгеріп тұратын жағдайларға бейімделуге мүмкіндігі бар.

«Орташа» рейтингілі банкілер пруденциалдық нормативтер бойынша бірқатар жаңылыстарға жол бергендіктен қаржы жайы әлсіз болады. Егер де банкілік сектордың экономикалық жағдайы жағымды жақтарға қарай бұрмайтын болса, онда қаржы жайы нашарлай береді.

«Төменгі шекті» рейтингісі бойынша банкілердің қаржы қызметінде бірқатар кемшіліктер болады, бұл тұрақсыз жағдайдың көріністерінің белгісі. Егер де қажетті шаралар қолданылмаса банкінің жағдайы нашарлайды да, бұл болашақта банкінің өмір сүру мүмкіндігін күмәнға айналдырады. Әлеуеттік банкроттықтың белгілері болады. Банкіде пайда болған проблемаларды жою үшін жасалаған егжей-тегжейлі жоспар қажет.

«Қанағаттанғысыз» рейтингісі бар банкілер жақын болашақта банкрот болудың жоғары дәрежесіне ие болады. Жағдай сын көтермейді, тез арада акционерлер мен басқа да қаржы көздерінен қаржылай көмек қажет болады. Жағдайды түзеу және қаржылай демеу көрсету үшін шұғыл шаралар қабылданбаса, оны қайта капиталдандыруды немесе күштеп таратуды жүргізу қажет ететін жағдайға әкелінеді.

Банкіні қайта қаржыландыру – бұл банкінің меншікті капиталы мен активтерінің арасындағы қатынас бұзылған жағдайда банк капиталының адекваттығын қалпына келтіру. Оның жолдары: 1. Өз акционерлерінің қосымша құрылтайшылық жарналарын немесе капиталдың есеп тапшылығын жабатын көлемдегі капиталға жаңа инвесторларды тарту жолы арқылы банкінің акционерлік капиталын өсіру; 2. Секьюритизациялау арқылы банк активтерінің құрылымын өзгерту; тартылған банкаралық капиталды акционерлік капиталға салымдар түрінде қайта құру; фиксацияланған активтерді сату.

● Негізгі түсініктер, терминдер

Рейтингілік жүйе, кредит сапасының рейтингісі, кредит рейтингісінің коэффициенті, левередж (қаржы рычагы), қарызды немесе қарызға қызмет көрсету туралы міндеттемені жабу, тәуекелдерді басқару процесі, кредиттік қоржын, қаржы коэффициенттері жүйесі, кредиттік желі, овердрафт, ламбардтық кредиттеу, лизингілік операциялар, CAMEL банк жағдайын бағалау жүйесі, капитал жеткіліксіздігін бағалау.

Бақылау сұрақтары

1. Кредит сапасының негізі неде?
2. Кредиттің сапа бойынша коэффициентіне сипаттама беріңіз.
3. Қысқа мерзімдік активтер үшін ұзақ мерзімдік кредиттеуді қолдану неге әлеуетті қауіпті жағдай тудырады?

4. Тәуекелді басқару кезеңдері туралы айтып беріңіз.
5. Неге Базель-2 келісімі тәуекелді басқаруда кредиттік және операциялық тәуекелге маңыз береді?
6. Қарыз алушы кәсіпорынның қаржы жағдайына қойылатын ең төменгі талаптар қоюмен қарыз алушының рейтингісін бағалаудың мәні неде?
7. Әлемдік банк құрастырған банкінің қаржы жағдайын бағалау коэффициенттерінің жүйесі туралы айтып беріңіз.
8. CAMEL жүйесі бойынша активтердің рейтингілерін анықтау қалай іске асады?
9. Тәуекелдің банк капиталына әсер ету дәрежесі бойынша активтердің сапа рейтингісінің мәні неде?

БАНКІЛІК КАПИТАЛ ДЕНГЕЙІНЕ, КРЕДИТТЕУ БОЙЫНША

6. БАНКІЛІК ӨНІМДЕРГЕ, ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕРГЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Банк қызметінің неғұрлым толықтырылып, өлшенген тәуекелді есепке алуға негізделген капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды анықтаудың жаңа механизмін іске қосу дискуссиялық сипаттағы бірқатар мәселені алға қояды. Біздің пікірімізше, ішкі рейтингілерге негізделген модельге сәйкес кредиттік тәуекелдер бойынша капиталға қойылатын талаптар көлемін анықтаудың негізгі проблемасы – белгілі бір мерзім ішінде капиталға қойылатын талаптардың жұмыс істейтін уақыт кезеңін таңдау. Әлеуетті шығындарды капиталмен жабу мерзімі әр түрлі – кредитті жабудың орташа мерзімі әдетте үш жылға, ал кейбір елдерде жеті жылға созылады, яғни оны бір жылдан біршама елеулі кезеңге дейін созуға болады.

Көптеген ғалымдар кредиттік жабуды бір жылдың ішінде қолдану банкілерге экономикалық жоғалтуларды бағалау тәсілін қолдануға және өндіріп алынбайтын қарызды толық сызып тастауды жүргізуге мүмкіндік береді деген пікірге келіседі. Соңында кредиттік тәуекелді жабу кезеңін оның ағымдағы банкілік тәжірибеге неғұрлым сәйкес келетіні ескеріліп бір жылдық мерзім таңдалып алынады. Бұл жағдайда кәсіпорынның кредиттеріне байланысқан тәуекелдер бойынша капиталға қойылатын талаптардың көлемін анықтау үшін IPH-жол базасында экономикалық шығындарды бағалау тәсілі мақұлданды.

Кредиттік қоржын бойынша тәуекел мен кредиттің жабылуы мерзімінен бұрын орындалған жағдайда оның қалдық мерзімі есепке алынбай қалды. 1998 жылғы Келісімде ережеден тыс тек қана ОЭСР-ге мүше және мүше емес елдер арасындағы банкаралық кредиттер бойынша ғана тәуекелді бағалауға жабу мерзімі параметрлерінің әсері есепке алынады.

Кредиттің басқа түрі бойынша, корпорациялықтарды қоса алғанда, мұндай бағалаулар жүргізілген жоқ. Бұл жөніндегі шікірлердің әркелкілігі кредиттердің барлық түрі бойынша жабу мерзімділігінің толық кезені тәуекел деңгейіне әсер етуші маңызды фактор бола ма деген сұрақтан туындайды.

Бұл мәселені шетел экономистерінің эконометрикалық модельдердің негізінде зерттеуі жабудың толық мерзімділігі тәуекелдің өсуіне және банкілердің кредит қоржынының жалпы құнына біршама ықпал ететінін көрсетті. Сондықтан да Базель комитеті капитал жеткіліктілігі бойынша базалық талаптар кредиттік тәуекелді орта есеппен үш жылдың ішінде жабу керек деп тапты. Сонымен қатар жаңа Базель келісімінде кредиттерді толық жабудың тәуекелдерінің ықпал етуін есепке алудың екі нұсқасы ұсынылды. Бұл нұсқалар – не қарыз алушылардың банкрот болуы жағдайындағы банк шығындарын бағалау тәсілі, не болмаса кредиттер сапасының нашарлау ықтималдығын есепке алатын экономикалық шығындар тәсілі.

Ірі рейтингтік агенттіктер қарыз алушыларға ұзақ мерзімдік рейтингілер бере отырып, әдетте бірінші кезекте кезеңдік факторға көңіл аударады, яғни экономикалық құлдылау фазасында аман қалу жағдайын ескеріп, қарыз алушының төлем төлеу мүмкіндігінің перспективаларын бағалайды. Кейбір банкілер өз рейтингілерін тағайындағанда кезеңдік факторға сүйенеді. Бірақ ғалымдардың бірқатары егер де капиталға қойылатын талаптар кезеңдік есептеуге сүйеліп жасалған рейтингілерде базаланатын болса, онда банкілер рецессия фазасында бұл кезеңге тән үмітсіз қарыздарды сызып тастауға және арнайы резервтік қорлар жасауға байланысты капиталға түсетін қысымға қарсы тұра алмайды деп болжайды. Банкілер капиталға деген талаптардың көлемін көбейтуге және көптеген қарыз алушылардың рейтингілерін түсіруге амалсыз мәжбүр болады. Негізінде бұл шынайы экономикадағы жағдайға негативті әсерін тигізеді. Мұндай экономикаға жасайтын қолайсыз жайларды жою үшін Базель келісіміне арнайы қарыз алушының төлем төлеу қабілеттілігін болашаққа болжау элементі міндетті түрде нақты қарыз алушының дефолт ықтималдығын бағалауға енуі керектігі туралы ереже енгізілген.

Бірақ кейбір ғалымдар банкілердің қарыз алушыларға рейтингілер тағайындауы шынайы экономика үшін сол тәріздес негативті жағдайға әкелуі мүмкін деп есептейді.

Базель келісімі бойынша капитал жеткіліктілігін анықтаудың кешенді механизмінде жатқан ақпаратты пайдалану банкілерді тексерудің неғұрлым маңызды тәсілдерінің бірі болуы керек. Соның ішінде – банкілерден қарыз алушылардың дефолт ықтималдығының нақты аймағында кредиттерді тарату қалай жүргізілгені туралы негіздеулер ұсыну талап етіледі. Бұл шара банкілік қызметтің осы бөлігінде нарықтық тәртіптің тиімділігін арттырады деген болжам бар.

Қарыз алушылар типі (кредиттік кәсіпорындар, үкіметтік органдар, банкаралық кредиттер) тәуекелді есепке алғанда Базель комитеті осы тектес айырмашылықтарды қолданыстағы 1988 жылғы Келісімде де болуын басшылыққа алады және бұл дифференциация логикалы түрде қолданыстағыдан қарыз алушының дефолт ықтималдығы (probability-of-default approach) тәсілін қолдану негізінде тәуекелдерді жіктеу туралы жаңа келісімге де ауысуы мүмкін. Мамандар бұл проблеманы сараптай келе, қарыз алушылар дефолтының жиілігі мен банк шығынының арасындағы байланыс іс жүзінде қарыз алушының типіне байланысты емес екендігіне көздері жетті. Облигациялар бойынша спредтердің салыстырмалы сараптамасы үкімет органдары мен банкілерге қарыз беру тәуекелі корпорациялық кәсіпорындардың қарыздарына қарағанда төмен болмайтынын көрсетеді. Комитет дефолт ықтималдығы тәсілі (Probability-of default, PD method) мен дефолт нәтижесіндегі шығын факторы (Loss given default, LCD factor) негізінде капитал жеткіліктілігі көлемін есептеу арқылы кредиттік тәуекелдің мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың немесе басқа да банкілердің қарыздарына жататындығына қарамай капиталға біркелкі талап қою керектігін ұсынады.

Қолданыстағы Базель келісінде екінші деңгейдегі банк капиталында активтер тәуекелі бойынша өлшенген соманың 1,25%-дық шекті деңгейімен жалпы провизия жасауды қарастыратын ереже бар. Екінші деңгейдегі капиталға кепілге

салынған, бірінші кезекте күтілетін тәуекелдерді жабуға арналған жалпы провизия төтенше тәуекелдерге де қарсы қолданыла береді. Төмен рейтингілі қарыз алушыларға және төтенше тәуекелдерге қарағанда күтілетін шығындары жоғары болатын бөлшек кредиттеу проблемалы болып келеді.

Жаңа келісім бойынша капитал бір жылға беріледі, осы ішінде күтелетін де, төтенше де шығындар жабылуы тиіс.

Банкілер үшін қандай да бір төлем төлеушілік стандарттарының бір ізді нақты сәйкестендірілген (унифицированный) деңгейін анықтау және ұсыну проблемасы көпшілік экономист ғалымдардың кереғар пікірлеріне ие. Проблеманың дискуссиялық сипаты бір жағынан қадағалау органдарының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында болса, екінші жағынан алып қарағанда – экономиканың тұтастай алғандағы тиімді жұмысының талаптарымен байланысты.

Ағымдағы банкілік тәжірибеде кредиттік тәуекелдерді бағалау ішкі рейтингілерге негізделген жолға сәйкес рейтингілері бар активтердің әрбір санаты дефолттың ықтималдылық бағалауы негізінде жүзеге асырылады. Алынатын нәтижелер әдетте реттеуші органдардың ең төменгі деңгейдегі жеткіліктілігінің төлем төлеу қабілетіне сәйкес келеді. Қадағалаушы органдардың қаржы жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде тиімді реттеу жүргізуі оның халықаралық және жекелеген елдердің экономикасындағы жетекші рөлін көрсетеді. Англия банкісінің сараптамашылары ХХ жүзжылдықтың соңғы 25 жылы ішіндегі 43 қаржылық-банкілік дағдарыстарды зерттеп, олар әкелген экономикалық көрсеткіш бойынша шығынды ІЖО орташа жылдық көрсеткішінің 15-20% деңгейінде бағалайды.

Аталған мәселемен айналысып жүрген бірқатар экономист-ғалымдардың пайымдауы бойынша нарық жағынан тәртіпке шақыратын қысым көпшілік банкілерді, ең алдымен жоғарғы рейтингілерін (АА деңгейіндегі), өздігінен реттеуші органдардың араласуынсыз-ақ төлем төлей алу стандартын тағайындауға итермелейді. Ғалымдар тұрақтылығы әлсіздеу банкілер санаты үшін қадағалаушы органдар жағынан төлем

төлей алу және капитал жеткіліктілігі стандарттары бойынша реттеуші әсері болуы керек деп санайды. Сонымен қатар олар қадағалаушы органда реттеп отыратын капиталға қойылатын талаптар стандарттары қаржы-банкі жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуден басқа, нарық банк қызметінің тиімділігін бағалайтын өзіндік эталон (benchmark) рөлін атқарады дейді. Бұл эталлонның тым төмен немесе тым жоғары деңгейі нарықтық тәртіпке негативті әсерін тигізуі мүмкін.

Бір жағынан қарағанда – капиталға ең төменгі деңгейдегі талаптарды бекітетін төлем төлеу стандарты банкі әріптестерінен немесе салымшыларынан айрылып қалмай тұрып қадағалаушы органдарға шара қолдану үшін уақыт беруі тиіс. Екінші жағынан алып қарағанда – бекітілетін талаптар деңгейі экономиканың тұтастай тиімді жұмыс істеуіне проблема жасамауы үшін тым жоғары болмауы керек.

Нарықтық тепе-теңдікке жетудің өзіндік эталоны мен құралы ретінде реттеуші стандарттар рөлін қамтамасыз ету критерийін басшылыққа алған Базель келісімі қандай да болмасын төлем төлей алудың нақты стандарттарын орнатпайды. Бірақ та онда капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды анықтауда төлем төлей алу стандарттарының кейбір шарттары қайта қарастырылған.

Мысалы, келісімде IPH-жолды қолданғанда капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптар күшіне енетін актив рейтингісінің минималды деңгейі ВВВ-ны құрайтыны бекітілді. Қарыз алушының дефолт ықтималдығын бағалаудағы ауытқуларды жабу үшін «экстра-буфер» қарастырылған. Сонымен, капиталға қойылатын талаптардың меншік сомасын қарыз алушының дефолт ықтималдығының түрлі шегінде тұрған активтер тәуекелін қосқанда, мысалы, 8% деңгейіндегі капиталға қойылатын талаптардың жалпы көлемі шықса, онда дефолт ықтималдығы бағасы 0,7%-ды құрайды.

Ғалымдар капиталдың жалпы көлеміне қатысты кредиттік тәуекелді бағалауда стандартталған жолды қолданғанда қазіргі қолданыстағы Келісімдегі тап сол деңгейді (8%), ал банкілер IPH-жолды қолданған жағдайда бұл тәуекелді бағалау тәсілінің таралу ауқымын ынталандыру үшін талаптардың біршама төмен көлемін ұсынуға болады деп есептейді.

Жекелеген елдер мен жалпы әлемде қаржы жүйелері мен тиімді экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етуде банкілер жүйесі жаңа Базель келісімі мен ұлттық қадағалаушы органдар реттеуші бастама мен нарықтық тәртіптің банкілерге әсер етуі процесінде шектеулі үйлесімді қамтамасыз етуші кешенді, егжей-тегжейлі ойластырылған тұрақтандырушы және тепе-теңдік механизмі ретінде көрінуі керек. Мұндай жол шеңберінде банкілерге кредиттік тәуекелді жабу үшін капиталға қойылатын негізгі талаптардың негізгі компоненттерін анықтау үшін ішкі механизмдер мен процедураларды кеңінен қолдануға рұқсат етілген.

Бұл біртұтас механизмнің шеңберіндегі пруденциалдық қадағалаудың ролін өсіру ұлттық бақылаушы органдарды жекелеген банкілердің тәуекелдер құрылымын мұқият зерттеуге және егер де тәуекел деңгейі тым жоғары болғанда капиталға қойылатын талаптарды өсіруді қоса алғанда нақты ескерту шараларын ұсынуға түрткі болады. Капитал жеткіліктілігіне қойылатын негізгі талаптарды тиімді табуға және бекітуге мүмкіндік беретін тәуекелді табуға бағалау құралдарын қолдануға арқа сүйейтіндіктен Базель келісімін банкілік қоғамдастық өкілдерінің көпшілігі жылы қабылдады.

Оның негізгі бағыттарын қамтамасыз ету үшін әрбір банкі кредит ұсынуға байланысты көпшілік мәселелер бойынша банкінің кредиттік стратегиясын көрсететін өзінің кредит жүйесін жасауы керек.

Қарыз бойынша қызметтер кредиттеудің келесі түрлері бойынша іске асырылады:

а) **Кредиттік желі** – клиенттің белгілі бір соманы әдетте 180 күннен аспайтын белгілі бір кезеңге қарызға ала алатын қызмет түрі. Кредиттік желінің мынадай түрлері болады: 1) Хабарлаушы немесе дәлелдеуші желі: банкінің кредиттейтін тілегін білдіруші келісім. Бұл келісім банкінің ресми міндеттемесін білдірмейді. Бұнда комиссия алынбайды. 2) Міндеттемелік желі: бұл келісімге сай банкі клиентті оның өтініші бойынша жазбаша түрде міндеттеменің келісімінде ескерілген мерзімдер мен шарттарға сәйкес кредиттеуге міндеттеме алады. Бұл келісім банкінің заңды міндеттемесін көрсетеді. Банк мұнда

өзінің міндеттемесі үшін ақы алады. 3) Бағыттаушы желі: банкі ішінде мақұлданған, бірақ клиент талқыламаған желі.

ә) **Айналымдық кредит** («револьверлік») – формальды келісімшарттары бойынша клиент несиеіні өз тілегі бойынша белгілі бір сомаға дейін алып және қайтарып отырады. Мұнда кредиттеу шегі әрбір кредитті қайтарған соң қайта қалпына келтіріліп отырылады. Мұндай келісім әдетте жылдан артыққа созылады. Келісім бойынша комиссия алынады.

б) **Қысқа мерзімдік несие** («уақытша несие»): кредитті бір жыл ішінде мерзімді және бір немесе бірнеше төлемді жабу арқылы жүргізілетін бір реттік несие.

в) **Ұзақ мерзімдік несие**: жабу мерзімі бір жылдан асатын қандай да болмасын бір реттік несие.

Тізілген өнімдердің ішіндегі міндеттемелік желіден басқасынан барлығы қамтамасыз етілмеген, қамтамасыз етілген және кепілдендірілген болуы мүмкін. Әр елдердегі банкілік жүйелер кредиттің әр түріне, кейде тіпті бірегей мерзімді және шартты түрлеріне ие. Мысалға алғанда – еуропалық банкілер қысқа мерзімдік кредиттердің басым бөлігін жеке тұлғалар мен компаниялар үшін ұсынады. Бұл ақшаны салу және сызып тастау нәтижесінде кредиттік қалдықтар (бұлар бойынша пайыз алынады) мерзім-мерзім дебеттік қалдықтармен (бұлар бойынша пайыздар алынады) ауыстырылатын біртұтас есеп жүргізудің қарапайым және тиімді жүйесі. Бұл жүйе – кредит есепшоттары ағымдағы есепшоттардан немесе талап етілгенге дейінгі есепшоттардан бөлек жүргізіледі, ол АҚШ-та қолданылады. Бірақ негізінен кредиттер құрылымы, қарызға қызмет көрсету талаптары кредиттер мен оларды жабушыларға берілетін төлем мерзімі барлық жерде біркелкі болады. Банкіде клиент өзінің мүмкіндік шегіне өнімнің қарай және банк қызметкерінің мақұлдауымен түрін таңдап ала алатын «себеті» («өнім себеті») болады.

Коммерциялық банкілер өз табиғаты бойынша қысқа мерзімдік кредиттеушілер болып табылады. Мұның себебі – олар өнімдер себетін құрауда жоғары деңгейлі өтімділік дәрежесі маңызды қысқа мерзімдік депозиттерді, яғни болашақтағы анықталмаған қолжетімділікті (және анықталмаған бағасыз)

қаржыландыру көзі шектеулі болып келді. Банк белгілеген мөлшердегі тәуекелді шектеу үшін қысқа мерзімдік кредиттерге назар аударуға тура келеді. Батыс банкілері бұл шектеулерді біршама табысты, кейде тіпті үлкен құн төлеу арқылы немесе тіпті қаржыландыру көздерін кеңейту арқылы, я болмаса ұзақ мерзімдік кредиттерге қысқа мерзімдіктердің сипаттамасын беру арқылы да жөнуді үйренді.

Кредиттің мақсаты – әдетте кредиттің мерзімін қолдану кестесін және қарызды жабу кестесін анықтайды. Әдетте кредиттің мерзімі күтілетін төлемдер ағынында көрініс беретін күтілетін жобаның мерзімімен (немесе қарыз алушының кредитке мұқтаждығы уақытымен) және клиенттің қарызға қызмет көрсету мүмкіндігімен шектеледі.

Кредитті нақты бермес бұрын банк кредиттің типі мен мазмұны банкінің қоржын стратегиясына (мысалы, әртараптылық мәселелеріне) сәйкес келетініне көзі жетуі керек. Ол және қаржыландырудың көрсеткіштері мен кредиттің бағасын сараптау үшін қаржы департаментімен кеңесіп алуы керек.

Кредиттік қызметті әр түрлі жіктеуге болады (19-кесте).

19. Кредиттік қызмет көрсетулерді жүйелеу*

	Кредиттер санаттары
I.	Кредит алушының типі бойынша.
1.	Тұтынушылық
2.	Бөлшектік/көтерме
3.	Ауылшаруашылық
4.	Коммерциялық/өнімділік
5.	Жылжымайтын мүлік
6.	Қуат
7.	Үкімет – жергілікті басшылық, штаттар, ұлттық/федералдық
II.	Мақсаты бойынша:
1.	Тұтынушылық (мысалы, тұтыну товарлары, автокөліктер)
2.	Айналымдағы капитал
3.	Жабдықтар
4.	Ғимараттар
5.	Жобалар
6.	Лизингілік қаржыландыру
III.	Іс-әрекет мерзімі бойынша:
1.	Қысқа мерзімді (1 жылдан кем)

2.	Орта мерзімді (1-4 жыл)
3.	Ұзақ мерзімді (5 жыл және одан да артық)
IV.	Өтеу кестесі бойынша:
1.	Тең төлемдермен (мысалы, айлықтармен – тұтынушылық кредит үшін)
2.	Кезеңдік төлемдер (мысалы, тоқсан сайың, жарты жыл сайың, жәрдемақылық кезеңмен/-сіз, модификацияланған кредит – «шар», яғни төлеу кезінде бұрын төленген төлемдерден артық төлемді талап ететін кредит)
3.	Ортақ төлеммен (қысқа мерзімді, орташа ұзақ мерзімді кредит – «шар»)
V.	Қамтамасыз ету бойынша:
1.	Қамтамасыз етілмеген
2.	Кепілмен қамтамасыз етілген (қолда бар ақшамен, құнды қағаздармен, дебиторлық борышпен, қорлармен, жабдықтармен, жермен және ғимараттармен)
3.	Кепілденген (жеке меншікпен, шектелмеген, үшінші жақпен)
4.	Өзге қамтамасыз ету (міндеттемелер, келісімдер, міндеттемелі хат)

* Шетел көздерінің материалдары бойынша автор құрастырған.

19-кестеде келтірілген мысалдар келесі екі топқа бөлінуі мүмкін: ағымдағы активті қаржыландыруға арналған кредиттер және негізгі қорларды қаржыландыруға арналған кредиттер (ұзақ мерзімді активтер).

Ағымдағы активтерді кредиттеу. а) фермаларға тұқым, тыңайтқыштар, пестицидтер және т.б. алуға берілген маусымдық кредиттер; туристік секторға (жазғы, қысқы спорт) берілетін кредиттер; негізінен қысқамерзімдік бір рет төленетін арнайы 30-180 күндік. Бұдан басқа қаржыны 180 күнге дейін пайдалануға болатын кезеңді маусымдық кредит желісі немесе лимит санына барабар қарапайым овердрафт та болады. Мұндай кредитнің маусымдылығын көрсету үшін қарыз алушы маусымдық кредит арудан белгілі бір кезеңге дейін, мысалы 30 күнге, я болмаса тым құрығанда жылына бір ретке тоқтай тұруы керек. б) Кейде кредитке мұқтаждық жобаның ұзақтығына байланысты (мысалы, құрылысқа арналған кредиттер) өзгеруі мүмкін. Бұл жағдай кредиттік желімен жоба аяқталғанша мерзімдік төлеулер арқылы қаржыландырылуы мүмкін. Осы уақытта кредиттік желі бірнеше төлеу арқылы ұзақ мерзімдік борышқа айналып

кетуі мүмкін. с) «Стенд-бай» аккредитиві ағымдағы активтерді кредиттеумен ғана шектеліп қоймайды, оның қысқа мерзімдік сипаттамасы бар және клиенттің тапсырысы бойынша үшінші жаққа төлеу міндеттемесін атқару қызметін көрсетеді. Әдетте банкінің бірінші класты клиентінің тапсыруымен (банкі одан ақшаны кейінірек алады) – қайталану мүмкіндігімен бір жыл ішінде жұмыс істейді. Бұл міндеттемелер (шартты міндеттемелер) сирек орындалады.

Негізгі қаржыны кредиттеу. Бұл әдетте бір жылдан астам мерзімгі берілетін кредиттер – бұл активтерді қолдану кезеңі туралы үміттерді көрсетеді.

а) *Шұғыл кредиттер* – бұл жылжымайтын мүлікпен салыстырғанда тиімдірек нысандарды, және де табиғи ресурстарды (кен орындарын, мұнай және газ скважиналарын және т.б.) жобалау және пайдалану сияқты дербес жобаларды кредиттеудің кең санаты. Жабу шартына әдетте клиенттің болжанған ақша ағымына байланысты кезеңдік төлеулер енеді және толық төлеу активті пайдалану мезімі аяқталғанша күтіледі.

б) Коммерциялық, өндірістік немесе тұрғын үй нысандарын қаржыландыруға ұсынылған *құрылыс кредиттері* көп жағдайда қарыз алушыға кредитті пайдалану уақыты мен сомасын анықтауға мүмкіндік беретін револьверлік міндеттемелер түрінде болады. Активтер кредит кепілі ретінде жиі қолданылады. Жабылуы күтілетін төлемдер ағымына байланысты түрлі нұсқада болады. «Шар төлемдері» – келісім мерзімінің аяғында төленетін біртұтас төлем немесе модификацияланған төлем. Бұл аралық кредиттер ұзақ мерзімдік кредит берушілердің банкіге «көмектесуі» туралы келісімі, яғни аяқталған жобаны ұзақ мерзімдік негізде қаржыландыру шартымен беріледі.

с) *Қозғалмайтын мүлікке кредиттер* банкінің жылжымайтын мүлік департаментінің қамтамасыз етуі негізінде (жылжымайтын мүліктің нарықтық немесе бағалау құнының 100 пайызынан төмен кепілдікке берілетін кредит) коммерциялық жылжымайтын мүлікті немесе тұрғын үй жылжымайтын мүлкін қаржыландыру үшін ұсынылады.

d) *Кредиттеудің жоғары мамандандырылған формасы* тұрақты қорлардың болуын талап етеді. Бірақ мұндай қорлар барлық банкіде болмайды. Жобалық кредиттер – қызметкердің немесе жалданған кеңесшілердің біршама жоғары техникалық білімінің болуын қажет ететін жоғары мамандандырылған кредиттер. «Айрықша» жиі қаржыландырылады: бұл кредиттердің сапасы көп ретте аяқталған жобадан алынған төлем ағындарын болжауға негізделген. Мысалы: металдар мен көмір кен орындарын, мұнай мен газ скважиналарын, электр станцияларын және т.б. жасауды қаржыландыру. Бұл кредиттеу кезінде қабылданатын негіздер: қарыз алушының техникалық репутациясы, жобаның жасалуы мен маркетинг жүйесінің сапасы, кепілдіктердің қолжетімділігі және т.б. Жобалық кредиттер жиі құрылыс кредиттері сияқты, яғни бірінші револьверлік міндеттеме, одан соң жеңілдік кезеңімен, мерзімдік жабу төлемдерімен, кейде «шар» модификацияланған төлемімен орта немесе ұзақ мерзімдік кредит түрінде ұйымдастырылады.

e) *Лизингілік қаржыландыруың* арендатордың ликвидтігі мен салық төлеміне жиі зардапты кредиттеу формасы. Лизингілік қаржыландыру негізінен орта және ұзақ мерзімді активтерге жатады, мысалы автомобильдер мен жүк көліктеріне, машиналар мен жабдықтарға, теміржол құрамына, кемелерге және т.б. Лизингілік қаржыландыру кезінде жалға беруші, бұл жерде – банкі болады, бірақ банкілік емес қаржы делдалы клиент жалға алушы активтің заңды иесі болып табылады. Жалдың түріне қарай – жалға алушы аталған активті келісім мерзімінің соңында сатып алуға құқығы болады. Заңды мәселелер үлкен мәнге ие. Құжаттама тоқсан сайынғы немесе ай сайынғы төлем төлеп отыруды қажет ететін орта немесе ұзақ мерзімдік арендалық келісім ретінде ресімделеді (Бұдан басқа – қамтамасыз бойынша, банкілермен лизингілік компанияларды қаржыландыруды іске асыруға болады).

Проблемалық кредит кредиттердің кең санатын – кредиттік келісімшарты пайыздарды немесе негізгі соманы жабудағы күмәнді бір ортақ сипатын қамтиды. Бұл жағдайдың маңыздылығы жеке банкі мен банкілік жүйе үшін дамыған елдерде де, дамушы елдерде де соңғы жылдары бірнеше мәрте дәлелденген. Бұл – уақыт ағынымен маңыздылық дәрежесі

ғана өзгеріп отыратын тұрақты проблема. Мұндай ерекше көңіл бөлудің екі себебі бар: бұл – коммерциялық банкілердің көпшілігінің жоғары «левереджі» (өндірістік фирмалармен салыстырғанда) және пассивтердің, яғни қаржыландыру базасының тұрақсыздығының жоғары болуы. Банкілердің тәуекелді активтерінің сапасының, соның ішінде кредиттік қоржынның төмендеуінен болған нарықтағы оқиғаларға деген өте әлсіздігі осының нәтижесі.

Банкілер сияқты қадағалаушы органдар да әлсіздікті азайтуға тырысады: банкілер капиталдың салыстырмалы түрдегі күшті құрылымын кредиттік саясат, процедуралар мен бақылау арқылы жүргізсе, олар жоғары дамыған елдің банкілерінің бақылауы мен аудитінің тиімді жүйесін демейді.

Банкінің кредиттік қоржынының сапасын бағалаудың жүйелік тәсілі қарыз алушының кредиттік келісімнің мерзімі мен шарттарын, соның ішінде – қарызға қатыстысын қалай атқарып жатқанына байланысты болады. Кредиттерді немесе рейтингілерді жіктеу банкілердің өздері жиі құрайды және сүйен отырады. Бұдан басқа «жіктелген» термині қадағалау күзеті қолданатын жіктеудің ресми жүйесіне жиі жатқызылады. Мұндай жүйелердің елден елге көшетіні және жиі қайта қарастырылатыны анық. Федералдық резервтік Жүйе (ФРЖ) – Құрама Штаттардың Орталық банкісін қадағалаушы үш органның бірі. Қалған екеуі – ұлттық ретінде тіркелген банкілер үшін ақша айналымының Бақылаушысы және корпорациямен сақтандыратын коммерциялық банкілер үшін депозиттерді сақтандырудың федералдық корпорациясы. Сонымен қатар әрбір штатта банкілік комиссиялар сол штатта тіркелген банкілердің және ФРЖ-ны мүше емес банкілердің аудиторлық тексеруін жүргізеді. Бұл үш федералдық орган аудиторлық қызметтің жұмысын егжей-тегжейлі үйлестіреді. ФРЖ-ні анықтау бойынша жіктелген кредиттер төрт санатқа бөлінеді:

- 1) Арнайы еске алынатын кредиттер – әлеуеті нашар кредиттер деп танылады (мысалы, баламалы емес кредиттік келісім-шарт, шынайы кредиттік тәжірибеден ауытқулар және т.б.);
- 2) бейстандартты – банкінің нақты шығындалу мүмкіндігі, қарыз алушы тепе-тең күшінің болмауы;

3) күмәнді – қайтарып алу немесе барлық соманы жою арқылы алу; шығын ықтималдылығы өте жоғары;

4) шығынды – құны болмайды.

Бұдан басқа кредитті қайтарып алу процесінде жақсы қамтамасыз етілмеген болып табылмаса, төлеу мерзімі 6 ай және одан да ұзақ уақытқа асып кеткен кредиттер енетін «заңнамалық нормалар» бойынша оны «жаман несие» анықтауға болады.

АҚШ-тікімен салыстырғанда Польшадағы қолданыстағы жүйе нашар ұйымдастырылған болды. Тәуекел тұжырымдамалары мен анықтаулары жаңа болғандықтан аудит процедуралары енді ғана жөнге келіп жатты. Оның үстіне коммерциялық жеке меншік банкілер әлі жас және тез өсіп келе жатқан еді, аудит пен бақылаудың жақсы ұйымдастырылған сыртқы және ішкі жүйесі болмады. Ревизорлардың талдампаздығы, мүмкіндіктері мен тәжірибелері шектеулі болғандықтан, олардың саны атқарылатын жұмысқа сәйкес келмеді. Бірақ Польшаның банкілік секторы да (жекеменшік және мемлекеттік банкілер), үкімет те мықты, салауатты және жақсы бақыланатын банкілік жүйенің маңыздылығын түсініп, жағдайды жақсарту үшін шаралар қолданды.

1991 жылдың маусымында поляк банкілері тұнғыш рет өздерінің кредиттерін жіктеуі және оны тоқсан сайын Ұлттық банкіге беретін есебінде көрсетуі тиіс болды. Қарапайым жіктеуге мыналар енеді: 1) қарапайым есепшоттар – мұнда аты көрсетіледі, көзге көрініп тұрған және маңызды проблемалар жоқ; 2) жабылмаған кредиттер – поляктардың сәтсіз ақша аударуы, бұған 3 және 4-санаттарға енбеген барлық проблемалық кредиттер енеді; 3) клиенттердің проблемалары – төлеу мерзімі 3 айдан асып кеткен төлемдер (резервтерді жасау талап етілмейді, бірақ ұсынылады); төлемдердің төлеу мерзімі алты айдан асып кеткенде кредит 4-категорияға ауыстырылады; 4) күмәнді және даулы кредиттер – банкрот-клиенттерден кредитті өндіріп алу үшін резервтер құру талап етілді.

Проблемалық кредит анықталғаннан соң-ақ банк басшылығы мүмкін қадамдардың бірі ретінде болашақ ықтимал

шығындарға қарсы резервтер жасауды қарастыруы керек. Қашан және қандай резерв жасау керек екендігі жөніндегі шешім банкілік менеджменттің табиғатына байланысты болады. Басшылық сапа философиясы мен кредиттік қоржынның құнын үнемі бағытқа алуға тырысу керек. Олар акционерлердің, салымшылардың, кредит берушілердің мүдделеріне сай келетін және банкінің репутациясын ақша нарығында қорғай алатын резерв жасайды.

Кредиттер бойынша шығындардың адекваттығы (банк басшылығының бағасы бойынша) «жақсы бағадан» бастап тәуекелді басқару коэффициентімен салыстырылатын коэффициентті қоса алғандағы сандық тәсілді қолдануға дейін өзгереді. Мұндай есептеудің бірі 20-кестеде көрсетілген.

20. АҚШ жүйелеуі бойынша қорды кредит шығындарына бағалау*

ABC Банкі

Барлығы 3 млрд долларға кредит берілген

Атауы	Бөлек ескертілген кредиттер	Стандартты емес кредиттер	Күмәнді кредиттер
Өтелмеген	50 млн	15 млн	5 млн
Есептен шығарудың орташа коэффициенті	1,2%	1,2%	-
Тәуекел факторы	3,5x	12x	90%
Өлшенген коэффициент	4,2%	14,4%	-
Болатын шығын	2,1 млн	2,16 млн	4,5 млн

* Шетел көздерінің материалдары бойынша автордың есептеуі

Шығын барлығы 8,76 млн. теңгеге немесе кредиттің жалпы сомасының 2,92%-ына тең.

20-кестеде сызып тастау коэффициенті жіктелген кредиттеушілердің түрлі санатына қолданылатын тәуекелдің өлшенген факторлары тәрізді ABC банкінің тәжірибесінде көрсетілген. Бұл жағдайда есептен шығару коэффициенті мен тәуекел факторлары жеке санаттарға жататын болса да, тәуекел бойынша мағлұматтарды экономиканың түрлі саласындағы тәуекелді зерттеу үшін қолдануға болады.

Кредиттер бойынша шығындарды, дәлірек айтқанда, проблемалық кредиттерді басқару банкінің тәжірибелі мамандарының біршама жұмыс уақытын қажет етеді. Шығындарды басқарудағы ең жақсы саясат – түсімділігі жағынан алғанда, банкінің репутациясын айналып өту. Тиімді кредиттік саясат мен процедураларды демеуде болатын шығыстар проблемалық кредиттер мен шығындарға қарағанда біршама аз болады.

Проблемалық кредиттерді басқаруда кредиттеуші банк екі іс-шара өткізуі керек: олар – қайта қалпына келтіру (реабилитациялау) немесе тарату. Қай шараны қолдану керектігін банкі басшылығы немесе кредиттік саясат қызметкерлері шешеді.

Жағдайға алғашқы тексеруді әуел бастан кредиттің берілуіне жауапты инспектор жүргізеді. Егжей-тегжейлі және уақтылы қаржы сараптамасы мен қарыз алушымен арадағы жағдайды талқылайтын бұл тексерістің нәтижесі кредиттік инспекторға банкіні қайта қалпына келтіру үшін базаның бар-жоғын шешуге көмектеседі – қарыз алушының қаржы жағдайының мықтылығы немесе әлеуетті тепе-теңдігі және қарыз алушының ауыр тиетін шешімдерді қабылдауға тура болған кезде мүмкін болған кезде оның әріптестікті жалғастыруға мүмкіндігін қарастырады. Банкіге байланысты – кредиттік инспектор қайта қалпына келтіру проблемасын шешу үшін басшылықтан тәжірибелі қызметкерлерді көмекке сұрауы керек. Егер де банкінің өз мамандарын пайдалануға мүмкіндігі болмай, бірақ кредит пен клиенттерін сақтап қалуға мүдделі болатын болса, қомақты ақы төлеп команда тарта алады. Қайта қалпына келтіру процесінде балансының құрылымы мен ақша ағынының құрамына назар аударылады. Біріншіден, қарыз алушының активтері тексерілі еді – қайсысы таратылып, қайсысының көлемі қысқартылатыны анықталады, екіншіден, қаржы жағдайының нашарлауын тоқтату үшін шығыстарға қатаң бақылау шаралары қолданылады. Нақты іскер мысалдар: айналым капиталы бойынша: шикізаттардың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің артық қорларын қысқарту немесе тарату; қорларға бақылау жасау жүйесін енгізу; дебиоторлық борышты өндіруді

тездету; кредиттік қарыздар бойынша төлемдерді кейінге қалдыру (мемлекеттік ұйымдарды қоса алғанда басқа да кредит берушілерді келісімге тарту).

Ұзақ мерзімдік активтер бойынша: директорлар кеңесінің ұшағын сату; қолданылмайтын және ескірген жабдықтар мен заводтарды, егер де тиімділігін тез арада қалпына келтіру сенімділігі болмаса, пайда келтірмейтін өндірістік желілерді, бөлімшелерді және т.б. сату.

Капитал құрылымы бойынша: акционерлерден қосымша акционерлік капитал немесе тағы бір кіші әріптес табу; бірігуге немесе сатып алу үшін кандидат табу; компанияның қарыздық құрылымын өзгерту, мысалы, мерзімін ұзарту, жеңілдік мерзім алу, қарызды акционерлік капиталға айырбастау; нарықта жаңа мүмкіндіктер табу, шығарылатын өнімнің құрылымын қысқарту немесе өзгерту.

Жоғарыда көрсетілген мысалдан қайта қалпына келтірудің бірталай жұмысы үшін табыстың шынайы мүмкіндігінің болуы қажет екендігі айдан анық. Егер де мұндай ықтималдық болмай, онда жеткілікті қамтамасыз ету бар болатын болса, таратудан басқа жолы қалмайды. Фирма жұмыс істейтін біртұтас кәсіпорын ретінде немесе бөлшектеп сатылады. Негізгі фактор – екі операциядан түскен түсім. Тарату қайта қалпына келтіру сияқты – уақыт пен персоналға және заңнамалық қызметтерге кететін шығыс жағынан алғанда қымбат шара. Және де бұл – банкінің қауіпті уақтылы танып, қателік жасағандығын мойындайтын соңғы іс-қимылы. Қандай жағдай болса да, кәсіпорынның бизнесін тарату жалпы алғанда банкінің репутациясын жақсартпайды.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Банк қызметін реттейтін қадағалау органдары, кредит желісі, револьверлік кредит, қысқа мерзімдік несие, шұғыл несие, «стенд-бай» аккредитиві, «шар» төлемдері, жобалық кредиттеу (қаржыландыру), лизингілік қаржыландыру, резервтер жасау, тарату, қайта қалпына келтіру.

Бақылау сұрақтары

1. Банк қызметін реттеуде қадағалаушы органдардың рөлі қандай?
2. Жаңа Базель келісімі бойынша банкінің меншікті капиталына деген талаптардың ең төменгі деңгейі қандай болуы керек?
3. Банкі қандай мақсаттар үшін кредит саясатын жасайды?
4. Банкінің мына кредиттеу қызметтері бойынша банкілік өнімдерге сипаттама беріңіздер: кредиттік желі, револьверлік кредит, қысқа мерзімдік несиелер, шұғыл несиелер.
5. Овердрафт формасындағы қыскамерзімдік кредиттердің ерекшелігі неде?
6. Ағымдағы активтерді кредиттеудің ерекшелігі неде?
7. Жобалық кредиттеу алдына қандай мақсат қояды (жобалық қаржыландыру)?
8. Лизингілік кредиттеудің (қаржыландырудың) механизмі қандай?
9. Проблемалық кредиттердің пайда болу жолдары және оларды жеңу жолдары.
10. АҚШ-тағы кредит қоржынының сапасын қадағалаушы үш орган және олардың атқаратын қызметі.
11. ҚДМ кредиттерді қалай жіктейді?
12. Проблемалық кредиттер қалай қалпына келтіріледі?

7. БАНК ӨТІМДІЛІГІ ЖАҒДАЙЫН ҚАДАҒАЛАУ

Біз банкілердің тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және дамытуының екі негізгі себебін бөліп қарастырамыз.

Біріншіден, қазақстандық жетекші банкілер тәуекел-менеджментті дамытпай тұрақты өсудің болмайтының шынайы сезінді. Бұл оларға өздерінің тәуекелді басқару жүйелерін өздігінен дамытуда белгілі бір табыстарға жетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар тәуекелді басқаруда лайық халықаралық стандарттарға қол жеткізу үшін атакты халықаралық қаржы институттарынан консалтинг немесе стратегиялық инвесторларды тарту қажеттілігі туралы түсінік туды.

Екіншіден, дамыған тәуекелді басқару жүйесінің қажеттілігі туралы мұндай түсінік реттеуші органдарда да бар. Банкілердің өз еркімен қазіргі заманғы тәуекел-менеджментті енгізуге деген құлықсыздығымен бетпе-бет келген соң, ҚҚА екінші деңгейлі банкілердің тәуекелді басқару жүйелерінің жұмысына міндетті болуы және ұйымдастыруды іске асыруы туралы шешім қабылдады. Банкілерге деген тағы бір талап – олардың тәуекел-менеджмент жүйелеріне міндетті жыл сайынғы тәуелсіз халықаралық компаниялардың аудит жасауы.

ҚР Президентінің 2003 жылы 31 желтоқсанындағы №1270 Жарғысымен құрылған «Қазақстан Республикасының қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі» тәуекелді басқару жүйелерін жетілдіру процесінің негізгі құрамдас бөлігі реттеуші органдардың қадағалаушы қызметін атқарады. 2003 жылдың ҚҚА (қаржыны қадағалау агенттігі) банкілердегі тәуекелді басқару мен ішкі бақылауға қойылатын талаптар туралы нұсқанаманы жасады. Банкілер бұл жүйелерді дамыту үшін белсене жұмыс жүргізуде. Бірақ бекітілген саясат пен процедураларды іс жүзінде қолданудың жеткіліксіздігі – мұндағы ең басты кемшілік. Мысалы, бұлар электрондық желілер мен ақпараттық технологияларды ішкі бақылаудың консолидациялануы негізінде нарықтық тәуекелді,

өтімділік тәуекелі мониторингісін, пайыздық және валюталық тәуекелдерді бағалаудың кредиттік тәуекелін болжау және өлшеу мәселелерінде көрінеді.

ҚҚА-да жасалынған стратегияға сай тәуекелді басқару жүйелерінің халықаралық стандарттарына көшу 2007 жылға дейін аяқталуы керек. Осыған сәйкес екінші деңгейлі банкілерде тәуекелдерді басқару жүйелері мен ішкі бақылауды жетілдіру және оларды халықаралық стандартқа жеткізу үшін кешенді іс-шаралар жасалды.

ҚҚА екінші деңгейлі банкілердің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауға қойылатын талаптар туралы нұсқауларында 260-қа жуық критерий анықталған. БДА-ның аудиторлары мен мамандарының зерттеулері критерийлердің 62 пайызын банкілер орындап жатқанын көрсетеді. Қалыпты жұмыс істеу үшін ҚҚА қазірден бастап банкілер орындауы тиіс талаптарды айқындайды.

Көптеген елдердің банкілік қадағалау жүйелерінің басты әлсіздігі – бақылау қызметі кезінде көрінген, проблемалық банкіге байланысты мәселелерді шешуге шұғыл шаралар қолдана алмауы. Банкілердің қаржы жағдайын қалпына келтіру, салымшылардың қаржысын қорғау және халықтың банкіге деген сенімін сақтап қалудың баламалы шараларын қолдану заңда қарастырылған қадағалау органдары өкілеттіктерінің құзырында болады.

Банкілік қызметті реттеу тұжырымдамаларының көпшілігі банк ісіндегі неғұрлым жоғары тәуекел ауқымына шоғырланады. Кредит саласындағы реттеу кредиттің шоғырлануына, кредиттің «өзіне» және активтердің саласына байланысты болады. Кредиттің үлкен шоғыры банкіні әлсіретуі немесе тіпті апатқа да алып келуі мүмкін. Активтерді әртараптандыру – банкінің осындай жағдайлардан сақтануы үшін әдейі жасалған шара. Кредиттердің концентрациялануына шектеу бастапқы кезде бір қарыз алушыға немесе қарыз алушылардың байланысқан тобына кредит берудің құқықтық шектеу түрінде ұсынылған еді. Қарапайым талап ету – қарыз алушыға немесе байланысқан топқа ұсынылған кредиттің барлық түрлері банкілік капиталдың белгілі бір пайызынан асып кете алмауы.

Мұндай талаптар капиталдың 25%-ына ғана жүреді, алайда екі кезеңдік жүйе кредитті қамтамасыз етуге қолданыла береді. Банкілер мен ірі және негізгі қарыз алушылары аз елдерді жергілікті банкілерге қарағанда шетелдік банкілер өктемдігін жүргізетін болса, онда кредитті концентрациялауды шектеудің қиынырақ болады. Бірақ сан арқылы көрінетін «шектеу» өмірлік маңызы зор. Реттеу банкілерде, басқа да қаржы институттарында қауіпсіздік пен салымшыларды қорғауда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін салынатын шектеулер мен лимиттер түрінде болады. Өмірдің барлық жағдайынан сақтануға және банкінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына кепілдік беретін жүйе болмайды, тек жақсы ұйымдастырылған және өмірде дұрыс жүргізілетін реттеу ғана нашар басшылық келтіретін зиянның алдын алуы, тым құрығанда шектеуі мүмкін.

Соңғы 4-5 жылда отандық банкі секторы батыс стандарттары бойынша зор қарқынмен дамуда. Орта есеппен бұл жылына 40-60 пайызды құрайды. Жуық арада қазақстандық банкілердің жиынтық активтерінің ДЖӨ-ге қатынасы (50% көлемінде) әлі де салыстырмалы түрде төмен болып отыр. Мысалы, Шығыс Европада бұл көрсеткіш 80–110%-ды құрайды. Қазақстандық банкілердің активтерінің ДЖӨ-ге көрсеткіштері 21-кестеде көрсетілген.

21. Қазақстандық банкілердің активтерінің ДЖӨ-ге көрсеткіштері

ДЖӨ көрсеткіштері (млрд теңге)*	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05
	3250,6	3747,2	4449,8	5542,5
Банкілердің активтері / ДЖӨ (%)	25,1	30,6	37,7	48,5
Активтердің жылдық өсімі (%)	54,1	40,2	46,4	60,3
Банкілердің кредиттері / ДЖӨ (%)	15,9	19,1	24,4	32,7
Кредиттердің жылдық өсімі (%)	74,5	40,0	47,3	60,4

*Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің мәліметтері бойынша

21-кестенің көрсеткіштерінен көретініміздей – кредиттер банкілердің жиынтық активтерінің үштен біріне жуығын құрайды. Кредиттік тәуекелдердің өсуін баламалы басқару

отандық банкілердің және басқа да банкілердің де негізгі мақсаттарының бірі.

Банкілік қызметті реттеу заңға да, реттеуші ережелер мен саясатты түсіндіруге де жататын құқықтық инфрақұрылымға енетін төрт салада шоғырланады. Олар – жаңа банкілер мен басқа да қаржы институттарын лицензиялау; капитал жеткіліктілігі; кредиттік операцияларға шектеулер; өтімділік талаптары болып табылады. Банкілердің қызметін реттеу жеке банкіге де, банкілер тобына да қатысты жүзеге асырылады.

Банкілік топтар үшін пруденциалдық нормативтердің құрамына мыналар енеді: жарғылық капиталдың ең төменгі көлемі; меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті; бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары көлемі – валюталық позиция лимиттері.

Пруденциалдық реттеу міндеті банкілердің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етуден және олардың салымшыларының мүдделерін қорғаудан тұрады. Пруденциалдық реттеу әрдайым жүйелік мүддені қорғауға бағытталған және бұл мағынада макроэкономикалық сипатта болады. Пруденциалдық реттеудің негізгі қызметі: превентивтік – банкінің тәуекелдік қызметін азайтуға арналған; қорғаушы – нақты банкінің «қирауы» жағдайында салымшылардың мүддесін қорғауға арналған; қамтамасыз етуші – нақты бір банкінің дағдарыс жағдайында Орталық банкінің соңғы инстанциялық кредит беруші ретіндегі қаржылық демеуін қамтамасыз етуге арналған.

Банк қызметін пруденциялық реттеу превентивтік қызмет (алдын алу) негізінде жүзеге асырылады. Оның басты мақсаты – банкілердің “қирауына” алып келетін әлеуетті мүмкіндіктерді азайту үшін жоғары дәрежелі тәуекелі бар банк операцияларын шектеу. Превентивтік қызметтің басты міндеттері: 1) банк қызметімен айналысу үшін арнайы сипаттағы кешенді қатаң талаптарды міндетті мемлекеттік тіркеу және лицензиялау сияқты экономикалық қызмет субъектілеріне шектеулер енгізу; 2) банкілік қызмет жұмысының негізгі параметрлерін анықтайтын және тәуекелдік белсенділікті тоқтататын ең төменгі дәрежедегі экономикалық стандарттарды қалыптастыру; 3) тұтастай алғанда банкілік қызметтің

тұрақтылығы мен сенімді жұмыс істеуіне бақылау жасауды іске асыру мақсатында белгіленген экономикалық стандарттарға сәйкес келуін қадағалау.

2005 ж. 01 қаңтардағы ахуал бойынша 9 банк тобының қызметіне консолидацияланған қадағалау жүргізілді, бұлар: «Қазкоммерцбанк» АҚ, «ТұранӘлембанк» АҚ, «Қазақстанның Халық жинақ банкі» АҚ, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Каспийбанк» АҚ, «АБН АМРО банк Қазақстан» АҚ, «АТФ банк» АҚ. Аталған банк топтарына біршама ауқымды жүйелік тәуекел тән, себебі 01 қаңтардағы 2005 ж. мәліметтер бойынша қарастырылатын банкілердің жиынтық активтері Қазақстан банк жүйесінің жалпы көлемінің 83%-ын, ал аталған банк топтарының міндеттемелері Қазақстан Республикасы банк жүйесінің міндеттемелерінің жалпы 75%-ын құрайды.

Бұл жағдайда мемлекеттік реттеуші ықпалдар мемлекеттің сәйкес құзырлы органдарының нормативтік-құқықтық актілерін қабылдау жолы арқылы жүргізіліп жатқандықтан міндетті түрде құқықтық формаға айналады. Банкілік қызметті реттеу кезінде сыртқы және ішкі реттеулерді біртұтас процесс ретінде қарастыру қажет. Бұл ескертуші құралдарды жүйелі қолдану жолы арқылы банкілік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында банкілік реттеудің тұтастығы мен аяқталғандығына көз жеткізу қажет. Банкілер мен ұйымдар қызметтерін орталық банк жағынан реттеудің теориялық негізі Базель келісімімен анықталған.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы банкілер мен банкілік қызмет туралы» Заңына сәйкес Ұлттық банк пруденциалдық нормативтерді, ең төменгі резервтік талаптарды, екінші деңгейлі банкілердің халықаралық стандарттарға өтуі реттілігін активтерді жіктеу туралы ережелерді және т.б. бекіту арқылы банкілердің қызметінің нормативтік шектеулерін орнатады.

«Пруденциалдық нормативтер туралы ережені» жасау кезінде теориялық және практикалық база ретінде Базель Комитетінің ұсынымдары және Әлемдік банк материалдарында суреттелген дамушы елдерде банк қызметін реттеу

тәжірибесін зерттеу есепке алынды. ҚР ҰБ сыртқы реттеу үшін екінші деңгейлі банкілердің ұсыныстарын және банкілік жүйенің сараптамасы негізінде оралымды жолдар жасайды. Банк қызметін сыртқы реттеудегі негізгі нәрсе тәуекелдерді ескерту. ҚР қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің мәліметтері бойынша қазақстандық банкілердің несиелік қоржыны 2004 жылы 66,9 млрд теңгеге көбейіп, 1803,4 млрд теңгені құрады.

Банкілер арасындағы бәсекелестік және банкілік операциялардың көлемінің тез өсуі банкирлерді операцияларының іске асырылуын оңтайландыру тәсілін іздеуге мәжбүр етеді.

Тәуекелді ескерту банкі ақпараты үшін 2004 жылдың 6 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты құрау туралы» заңының маңызы үлкен. Кредиттік бюролардың болуы кредиттік ұйымдарға бұрын бұл ұйымда қызмет көрсетілмеген клиенттерге несиелер беруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа алдыңғы кредит тарихының ықтимал дефолт болу мүмкіндігін болжау – көпшілік мойындаған құнды фактор. ҚР «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты құрау туралы» Заңына сәйкес кредиттік тарихты құрау және ақпаратты пайдалану келесі принциптер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) кредиттік тарих субъектілерінің келісімінің болуы;
- 2) кредиттік тарих субъектілерінің барлығының теңдігі;
- 3) кредиттік тарих пен ақпараттық жүйенің мәліметтер базасын, ақпараттарын мақсатты пайдалану;
- 4) ақпараттың құпиялылығы (конфиденциалдық);
- 5) кредиттік тарихқа сәйкес ақпараттық жүйелердің мәліметтер базасын қорғауды қамтамасыз ету;
- 6) азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмаушылығын, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау.

Осы себептен де пруденциалдық реттеу банкілік тәуекелдің көптеген факторларын есепке алып құрылған. Нормативтік көрсеткіштердің нашарлауы ҚР ҰБ үшін алғашқы белгі болып табылады.

Банкілердің капиталдандырылғандығын қадағалау капиталды тәуекелдерден қорғауда маңызды қызмет атқаратынын ескере отырып, Ұлттық банкі Базель келісіміне сәйкес капитал тепе-теңдігі бойынша екінші деңгейлі банкілер үшін капитал жеткіліктілігі коэффициенті бекітілді. Капитал жеткіліктілігін анықтағанда меншікті капиталдың көлемін білу керек. Меншікті капитал бірінші деңгейлі капитал сомасы ретінде және шынайы құны арқылы есептелетін инвестицияларды алып тастағандағы еншілес ұйымдардың, сонымен қатар басқа да заңды тұлғалардың субординацияланған қарызына акциялар мен салымдардың сомасын көрсететін екінші деңгейдегі капитал сомасы болып табылады.

Өтімділік – егер де қолдағы қаржы төлеуге жетпеген жағдайда өз активтерін немесе басқа да төлем қаржыларын талап етілген міндеттемелерді төлеу үшін ақша қаражатына айналдыра білу негізінде бағаланады.

Банкілердің керек кезінде қолма-қол ақшаға жеңіл айналдырылатын қол жетер өтімділіктері мен міндеттерін төлей алатындай өз қорларын көбейту мүмкіндігі болуы керек.

Банк өтімділігін басқаруға активті операциялармен қатар пассивті операциялар (өтімділікті тез көбейту үшін қолжетер ресурстардың болуы) да енеді.

Өтімділік екі коэффициент бойынша сипатталады: банкінің ағымдағы өтімділігі коэффициентімен (k_1); банкінің қысқа мерзімдік өтімділігімен (k_2).

Ағымдағы өтімділік пен қысқа мерзімдік өтімділіктің ең төменгі мәнін ҚРҰБ k_1 0,3-тен төмен емес және k_2 0,4 төмен емес көлемінде қойды.

Жоғары өтімділікті активтердің есептеулеріне мыналар енеді: қолма-қол ақшалар; тазартылған (аффинирленген) асыл металдар; ҚР мен ҚР ҰБ шығарған ҚР мемлекеттік құнды қағаздары; «КИК» АҚ шығарған, банкі кейін қарай сатып алу шартымен сатқан құнды қағаздардан басқа қарыздық құнды қағаздар; ҚР ҰБ-дегі, ҚР банкілеріндегі және «А» класынан төмен емес ұзақ мерзімдік қарыздық рейтингісі немесе басқа да бір рейтинг агенттіктерінің сол деңгейдегі рейтингісі бар

резидент емес банкілердегі талап еткенге дейінгі депозиттер; ҚР банкілеріне және S&P агенттігінің «А»-дан төмен емес борыштық рейтингісі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің аналогтық (ұқсас) рейтингісі бар резидент емес банкілерге «овернайт» займы. Талап еткенге дейінгі міндеттемелердің есебіне мыналар енеді: клиенттер мен корреспондент-банкілердің талап ету депозиттері; «овернайт» банкаралық депозиттері; басқа да талап ету міндеттемелері, соның ішінде есептесуді жүзеге асырудың мерзімі қойылмаған міндеттемелер де бар.

Банкілердің қысқа мерзімдік өтімділігінің коэффициенті тарту мерзімі үш айдан аспайтын міндеттемелердің орташа айлық көлеміне жоғары өтімділікті активтерді, талап еткенге дейінгі міндеттемелерді қоса бастапқы жабу мерзімі үш айдан аспайтын активтердің орташа айлық көлемінің қатынасы ретінде есептелінеді.

Қазақстандық банкілердің артық өтімділігі басқа да себептермен бірге жоғары өтімділік қаржы құралдарының жеткіліксіздігімен байланысты. Кредиттік ұйымдардың қызметін реттеудің соңғы кездегі жиі қолданыстағы тәсілдерінің бірі – көлемі бойынша ірі тәуекелдерді шектеу.

Бұған байланысты ҚР ҰБ-де (к3.1 және к3) көрсеткіштері қарастырылған, бұлардың көмегі арқылы кредиттік ұйымдардың жекелеген активті, пассивті, бейбаланстық операцияларды іске асыруының ең жоғары көлемдері реттеледі. Банкінің бір қарыз алушыға деген тәуекелдік қатынасы банкінің меншікті капиталына деген міндеттемелерінен банкілермен ерекше қатынастағы тұлғалар болып саналатын қарыз алушылар үшін (к3.1) – 0,10 аспауы керек. Банкілермен ерекше қатынастағы қарыз алушылар үшін тәуекелдің жиынтық сомасы банкінің меншікті капиталының көлемінен аспауы керек; басқа қарыз алушылар (к3) үшін – 0,25.

Банкі инвестициялары көлемінің негізгі қаражаттарға және басқа да қаржылық емес активтердің меншікті капиталға (к6) қатысы 0,5 аспауы керек.

22. Аудиторлық ұйымдардың есеп беру бойынша жасалған тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйелеріндегі банкілік кемшіліктердің қысқаша тізімі:

Тәуекелді басқарудың негізгі құрамдас бөліктері	Табылған кемшіліктер
1	2
Тәуекелді басқару мен ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру	Банкінің бекітілген ұзақ мерзімдік стратегиясының болмауы; мүдделердің қайшылықтарын реттейтін саясаттың болмауы; жеткілікті басқарушылық есеп берудің болмауы; шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер мен қабылданатын тәуекелдердің мониторингі процедураларының болмауы.
Кредиттік тәуекелді басқару	Кредиттік тәуекелді бақылаудың саяси нұсқаулардың талаптарына толық сәйкес келмеуі; кредиттік тәуекелді қысқа мерзімдік, орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік кезеңдерге болжамдық бағалау жөніндегі тәжірибенің болмауы; кредиттік тәуекелді ранждеу және ішкі кредиттік сараптама, қарыз алушының кредит қабілеттілігін тиімді бағалаудың сараптамасы, тұрақсыз қаржы жағдайы бар қарыз алушылардың мониторингі, қамтамасыз етуді бағалау да ішкі саясатты қолдану тәжірибесінің болмауы;
Нарықтық тәуекелді басқару	Құндық тәуекелді басқару тәжірибесінің болмауы; нақты инвестициялық саясаттың болмауы; шынайы уақыт режимінде тәуекелдерді қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржы құралдары мен тәуекелді басқару жүйесінің болмауы; қаржы құралдарына ағымдағы нарықтық бағаммен кіріс/шығыс өлеуетті нарықтық тәуекелін бағалау, «стоп-лосс» ережесі бойынша лимиттерді анықтау, шоғырландырылған пайыздық және валюталық тәуекелдердің өтімділігінің тәуекелінің мониторингінде тәжірибенің болмауы.
Операциялық тәуекелді және мәліметтерді электрондық өңдеу тәуекелін басқару	Жаңа банкілік қызмет ұсынуға немесе жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға байланысты тәуекелді электронды өңдеу мен бағалаудың жүйесін ішкі бақылау процедурасын жүзеге асыру бойынша тәжірибенің жоқтығы.

* ҚҚА мәліметтері бойынша құрастырылған.

Кредиттік қоржынның сараптамасын жасаған кезде қалыптасқан провизияның жеткіліктілігін бағалау үшін кредиттерді жіктеу жүргізіледі. Стандартты кредитке қайтару мерзімі келмеген және қарыз алушының қаржы жағдайы мен кредитті сенімді қамтамасыз ететін кредиттер жатады. Субстандартты кредиттерге тәуекелі шамалы ғана кредиттер жатады. Қарыз алушының кредитті қайтарудағы уақытша қиындықтары жағдайында негізгі қарызбен пайыздарды қайтаруды тоқтата тұрудың мерзімі 30 күнге дейін болады. Қанағаттанғысыз кредиттерге мерзімі 30 күннен 60 күнге дейін өтіп кеткен кредиттер жатады. Күмәнді кредитке негізгі қарыз бойынша борышты мерзімі 60 күннен 90 күнге дейін өтіп кеткен соң несие есебіне жатқызылған кредиттер жатады. Үмітсіз кредитке пайыздарды есептеу тоқтаған, мерзімі 90 күннен асып кеткен кредиттер жатады.

Қазақстандық Салымдарды кепілдендіру қоры сенімді қаржы институттары мен банкілік жүйеге деген сенімді бекітуші ретінде банкілердің репутациясына демеу көрсетуде маңызды рөл атқарады. Кепілдендіру қоры салымшылардың мүдделерін қорғаудан басқа мөлшерлемелердің шектік ауқымын орнату жолы арқылы реттеуші қызметті де атқарады.

Теңге бағамы серпінінің АҚШ долларына бағытталуы әлемдік валюталық рыноктың конъюнктурасына сәйкес болды, бірақ ақша массасының долларлануы әзірше жоғары болып қалуда.

Қазіргі кезде Қордың мүшелігінде екінші деңгейлі 22 банк бар. Егер сақтандыру жүйесінде депозит қабылдауды іске асыратын барлық банкілердің қатысуы туралы оң шешім қабылданса, онда жеке тұлғалардың барлық депозиттері кепілдендірілетін болады. Қордың сақтандыру нысандары болып табылатын депозиттер бойынша мөлшерлемелерді біртіндеп төмендету туралы қабылданған шешім тұрақты макроэкономикалық ситуация жағдайындағы тәуекелді біртіндеп қысқарту қажеттілігінен туындады. Бірақ жекелеген банкілер мөлшерлемелері кепілдендіру жүйесі қойған шектерден жоғары болса да, салымдарды сақтандырылған деп

жариялап, Қордың шешімін тікелей бұзады. Басқалары бонустар мен сыйақылар төлеудің түрлі схемаларын енгізу жолдары арқылы бұл талаптарды айналып өтуге тырысады. Банкілердің арсыз істері салымшылар үшін тәуекелдердің өсуіне және сақтандыру жүйесінің беделінің түсуіне (дискредитациялануына) алып келеді.

Тұтастай алғанда ҚР жеке тұлғаларды ұжымдық сақтандыру жүйесі депозиттерді сақтандырудың халықаралық, соның ішінде ХВҚ ұсынған стандарттарға жауап береді. Сонымен бірге бұлар әрі қарай да үлгілі халықаралық тәжірибені бетке ұстана беруі керек және болашақта бірнеше мәселені шешуі қажет. Біріншіден, кепілдендіру нысандарын анықтау процедураларын жетілдіру және оны кеңейте беру керек. Екіншіден, халықтан депозит қабылдау құқығы тек Қорға қатысатын деңгейлі банкілерге ғана берілуі, және кепілдендіру жүйесіне қатысатын банкілерге қойылатын талаптардың тиімділігі арттырылуы керек. Үшіншіден, салымдарды кепілдендіру жүйесінің нысандары болып табылатын депозиттердің бойынша орнын толтыру көлемі біртіндеп өсірілуі керек. Банкілердің салымдар бойынша орнын толтыру резервін кепілдендірілген депозиттердің барабар көлеміне деңгейге дейін жеткізу үшін салымдарды кепілдендіру жүйесін қаржыландыру тәртібін де жетілдіру керек.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап өндірістік дамыған елдерде өздерінің әмбебаптығынан қызметінің нақты бағыты жоқ қаржы-өндірістік топтардың пайда болу үрдісі байқалады. Олар керісінше, экономиканың салалары мен рынок сегменттерін максималды камтуға қол жеткізуге тырысады. Мұндай қаржы-өндірістік топтардың міндетті элементі басқа компанияларды – топ мүшелерін, сонымен қатар бұл топтарды қаржыландыру үшін қажетті ресурстарды тартуды жүзеге асыратын банкілер. Бұл жағдайда банкілер бірнеше ірі клиенттің қаржы жағдайынан өскен тәуелділікпен байланысты қосымша тәуекелдерге ұшырайды. Банкілер – халықтың депозиттері бар негізгі операторларды өте қатаң бақылау банкілік жүйеге деген сенбеушілік пен жүйелік тоқыраудың алдын алу үшін қажет.

Қазіргі заманда Қазақстан экономикасының дамуы аналогиялық үрдіс бойынша сипатталады. Жекелеген банкілер бір мезгілде халықтың депозиттерін тартатын ірі институттар есебінде қаржы-өндірістік топтардың тізбегін тудырды. Банк қаржы ұйымдары – сақтандырушы ұйымдар, зейнетақы қорлары, зейнетақы активтерін басқару компаниялары, сонымен қатар өндірістік, сауда және басқа да ұйымдар енетін ҚСТ-ның бөлігі ғана болып табылады.

Әлемдік тәжірибе банкілердің қатысуымен ҚСТ-ның бірнеше типін шартты түрде анықтауға мүмкіндік береді, бұлар – қарапайым банкілік топ; аралас қызметті банкілік топ; қарапайым қаржы конгломераты; күрделі қаржы конгломераты.

Банкілер бақылайтын қарапайым банк тобындағы компаниялар банкілік іспен байланысты қызметпен айналысады. Аралас қызметті банкілік топ банкілер мен банкілік қызметпен байланысты іспен айналыспайтын корпорацияларды да бақылайды.

Қарапайым қаржы конгломератында негізгі қызмет – қаржылық қызмет, бұл жағдайда конгломераттың дербес компаниялары кем дегенде үш секторда белсенді қимыл көрсетеді, бұлар – *банкілік, сақтандыру және құнды қағаздар* рыногы.

Күрделі қаржы конгломератында қаржы рыногының белсенді қатысушыларын банкілік емес ұйым немесе корпорация бақылайды. ҚСТ банкіні бақылай отыра банкі тұрғындар мен банкімен байланысты емес заңды тұлғалардан тартқан депозиттерді өз қарауы бойынша жұмсауға мүмкіндік алады, көп ретте депозиттермен өз шығындарын жауып, олар банкі мен оның салымшыларын артық тәуекелдерге душар етеді. Мұндай жағдайда банкінің рөлі қаржы-өндірістік тобына немесе онымен байланысты тұлғаларға арзан кредит берумен ғана шектелетін болады. Банкінің жарғылық капиталына салынатын ақша акционерлермен кредиттеу туралы мәміле жасау арқылы шығарылады.

Үлестес тұлғалар бастауы болып отырған тәуекелді сәйкестендіру және шектеу мақсатында әлемдік тәжірибеде консолидацияланған қадағалау принципі қабылданған. Аталған принциптер қадағалаушы органдардың банкіге иелік ету

құрылымы, иелері, үлестес тұлғалардың іс-әрекеті, олардың қаржылық есеп беруі, мұндай мәмілелердің ашықтығы және олардың жалпы шарттар бойынша жүзеге асырылуы туралы толық ақпарат алу мүмкіндігін көрсетеді. Банкілердің акциялармен ірі мәмілелер жасауы тек міндетті қадағалаушы органдардың алдын ала берілген рұқсаты арқылы ғана жүзеге асырылады.

Банкілерді консолидацияланған негізде қадағалау – банкілік топ және банкімен үлестес тұлғалар ұшырайтын (төмендегі тәуекелдердің көздерінен тәуелсіз) немесе ұшырауы мүмкін барлық тәуекелдер есепке алынатын қадағалау тәсілі. Мұндай қадағалау тәсілінің мақсаты – тәуекелдің барлық жиынтығының банкілік топқа әсер етуін бағалау мүмкіндігін қадағалаушы органдарға ұсыну арқылы банк депозиторларын қорғау және қаржы конгломераттарының ашықтығын жоғарылату, қажет болған жағдайда түзету шараларын қолдануды талап ету. Сонымен, консолидацияланған банкілік қадағалау дегеніміз – формалды түрде белгіленген заңды тұлға – банкіні ғана емес, сонымен бірге банкімен үлестес тұлғаларды да қадағалау болады. Банкінің шешім қабылдауға әсер етуі мүмкіндігі аталған топқа бір немесе басқа тұлғаны жатқызудың критерийі болып табылады.

Консолидацияланған қадағалау жүйесін енгізу банкілік сектордың құрылымын күрделендірудің объективті себептерімен және банк қызметі саласының кеңеюімен байланысты. Банкілердің иелігі құрылымын айқын анықтау үшін «ірі қатысушылар», «банкілердің үлестес тұлғалары», «банкілік холдинг», «банкілердің еншілес ұйымдары» сияқты жаңа түсініктер енгізілді.

Банкі тұлғаны мынадай шарттар бойынша үлестес деп таниды: егер де ол банкінің ірі қатысушысы болса; банк аталған тұлғаның ірі қатысушысы болып табылса; аталған тұлғаның ірі қатысушысы банкінің ірі қатысушысы болса.

Ешқандай да тұлға ҚР ҰБ-нің рұқсатынсыз өздігінен бір тұлғамен немесе біреулермен бірігіп, банкінің ірі қатысушысы бола алмайды. Банкінің ірі қатысушысына келісім алудың реттілігі ҚР ҰБ нормативтік-құқықтық актілерімен анықталады.

Келісім алу үшін банкінің ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға ҚР ҰБ қажетті құжаттар мен мәліметтер бірге берілген банкінің ірі қатысушысы статусы алу жөнінде өтінім беруі керек.

Банкінің ірі қатысушысы – бұл банкінің дауыс беруші акцияларының 10 және одан да жоғары пайызына тура немесе жанама ие болған немесе банкінің дауыс беруші акциясының 25 және одан да жоғары пайызымен тура немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға.

Банкілік холдинг – банкінің дауыс беруші акцияларының 25 және одан да көбірек пайызына тура немесе жанама ие болған немесе банкінің дауыс беруші акциясының 25 немесе одан да жоғары пайызымен тура немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар; шарттың күшіне сай банк қабылдайтын шешімдерді анықтай алатын ҚР резиденті немесе резиденті емес заңды тұлға. Банкілік холдинг статусын алу банкінің ірі қатысушысы үшін анықталған тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Банкілермен ерекше қатынастағы тұлғалармен жасалатын мәмілелерге шектеулерді күшейту үшін шаралар қолданылды. Соның ішінде – банкі өзімен ерекше қатынастағы тұлғаларға қамтамасыз етілмеген займдар (бланкілік займдар) бере алмайды. Сонымен қатар банкі белгілі бір тұлғамен оған мынадай мүмкіндіктер беру жөнінде мәміле жасай алмайды: банкімен ерекше қатынастағы тұлға алдындағы міндеттемесін төлеу; банкімен ерекше қатынастағы тұлғадан қандай да болсын бір мүлікті сатып алу; банкімен ерекше қатынастағы тұлғадан құнды қағаздар сатып алу.

Осы жай арқылы отандық банкілерде тәуекелді бағалау жүйесін енгізу және оның қалыптасу процесі іс жүзінде аяқталды деп жариялауға болады, алайда сәйкессіздіктері бар көптеген позициялар да жеткілікті екендігін айта кету керек.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Тәуекел-менеджмент, активтер диверсификациясы (активтердің әртараптандырылуы), лицензиялау, өтімділік ко-

эффиценті, ашық валюта позициясының лимиті, превентивтік функция, нормативтік-құқықтық актілер, кредит бюросы, кредит тарихы, «овернайт» займдары, артық өтімділік, кепілдендіру қоры, провизиялар, қаржы-өндірістік тобы, банкілік топ, конгломерат, аффиляцияланған (үлестес) тұлға, банкілік холдинг.

Бақылау сұрақтары

1. Банкілік қызметте тәуекел-менеджментті енгізу мен дамытудың негізгі себептері.
2. ҚҚА-ның экономиканың қаржы секторында тәуекелді басқару жүйесін жетілдірудегі рөлі қандай?
3. Қадағалаушы органдардың банк қызметін реттеудегі рөлі?
4. Кредиттік тәуекелді басқарудың ерекшелігі неден тұрады?
5. Пруденциалдық нормативтердің құрамына қандай көрсеткіштер енеді?
6. Пруденциалдық реттеудің негізгі қызметтері?
7. Банкілік қызметті пруденциалдық реттеудегі превентивтік қызметтің негізгі аспектілері.
8. Қазақстандағы банк қызметінің нормативтік шектеулерін кім орнатады және бұл шектеулердің мәні неде?
9. «ҚР кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» заңның мақсаты.
10. Банкілердің ағымдағы және қысқа мерзімдік өтімділігінің коэффициентін қандай жағдайлар қалыптастырады?
11. Банкілердегі артық өтімділіктердің пайда болуы немен байланысты?
12. Кредиттік, нарықтық және операциялық тәуекелдерді басқару кезінде қандай кемшіліктер шығуы мүмкін?
13. Қалыптасқан провизиялардың жеткіліктілігін бағалау үшін кредиттерді жүйелеу қалай жүргізіледі?
14. Консолидацияланған бақылау жүйесін енгізудің мәні неде?

ПАЙЫЗДЫҚ, КРЕДИТТІК, 8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ КРЕДИТТІК ДЕРИВАТИВТЕР

Активтер мен пассивтерді – басқару кредиттік мекеменің талаптары мен жағдайларын, банкілік балансты, өтімділік тәуекелді басқарудың үйлестірілген процесс. АПБ-ның кешенді жолы мына мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: талап етілген өтімділікті қамтамасыз ету; операциялар түсімділігінің белгілі бір деңгейін демеп отыру; банкілік тәуекелді ең төменгі деңгейге жеткізу.

АПБ-ның қысқа мерзімдік перспективасы таза пайыздық түсімге (ТПТ) немесе осы көрсеткіштің салыстырмалы формасы – таза пайыздық маржаға (ТПМ) (ТПТ-ТПМ пайда әкелуші активтер) байланысты болады. Есептеудің мұндай жолы пайыздық мөлшерлемелер мен долларлық гәптің аяқ асты өзгеруі салдарынан банкінің ТПТ-ның өзгеруін, яғни пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімтал активтер (ПМА) мен пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімтал пассивтер (ПМП) арасын анықтайды.

АПБ-ның экономикалық моделі пайыз мөлшерлемесінің аяқ асты өзгеруі банкінің меншікті капиталының сезімталдығына байланысты. Активтер мен пассивтердің балансын басқару үш кезеңнен тұрады (23-кесте).

23. Балансты басқару*

1-кезең (жалпы)	
Активтерді басқару	Пассивтерді басқару Капиталды басқару
2-кезең (өзіндік)	
Резервтер жағдайын басқару	Резервтер бойыша міндеттемелерді басқару

Өтімділікті басқару	Пассивтерді немесе займдар бойынша міндеттемелерді жалпы басқару
Инвестицияларды басқару	Ұзақ мерзімдік борышты басқару
3-кезең (баланс түсімдер мен шығындар туралы есеп берудің негізі ретінде)	
Пайда = Кіріс (Пайыздық кірістер) — Үстеме шығындар — салықтар	

* Автор құрастырған.

Мақсатқа жету стратегиясы АПБ бойынша мынадай негізгі кезеңдерден құралады: спрэдті басқару, үстеме шығындарды басқару, салықты басқару, өтімділікті басқару, баланстан тыс қызметті басқару. АПБ нұсқаулығына акпараттық жүйелер, жоспарлау модельдері, модельдеу немесе сценарийлік сараптама, ай сайынғы шолулар мен арнайы есеп берулер енеді. АПБ мерзімге байланысты өзгеріп отырады. Қысқа мерзімдік перспектива таза пайыздық маржа, таза пайыздық түсім немесе акциялық кіріс (АК) сияқты қызметтің көрсеткіштеріне негізделеді. Ұзақ мерзімдік перспектива меншікті капиталдың нарықтық бағалауына (баланстан тыс қызметтің нәтижелерін қоса алғанда) аударылады. Активтер мен пассивтерді ұзақ мерзімдік жобалау – кірістің активтермен немесе капиталмен бәсекеге төзімді деңгейінде ұстап тұруы, я болмаса банкінің жеткілікті капиталының барына кепілдік.

Активтер мен пассивтерді басқарудың екі жолы бар: 1) таза кіріске бағытталған бухгалтерлік жол; 2) банкінің меншікті капиталының нарықтық құнын көрсететін экономикалық жол. Бұл екі жолдың негізінде уақыт факторы жатады. Сондықтан да бухгалтерлік модель банкілік тактиканың негізі ретінде қарастырылады да, АПБ-ның қысқа мерзімдік (1-жылдан аз) кезеңіне, ал экономикалық модель банкілік стратегия ретінде – орта және ұзақ мерзімдік АПБ-да шоғырланады. АПБ-ның мақсаты – пайыздық тәуекелдің қысқа мерзімдік те, ұзақ мерзімдік те салдарын ең төменгі деңгейге жеткізу.

ТПК (Пайыздық кірістер – пайыздық шығыстар) – бұлар банкілік түсімнің негізі. Таза пайда маржасындағы (ТПМ-ТПК/кірісті активтер) таза пайыздық кіріс немесе оның салыстырмалы көлемі АПБ-ның шешуші өзгеруі болып табылады. Бұл контексте АПБ-ның мақсаты берілген тәуекел деңгейінде ТПК-ны жоғары деңгейіне жеткізу, немесе керісінше ТПК-ның берілген деңгейінде тәуекелді азайту. Δr пайыздық мөлшерлемесінің өзгерістері мен Δ ТПК өзгерістерінің арасындағы қатынасты келесі формула түрінде көрсетуге болады:

$$\Delta \text{ТПК} = \Delta r \times \text{гэп} = \Delta r (\text{ТКА} - \text{ТКП}),$$

Мұндағы гэп – бегілі бір мерзім ішіндегі (мысалы 90 күн ішінде) пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімтал активтер мен пассивтер арасындағы айырма.

Бұл теңеуді қарастырғанда ТПК-ның күтілген және күтілмеген аяқ асты өзгерістерінен болатын пайыздың мөлшерлемелерінің күтілген және күтілмеген өзгерістерін анықтай білу маңызды. АПБ-ның бухгалтерлік моделі ТПК-нің аяқ асты өзгерістеріне жарияланған кірістің сезімталдығына бағытталған. Пайыздық тәуекелді нашар басқару бірінші кезекте жарияланған кірістің төмендеуінен көрініс береді және осының нәтижесінде өтімділік және төлем төлегіштік қабілет мәселелеріне алып келеді.

Банкілік активтер мен пассивтердің нарықтық бағасының сезімталдығы пайыздық тәуекелдің экономикалық моделінің маңызды бөлігі. Және бұл жағдайда өзгеруі ағымдағы пайыздық тәуекел туралы да, болашақ кірістер туралы да белгі беруші болып қызмет ететін нарықтық бағаларға басымдылық беріледі. Пайыздық тәуекелдің экономикалық моделінің негізгі элементі – банкінің меншікті капиталын капиталдың есепке алынатын және алынбайтын сомалары ретінде анықтау. Есепке алынған меншікті капиталдың нарықтық бағасы – бұл есепке алынған активтер мен пассивтерді нарықтық бағалау – бұл есепке алынған активтер мен пассивтер арасындағы айырма ғана. Банкінің есепке алынбаған активтері мен пассивтері кре-

дит жүйесі, кредит ұсыну бойынша міндеттемелер, фьючерстер, опциондар және своптар сияқты баланстан тыс қызметтер пайда болады. Қызметтің мұндай түрлері бойынша құндылық бағалауын жүргізу қажет.

Экономикалық модельде баланстық және баланстан тыс позициялардың құны болашақ ағындардың тәуекелділігін көрсететін пайыздық мөлшерлемелер бойынша қолма-қол ақшаның болашақ ағынын дисконттаумен анықталады. АПБ көзқарасы экономикалық модель банкінің меншікті капиталының өтеу мерзімі әртүрлі қарыздық міндеттемелерінің барлық спекторы бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне нарықтық бағалаудың сезімталдығын бағалауға мүмкіндік береді.

Қысқа мерзімге бағдарланған экономикалық бухгалтерлік модельге қарағанда экономикалық модельдің болжау көжигегі неғұрлым кең болғандықтан және онда баланстан тыс қызмет қарастырылатындықтан, пайыздық тәуекелді жанжақты өлшеуге мүмкіндік бар. Сонымен бірге экономикалық модельді тәжірибе жүзінде қолдану қиынырақ, ол бухгалтерлік модель сияқты кең қолданылмайды. Бірақ қандай да болмасын модельде басымдылық пайыздың мөлшерлемесі өзгерістерінің жеке айнымалылығына (бір модельде – ТПК немесе жарияланған кіріс, кейбіреуінде – меншікті капиталдың нарықтың бағалауы) қойылады.

АПБ бухгалтерлік моделінің ортасында ТПД немесе түсім тұратын болса да, банкілерді салыстыру үшін таза пайыздық маржаның көрсеткіші (ТМК) қолданылады. ТМК кірістік активтердің орта көрсеткішіне (АОК) жатқызылған ТПД ретінде анықталады.

$$\text{ТПМ} = \text{Таза пайыздық кіріс} / \text{Орташа кірісті активтер} = \text{ТПК/ОКА}$$

ТПК пайыздық кіріс минус пайыздық шығыстарға тең болғандықтан, ТПК кірісті активтері бойынша оның спрэдті ретінде қарастырылуы мүмкін және оны жиі «спрэдті басқару» деп атайды. Банкінің ТПМ-ның деңгейі мен өзгермелілігі

– тәуекел – кіріс қатынасына әсер ететін бірінші кезектегі факторлар. Банкінің ТПМ-ы бірінші кезекте – бұл пайыздық мөлшерлеменің, кірістік активтер мен міндеттемелердің көлемі мен құрылымының өзгеруіне сезімталдық функциясы:

$$\text{ТПМ} = f(\text{мөлшерлеме, көлем, құрылым})$$

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруінен болатын реакция бойынша баланстың барлық баптары үш топқа бөлінеді: 1) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал (ПСӨС) активтер мен пассивтер. ПСӨС-кесараптамалық кезеңішінде қайта бағаланатындарды қосады. ПСӨС – мерзімі өтіп бара жатқан салымдар (депозиттер), ауыспалы пайыздық мөлшерлемелі салымдар, сараптама жасалатын кезең ішінде қайтарылатын банкаралық кредиттер жатады. ПСӨСА-ға бірнеше мысалы: сараптама жасалушы кезеңде өтелетін кредиттер, ауыспалы пайыздық мөлшерлемелі кредиттер, кезең ішінде келісім-шарт мерзімі өтіп кетпейтін кредиттің негізгі сомасының амортизациясы, өтелетін құнды қағаздар. Ұзақ мерзімдік кредиттер мен депозиттер ПСӨСА-ның тізіміне олардың мерзімі пайыздық мөлшерлеменің өзгеруін жоспарлауға тақалғанда ғана енеді; 2) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал еместер (тегін пассивтер мен жұмыс істемейтін активтер); 3) тіркелген мөлшерлемелі.

Гэпті өлшеудің келесі тәсілдері бар:

- 1) абсолютті гэп = ПСА – ПСП;
- 2) салыстырмалы гэп = ПСА/ПСП.

ПСА – пайыздық мөлшерлеменің өсуіне сезімтал активтер.

ПСП – пайыздық мөлшерлеменің өсуіне сезімтал пассивтер.

Гэп аумағының мүмкін болуы жағдайлары 24-кестеле берілген.

Егер де банкінің гэптері нөлдік болатын болса, бұл оның активтері мен пассивтері мерзім бойынша келісімді дегенді білдіреді. Осы жағдай арқылы АПБ-ға деген жолдардың бірі – бұл мерзімді анықтап алу стратегиясы болып табылады. Бұл стратегияның мақсаты – нөлдік гэпті немесе бірлікке тең гэп-қатынасты сақтау. Нөлдік гэптің жайы пайыздың

мөлшерлемесінің өзгеруімен байланысты болатын тәуекелді толықтай жоққа шығармайды, яғни мұндай жағдай мінсіз хед-жерлеу болмайды деген сөз.

24. Гэп көлемінің мүмкін болу жағдайлары *

Гэп	Қоржын	Қаржымен қамтамасыз ету	Бағасы
Теріс гэп (АТК < ПТК)	Қысқа мерзімдік активтер	Қысқа мерзімдік пассивтер	Пассивтер активтерден гөрі ертерек қайта бағаланады (АЕБ)
Нөлдiк гэп (АТК = ПТК)	Теңгерілген активтер	Теңгерілген пассивтер	Бейтарап позиция
Оң гэп (АТК > ПТК)	Ұзақ мерзімдік активтер	Ұзақ мерзімдік пассивтер	Активтер пассивтерден көрі ертерек қайта бағаланады (АЕП)

* Автор құрастырған.

Гэпті басқарудағы екінші жағдай – ПСА ПСП-дан асып түседі. Бұл жағдай ТКА – ТКП > 0 оң гэпі ретінде немесе ТКА/ТКП > 1 активтер сезімталдығы ретінде айқындалады. Мысалы, банкінің ТКА 100 млн долларға, ал ТКП 50 млн долларға тең болатын болса, онда гэп + 50 млн долларды құрайды, ал гэп – сезімталдық көрсеткіші ретінде 2-ге тең болады.

Гэпті басқарудың үшінші жағдайы – ПСП ПСА-дан асып түседі. Теріс гэп немесе пассивтердің сезімталдық позициясы келесі салыстырмалы көрініс береді:

$$ПСА - ПСП < 0;$$

$$ПСА/ПСП < 1.$$

Мөлшерлеме пайызы өскен кезде теріс гэп біршама өтімділік және пайыздық тәуекелдер тудырады. Өтімділік тәуекелі кезінде несиелік капитал нарығына ақша ресурстарының құйылуы өтімділік проблемаларын жасап, пайыздық мөлшерлемелердің өсуі бойынша жүруі мүмкін. Пайыздық тәуекел

жағдайында мөлшерлемелердің өсуі бойынша кіріс азаяды, себебі қаржы бағасы кірісті активтерге қарағанда тезірек өседі. Осының нәтижесінде меншікті капиталдың шығындары мен бағасының құлауы банкінің төлем төлеу қабілетіне зиянын тигізеді.

Алшақтықты басқарудың төрт негізгі блогы болады: абсолютті сомадағы гәпті өзгерту; пайыздық мөлшерлемелерді бағалау және болжау; болашақ кірісті жоспарлау; түрлі стратегияларды тексеру.

Гәптің абсолютті көлемі түрлі деңгейдегі және көлемдегі банкілерге түрліше әсер етеді. Бұл әсер етудің қандай болатынын анықтау үшін гәп көлемінің баланс валютасына деген қатынасы ретінде есептелінетін көрсеткіш қолданылады. Гәпті ол бұлайша сипаттайды: 10%-дан аз – қалыпты гәп, тәуекелдің болуы мүмкін және басқаруға келеді; 10-12% – тактикалық гәп; 12-15% – стратегиялық гәп; 15%-дан артық – басқаруға келмейтін және банкі үшін қауіпті альпсатар гәп.

Кезең бойынша пайыздық мөлшерлемелерді болжау үшін долларлық ағындарды қайта бағалайтын пайыздың мөлшерлемесі айқындалуы тиіс. Банкілер АПБ процесінде шешу кезінде тұтқиыл шешім қабылдамау үшін келе жатқан проблемаларды дер кезінде тануы және реттеуі керек. Алшақтық айқындалған соң банкі басшылығы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін бақылауға банкілік қоржын шеңберінде кірісуіне болады. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі тәуекелін басқару стратегиясына екі кезең енеді: пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі үрдісін болжау; пайыздық мөлшерлемелердің болжанған өзгерісінен пайда түсіру мақсатымен активтер мен пассивтер құрылымын өзгерту.

Жоғарыдағы екі блок анықтайтын саны (ақша ағындары) мен бағасы (пайыздық мөлшерлемелер) болашақ кірісті жоспарлауға негіз болып қызмет етеді. Егер де пайыздық мөлшерлемелердің өсуі болжанатын болса, банк оң алшақтық жағдайында қосымша пайда алады. Егер пайыздық

Банкіге АПБ әдістемесін енгізу ерекше ұйымдастырушылық бірлік – директорлар кеңесі жанындағы арнайы комитетті құрудан басталады. Аталған комитет активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет деген атау алады. Оның функцияларына АПБ-ның әдістемелері мен регламенттерін әзірлеу және солардың жүзеге асыуына мониторинг мен бақылау жасау кіреді. Әдетте АПБ комитеті пассивті операцияларды жүзеге асырушы бөлімдердің басшыларынан тұрады. АПБ комитеті қаржы тәуекелдерін басқаруға жататын әдістемелер мен регламенттерді әзірлеуге; банкі жұмысының тиімділігінің сараптамасы мен мониторингісіне, соның ішінде бірінші кезекте оның рентабельділігіне (пайдалылығына); қысқа мерзімдік (операциялық) және стратегиялық (ұзақ мерзімдік) жоспарлармен бекітілген бағдарларға сараптама мен мониторингінің сәйкес келуін қамтамасыз ету; банкілік қызметтерге баға түзу функцияларын жүзеге асыру кезіндегі табыстылықты көбейту міндеттерін есепке алуға; кредиттер мен депозиттерге пайыздық мөлшерлемелерді бекітуге және оны сәйкес бөлімдерге жеткізуге; банкінің өтімділікке қажеттілігін анықтауға және өтімділік позицияларын қадағалауға; нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыш мониторингі мен бекітілген лимиттер шеңберінде таза пайыздық кіріс бойынша тактикалық шешімдер жасауға; қаражатты қолданудың көздері мен бағыттары бойынша қысқа мерзімдік болжамдарды қарастыруға және сараптауға; нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру үрдісін қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік болжау, активті және пассивті операциялар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді табу үшін сәйкес бағдарларды анықтауға тікелей жауапты.

Операциялық тәуекел-менеджмент қаржы институттарында тәуекелді басқарудың қазіргі заманғы тәжірибесінің маңызды құрамдасы болуда. Операциялық тәуекелдің неғұрлым маңызды көріністері ішкі бақылау мен корпорациялық басқару жүйесіндегі кемшіліктерге жатады. Қазіргі заманғы бизнесте операциялық тәуекел-менеджмент мәселелерін

элемендiң немесе жеткiлiктi көңiл бөлмеудiң салдарының әсерлi мысалдарын көрсетедi: бұл жөнiнде Orange County, Daiwa, Barings, Sumitomo-ларды еске түсiрсек жеткiлiктi.

Соңғы жылдар үрдiсi операциялық тәуекелдердi басқаруға жаңа iлгерiшiл (прогрессивтi) технологиялардың қалыптасуына және арнаулы құралдары мен басқару техникасы бар жеке пәннiң пайда болуына алып келдi. Операциялық тәуекел-менеджмент мәселелерi Базель банкiлiк қадағалау комитетiнiң (Baste Commftee on Banking Supervision) зерттеулерiнде негүрлым толығырақ берiлген. 1998 ж. комитеттiң жұмыс тобы әр елдiң жетекшi банкiлерiне операциялық тәуекелдi басқару мәселелерi бойынша сауалнама жүргiздi. Қазiргi уақытта операциялық тәуекелдiң әмбебап анықтауы жоқ. Әдетте операциялық тәуекел басқару жүйелерi мен процедураларында қолдау мен бақылаудың жеткiлiксiздiгiнен тура пайда болады деп түсiндiрiледi. Кейбiреулерi операциялық тәуекелдi нарықтық немесе кредиттiк санаттарға жатпайтын тәуекел деп анықтаса, ендi бiреулерi операциялық тәуекелдi Адами және техникалық қателiктердiң түрлi типтерiмен байланысты жоғалту тәуекелi ретiнде сәйкестендiредi. Операциялық тәуекел бизнестегi есептеулер мен жаңылыстар тәуекелiмен – (әкiмшiлiк тәуекелдерiмен) бiрiгедi.

Базель комитетi жұмыс тобының респонденттерi операциялық тәуекелдiң бiршама үлкен көлемiмен (уақыт бiрлiгiне транзакциялар санымен), үлкен айналымымен, құрылымдық өзгерiстердiң үлкен дәрежесiмен және техникалық демеудiң күрделi жүйесiмен сипатталатын бизнестiң бағыттарына өте күштi әсер етуi деп тұжырымдайды.

Бiрнеше банкi қандай да болсын қаржы бизнесiндегi операциялық тәуекел тек бэк-офистiң қызметiне қатысты болып қана қоймай, сонымен қатар дәстүрлi түрде iс жүзiнде фронт-офис пен банкiнiң барлық бизнес-процестерiн қамтиды (10-сурет).



Шартты белгілер: 1-инвестициялық-банкiлiк бизнес құрылымдары; 2-қазынашылық/қаржы департаментi; 3-корпорациялық клиенттермен жұмыс жасау бойынша құрылым; 4-жеке клиенттермен жұмыс жасау бойынша құрылым; 5-активтердi басқару.

Көзі: Rob Ceske. Operational risk: current issues and best practices. 1999

10-сурет. Банк құрылымдарын операциялық тәуекелге ұшырағыштық дәрежесі бойынша құру

Сонымен бірге Pricewaterhouse Coopers пен Британия банкирлер ассоциациясының (British Banking Association) есептерінде көрсетілген бүгіндегі банкiлердiң 69%-ы операциялық тәуекел шығындары нарықтық немесе кредиттік тәуекелдер шығындары сияқты яки одан да көбірек болатына сенiмдiлiгiн көрсететiн статистика жарқын мысал бола алады.

Көрсетiлген тәуекелдер тығыз байланыста болады: мұның жарқын мысалы – iшкi бақылау жүйелерi кемшiлiктерiнiң салдарынан – банкi трейдерлерiнiң бiрiнiң санкцияланбаған биржалық операциясы Ұлыбританияның көне банкiлерiнiң бiрi Barings банкiсiнiң өтiмдiлiгiнiң жоғалуына алып келдi.

Базель комитеті жұмыс тобының зерттеулері сараптаушыларға келесідей қорытынды шығаруға мүмкіндік берді: операциялық тәуекелді жеке санатқа жатқызу қажеттілігі ұғымы жуық арада ғана пайда болса да, банкінің жоғарғы басшылығының операциялық тәуекел мәселесі бойынша құлағдар болуы артып келеді; операциялық тәуекелді басқаруға жауапкершілік басшылықтың құзырындағы мәселеге жатады; орта желі менеджерлері үшін олардың операциялық тәуекелдерді басқару тәжірибесін дамытуы үшін негіз жүйесін құру мақсатқа лайықты болады; операциялық тәуекелді өлшеу мен мониторинг жүйесі енді ғана дами бастады. Ал банкілер жасап жатқан модельдердің соған ұқсас факторлар жиынтығына негізделетіні қызықты; көбі операциялық қызметтің индикаторларын бақылап отырып, операциялық шығындар бойынша өз тәжірибелерін сараптап, реттеуші органдардың ұсынымдарын зерттеп отырса да, іс жүзінде бір де бір банк қазіргі кезде операциялық тәуекел жөнінде тұрақты түрде есеп жүргізбейді; операциялық тәуекелді өлшеудің ортақ негізін қалауға мүмкіндік беретін ақпарат тапшылығы бар. Нарықтық және кредиттік тәуекелге қарағанда операциялық тәуекелдің көптеген факторлары ішкі операциялық ортаға жатады және жекелеген тәуекел факторлары мен операциялық шығындардың ықтималдығы мен көлемі арасындағы нақты математика-статистикалық байланыстарды табу қиын.

Операциялық тәуекелді басқаруға деген мүдденің өсуі оны өлшеуге, мониторингілеу мен бақылауға бюджеттің, сонымен қатар операциялық тәуекелді қайтадан құрылып жатқан, немесе жұмыс істеп жатқан тәуекел-менеджмент бөлімдеріне жауапкершіліктің өсуіне алып келді. Операциялық тәуекелді басқаруда топ-менеджердің күш салуы тәуекелді басқарудың барлық корпорациялық процесінің жетістігіне зор әсері болады, яғни басшылық бұл бағытта жеке жауапкершілікке ие. Ішкі аудит сияқты (мысалға алғанда) тәуелсіз құрылымдар жағынан емес, бөлім ішінде ішкі бақылаудың (былайша айтқанда өзіне баға беру, self-assessment) күшею үрдісі байқалуда.

Операциялық тәуекелді басқару жолдарының (формализациялаудың) кем дегенде бір потенциалдық артықшылығы бар: ол экономикалық ынталандырулар арқылы операциялық тәуекел-менеджменттің қызметкерлерді тәжірибелік тәсілдерді меңгеруге деген ынталандыру механизмін дамытуға мүмкіндік береді. Операциялық тәуекелді басқару жоғары деңгейлі сараптамалық білімге сүйене отырып, ұйымдастырылған құрылым мен ішкі процедураларды дұрыс құру арқылы шешілетін проблема сипатында болатынын ескерсек, мұндай жол тірек рөлін атқарады.

Әдетте банкілер көрсететін тәуекел-факторлар өте ұқсас болады және ішкі операциялық ортаның жағдайының индикаторлары болып табылады. Олардың ішіне ішкі аудит рейтингілері, операциялардың көлемі, айналым, қате әрекеттер пайыздары, кіріс құбылмалылығы (волатильдігі) енуі мүмкін. Қазіргі уақытта операциялық тәуекел-факторларды байланыстыру (корреляциялау) ауқымы (олардың әрекеті арқылы туындайтын шығындарымен) аз зерттелген.

Операциялық тәуекелді өлшеу әдістемесін жасауда қосымша мәселелер туындайды. Операциялық жоғалтулардың жинақталған тарихы олардың негізінде статистикалық модельдер, мысалы қалыпты тарату моделін құру үшін аздық етеді және олар презентативті емес. Бұл фактіні оңай түсіндіруге болады: адамдар қатесі сияқты тәуекел-факторлармен байланысты операциялық шығын қандай да болсын бизнеске тән, олар әкелетін шығындар әдетте үлкен емес, сондықтан да оларды сараптауға ресурстар жұмсаудың қажеті жоқ. Ірі операциялық тәуекелдердің іске асу ықтималдығы өте аз, бірақ олардың әсері нарықтық және кредиттік тәуекелдердің әсерінен маңыздырақ болуы мүмкін.

Қолда бар тәуекелді өлшеудің ресми (формалды) әдістемесіне қарағанда операциялық тәуекелді мониторингілеу жүйесі банкілердің көпшілігінде болады. Соның негізінде, әрбір нақты жағдайдың сарапталуы мен оның табиғатының сипатталуы және нақты операциялық шығындардың мони-

торингісі неғұрлым кең тараған деп білеміз. Негізінен операциялық тәуекел мониторингісі тез арада шығындарға көңіл аударып, олардың алдын алу үшін «он-лайн» режимінде жүруі керек. Операциялық тәуекелді бақылап, оны азайту үшін басқарудың көптеген құралдары қолданылады (26-кесте).

26. Операциялық тәуекелді бақылау әдістері *

Басқару құралы	Қолдану басымдылығы
Ішкі бақылау мен ішкі аудит	Тәуелсіз көзқарас
Операциялық тәуекел бойынша лимиттер жүйесі	Ықтимал шығындарды шектеу
Әлдегіткі проблемаларды табуға арналған есеп беру жүйесі	Операциялық тәуекелді басқаруға ынталандырулар жасау
Сақтандыру және қайта сақтандыру	Тәуекелді сақтанушыға аудару
Резервтер жасау (несиелер бойынша дәстүрлі резервтерге ұқсас)	Әлдегіткі шығындарды өтеу мүмкіндігі

* Автор құрастырған.

Банкілер мен қаржы компаниялары өздерінің көп уақытын операциялық тәуекелге қатысты жаңа саясат пен процедура-ларды қайта қарауға, түзету енгізуге (коррекциялауға) және дамытуға арнайды. Бұл процестің соңғы мақсаты саясатты басқарудың ортақ архитектурасына біріктіру (интеграция-лау) болып табылады. Операциялық тәуекел-менеджменттің дамуы қаржы институты қызметінің өнімдері мен бағытының өзгеруі бойынша тәуекелді бағалау мен бақылау сапасын қайта қарауға алып келеді. Қазіргі уақытта ішкі бақылау операциялық тәуекелді басқарудың негізгі құралы болып табылады. Ішкі бақылаудың басты мәні өткен оқиғалар фактілерін тіркеу емес, превентивтік әрекеттер (алдын алу немесе ескерту) құралы болып қызмет етуде. Ішкі бақылау жүйесі операциялық бақылаудың жалпы мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі болуы керек. Сол кезде ғана ол менеджменттің басымдылықтары мен жолдарын анықтай алатын болады.

«Соңғы шек доктринасын» қолданған кезде банкінің қоржынында әдетте қысқа мерзімдік те, ұзақ мерзімдік те кредиттер жиналып қалады, бұлар көбінесе ұзақ мерзімдік болады, яғни бұл жағдайда Питер Роуз атап өткен «штанга» стратегиясы принципі бойынша кредиттік қоржынның кешін басқару әдістемесі қолданылады. «Соңғы шек» доктринасы банкінің кредиттік позициясын әртараптандыруға және ортақ мүдделері мен ортақ ақпараттық қажеттіліктері жоқ клиентураны түрлі санаттарға бөлу үшін де жақсы.

Егер кредиттік қоржынның қалыптасу кезеңі өткен болса, бәріне де қарамастан, әрі қарай қарыз алушылардың «тағдырын» шешетін заңнамалық әрекеттер іске кіріседі.

Біріншіден, кәсіпорындар айтарлықтай сома туралы сөз болатын болса, банк келесі операцияларды жүргізуі мүмкін: клиентке кредиттің төмен мөлшерлемесін көрсетіп, сонан соң клиент кредиттік өтінім бергеннен кейін кредиттік комитетті жинау үшін деген желеумен комиссия (клиенттің ниетінің салмақтылығын көрсететін) алады. Әрі қарай кредиттік комитет кредит беруге байланысты алдыңғы күтілгенге қарағанда үлкен тәуекелмен кредитті жоғарырақ мөлшерлеменен беруге шешім қабылдайды. Әрине, клиент несие алу туралы шешімді қабылдауға мәжбүр болады, себебі өтінімді қарау үшін талап етілген комиссия ұсынылған мөлшерлеме мен кредит алуға болатын мөлшерлеме арасындағы пайыздық айырманы жабады. Мұндай клиенттің мөлшерлеменің өсуі ықтималдығына деген реакциясы әлсіз болады.

Екіншіден, үлкен кредиттік тәуекелдер үшін кредиттік келісімдер банкіде бірнеше кезеңдік сараптамадан өтеді, ал кәсіпорындардағы сараптама, егер де бар болатын болса, заңгердің пікірімен ғана шектеледі. Сонымен қатар банкілерде мөлшерлемелерді сөзсіз қабылдататын бірнеше тәсіл бар. Келісімшарттарда сөз пайыздық мөлшерлемелер туралы мәтін мына типте жазылады: «...егер де клиент банк ұсынған мөлшерлеменен келіспейтін болса, нағыз келісімшарт жақтары нағыз келісімшарттың N пункті бойынша қатынастарын үзеді...». Яғни, клиент келісімшартты орындамаған жағдайда

Н пункті клиент үшін жазалау пункті ретінде жұмыс істей бастайды. Әдетте Н пунктінде клиент 10 күннен 30 күнге дейінгі мерзім ішінде банкімен толық есептесуі керектігі туралы айтылады. Пайыздық мөлшерлемелердің көтерілуі мұндай пункттермен банкілерге ешқандай да жалпы теориялық модельдермен есептеулер бере бермейтін жоғары кіріс әкеледі.

Әйтсе де заңнамалық аспектілермен әрдайым тәуекелді проблемасыз басқару мүмкін емес, мұндай операцияларға ден қою болашақта клиенттермен қатынастың шиеленісуіне алып келеді. Проблемаларды бұл тәсілмен шешуді уақытша деп санауға болады, моральдық жағынан ол, банкінің имиджіне өте кері әсер етеді. Сондықтан тәуекелді басқаруды тұрақтандыру үшін неғұрлым жұмсағырақ, бірақ негіз боларлық ұсыныстары бар экономикалық тәсілдерді қолданған жақсы.

Кредиттік қоржынның кірісі нақты несие бойынша нақты мөлшерлеменің көлемін оңтайландырған кезде ғана көбейеді. Мұндай жағдайда кредиттік мөлшерлемені оңтайландыру әрі қарай өсірілсе, қарыз алушы кредиттік желіге түсетін салмақты азайта береді, я болмаса кредиттік қатынасты басқа банкінің пайдасына қарай шешеді. Кредиттік менеджердің әрбір қарыз алушының шыдамының шегін тексеруге тура келеді.

Соныменен, пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауының оңтайлы көлемі клиент пен оның әріптестерін сапалы мониторингілеуде ғана емес, сонымен қатар кредит нарығындағы жалпы ситуацияға да байланысты болады. Өкінішке орай, сараптамалық бағалаудағы ауытқулар мен теріс пайдаланудың үлкен үлесі мұндай модельдердің кең таралуына жол бермейді, және де көптеген банк мекемелері мөлшерлемені жоғарылату мен төмендету процесін бұрынғысынша кредиттік департаменттер мен бөлім қызметкерлерінің қолына беріп қойған. Практиктердің пікірі бойынша кейде күрделі математикалық модельдерге қарағанда интуитивтік басқару салмақты нәтиже береді, алайда ол жекелеген қызметкер ауысқанда жаңылысады, нәтижесінде жалпы алғанда мұның оңтайлы емес көлемі тікелей шығын әкелмейтін болғандықтан, әзірге оңтайлы емес мөлшерлемелер банкілер үшін өткір проблема емес. Алайда

бәсекелестік жағдайында ерте ме, кеш пе, банкирлерге кредиттік процестің детальдарына көңіл аударуға тура келеді.

Қазақстан Ұлттық банкісі анықтаған Қазақстан банкілер жүйесі дамуының тұжырымдамалық мәселелерінің ішінде банкі қызметінің функционалдық аспектілеріне ерекше орын беріледі. Банкінің алдында төлем жүйесін дамыту мен халыққа банкілік қызмет көрсетумен қатар көкейкесті мәселелердің ішінде экономиканың шынайы секторымен жұмыс жасаудың тиімділігін көтеру міндеті тұр.

Бірақ болуы мүмкін шешімдер жиынтығы дамымаған қаржы рыногы, кредит берушілерді қорғайтын заңның әлсіздігі, сапасы нашар менеджмент пен банкілердегі тәуекелді басқару жүйесі, ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі банкі жүйесінің жеткіліксіз капиталдануы тәуекелдің банкілік жүйесімен шектелген.

Банкілік жүйенің тәуекелдері терең институционализацияланған және экономиканың құқықтық және әлеуметтік құрылымымен ресми түрде келісілген.

Қаржы рыногындағы операциялар тәуекелімен салыстырғанда шынайы экономикаға қаржы салудың үлкен тәуекелдік деңгейі банкілердің кредиттік белсенділігін өсіруге кедергі келтіреді. Экономиканың шынайы секторының кредиттері Қазақстанның банкілік жүйесінің жиынтық активтерінде 30%-ға жуығын құрайды. 2005 жылы банкілік сектордың активтеріндегі ірі кредиттердің (кредиттік тәуекелдердің) үлесі өсіп, 30%-дан асып кетті, яғни кредиттік тәуекелдердің қарыз алушылардың шектелген тобында концентрациялануы байқалады.

Банкілердің өздерінің бағалауы бойынша жоғары кредиттік тәуекел банк жүйесіндегі бір жерге жиналған, жинақталған (аккумуляцияланған) қаржыны экономиканың шынайы секторына қайта бөлу үшін ұстап тұратын негізгі фактор болып табылады. Бұл байланыста кредиттік тәуекелді басқару ерекше маңыздылыққа ие болады, себебі кредиттік операциялардың белсенділігінің артуы соған сай басқару жүйесі мен банкілік тәуекелдерді бақылаумен бірдей жүруі керек.

Нарықтық экономикада экономиканың шынайы секторын кредиттеумен қатар жүретін тәуекелді бөлудің келісімді механизмі анағұрлым тиімді. Мұндай механизмдердің қатарына тәуекелді бірнеше банкіге бөліп синдикатталған кредит ұсыну, берілген несие бойынша мідеттемелерді сақтандыру, сонымен қатар кредиттік туынды қаржы құралдарын (ТҚҚ) немесе кредиттік деривативтерді қолдану жатады.

Кредиттік деривативтер дегеніміз – кредиттік тәуекелді деривативті сатып алушыдан сатушыға беруге көмектесетін келісімшарттар. Әлемдік рынокта келісімшарттардың келесі негізгі түрлері айналымда жүр:

Кредиттік дефолттық своп (Credit event/default swap) — бұл егер де кредитті қайтаруды қамтамасыз ету үшін аталған своп шарты жасалып, кредит жабылмаған болса немесе келісімшартта келісімделген басқа да жағдайлар жүзеге асырылса своп сатып алушы сатушыдан ерте төлем төлеу құқын белгілі бір сыйақы төлеп сатып алуы.

Жиынтық кірістің свопы (Total return swap) — бұл своптың шарттары бойынша егер де кредитті қайтаруды қамтамасыз ету үшін аталған своп шарты жасалып, кредит жабылмаған болса немесе келісімшартта келісімделген басқа да жағдайларды жүзеге асыру жүргізілсе своп сатып алушы сатушыдан алдын ала төлеу алу үшін белгілі бір сыйақы төлеуі.

Кредиттік деривативтер бойынша төлемдерге тәуелді купондық кірісті облигациялар (Credit-linked note, CLN) – купондық кірістері белгілі бір кредиттік дериватив бойынша төлем көлеміне азаятын облигациялар.

Кредиттік деривативтердің әлемдік нарығы экспотенциалды түрде тез дамып келе жатыр. Ол нарықтың валюталық, пайыздық және басқа да ТҚҚ түрлерінен біршама кеш қалыптаса бастаса да, банкілердің кредиттік деривативтерімен жүргізетін операциялары нарықта таңсық болудан қалды және осы ТҚҚ әлемнің жетекші банкілерінің тәуекелді басқару құралдарының арсеналына жиі енгізіле бастады.

Британдық банкілік ассоциацияның (BBA) мәліметтері бойынша кредиттік деривативтердің әлемдік нарығы 1998 ж. басында 180 млрд долларға жуық, 1999 жылдың басында – 350 млрд долларға өссе, 2000 ж. басында ашық позиция көлемі 586 млрд долларды құрады.

Британ банкілік ассоциациясының сараптамашылары кредиттік деривативтер нарығында ашық позициялардың көлемі 2007 жылға 1587 млрд долларды құрайды деп болжап отыр. 9 жылдық кезең ішінде – 1998 ж. мен 2007 ж. дейінгі аралықта кредиттік деривативтер нарығының көлемі 9 есе өседі деп күтуде. Осы жағдай арқылы бірнеше жыл қатарынан кредиттік деривативтермен операция жасау көлемінің өсу ырығағы жоғары болып тұр және бұл тудырушы қаржы құралдары нарығының сегменті біртіндеп макроэкономикалық мәнге ие болуда.

Кредиттік деривативтердің әлемдік нарығының өсу алғышарттары ретінде келесі себептерді көрсетуге болады: ақпараттың тарауы және қаржы рыногына қатысушылар арасында кредиттік деривативтердің мүмкіндіктерін жақсы түсінуі; нарық қатысушылары шеңберінің кеңеюі, нақты айтқанда туынды қаржы құралдарын (ТҚК) нарығының бұл сегментіне банкілік емес институттар мүддесінің күшеюі; кредиттік деривативтердің басқа да қаржы құралдарымен салыстырғанда жоғары кірістілігі; тәуекел-менеджмент тәсілдемелерін жетілдіру және кредиттік деривативтердің құнын бағалайтын неғұрлым нақтырақ тәсілдердің жасалуы; ашық реттеу ортасы мен кредиттік деривативтерге қорытынды жасау стандартының құралуы.

Кредиттік деривативтердің негізгі және неғұрлым ірі қатысушылары банкілер болып табылады. Мұның олардың нарық экономикасындағы кредиттік саясатымен сәйкес келетіндіктігіне таңданарлық ештенесі жоқ. Кредиттік деривативтер нарығы едәуір дәрежеде кредиттік тәуекелді басқаруға қызмет етеді.

«Уолл-Стрит Журнал» журналының деректеріне (20.IX.2005 г.) қарағанда 2004 ж. банкілер кредиттік деривативтерді сатып алуға 63% және сатуға 47% өтінім түсірген.

Мәмілелердің көпшілігі ірі кредиттер бергенде бір кредит алушыға деген тәуекелді азайтуға бағытталған. Операция өткізу мақсатының тізімін берсек, бұлар: инвестициялау, хед-жерлеу, өнімді құрылымдау, капитал жеткіліктілігі бойынша реттеуші нормалық салымдардың тәуекелділігін басқару, активтер қоржыны құрылымын оңтайландыру, салымдарды әртараптандыру және т.б.

ТҚК кредиттік нарығына қатысушылардың тізімі тек банкілермен тоқтап қалмайды. Нарық көлемі көпшілік жағдайда басқа қаржы институттарын тарту арқылы өседі. Қатысушылардың әр тектілігі, олардың мақсаттарының көптүрлілігі және экономикалық қызметінің айырмашылықтары нарықты кеңейтеді, оны неғұрлым өтімді қылады.

Құнды қағаздар рыногының брокерлік және дилерлік компаниялары қатысушылардың үлкен тобын құрайды. Бұл компаниялардың өздері кредит бермейді, сондықтан олардың операцияларын өткізудегі мақсаты – активтерді әртараптандыру және сауда операцияларын жүзеге асырудан пайда табу.

Сараптамышылардың пікірі бойынша, ТҚК арқылы әлемдік кредиттік нарықтағы сақтандыру компаниялары, инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары мен корпорациялары сияқты қатысушылардың белсенділігін болжауға болады. Егер де 2004 ж. сақтандыру компанияларының үлесіне нарықтың 10%-ы тисе, бір жылдан соң ол 23%-ды құрады.

Кредиттік деривативтерді қолданғанда банкілік несиені жабудан бас тарту сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылғандықтан және ол сәйкес төлемдерге алып келетіндіктен банкілік және сақтандыру бизнесінің арасындағы шекара біршама дәрежеде жойылады. Дәстүрлі сақтандыру формалары, мысалға алғанда табиғаттың тосын құбылыстарынан, бақытсыз жағдайлардан, өрттен, су тасқынынан және т.б. сақтандыруды қарастырса, ТҚК операциялары өз мәнінде қаржы тәуекелдерін, яғни қаржы қатынастары процесінде пайда болатын тәуекелдерді сақтандырады.

Кредиттік деривативтердің әлемдік нарықта неғұрлым көп тарағаны – кредиттік деривативтердің қарапайым түрі –

дефолттық своптар болды. 2005 ж. олардың үлесіне нарықтың 38%-ы тиді. Кредиттік дериватив бойынша төлеуге тәуелді купондық кірісті облигациялардың саны біртіндеп өсуде. Олардың нарықтағы үлес салмағы 18% маңайында. Туынды қаржы құралдарын әлемдік кредиттік нарығында айналымдағы өнімдердің алуан түрі үнемі өсуде. Қажеттіліктеріне толық сәйкес келетін құралдарды іздестіру және оған жалғасқан нарық қатысушыларын селекциялаудың белсенді инновациялық процесі жүріп жатыр. Көптеген будандар мен синтетикалық өнімдер пайда болуда.

Банкілер тап болуы мүмкін тәуекелдің шектік мәні банкінің меншікті қаржысына (капиталына) пайыздық қатынаспен бекітіледі. Бірақ кредиттік деривативтер операциялары банкінің кредиттік тәуекелін өзгертеді, бұл тәуекелдерді жабу үшін банкі капиталының жеткіліктілігін есептеген кезде ескеру керек. Сәйкес ережелерді жасау коммерциялық банкілерге ТҚК кредиттік нарығына шығу позициясы мен реттеуші органдардың осы операциялар тудырған тәуекелдерді барабар бақылау позициясы өте маңызды.

Көптеген елдерде реттеуші органдар кредиттік деривативтер нарығына үлкен мән береді. Банкілік бақылау бойынша Базель комитетінде кредиттік қоржынды нашар басқару мен менеджменттің төмен деңгейдегі тәуекелі бұрынғысынша коммерциялық банкілердің банкроттығының негізгі себебі болып қалуда.

Осыған байланысты Базель комитеті сатып алынатын кредиттік деривативке қойылатын келесі критерийлер жасалынды: кредиттік деривативтегі талаптар мынадай болуы керек: *тура болуы керек* – жабдықтаушының нақты өзіне кредиттік тәуекелден қорғау жөнінде тура айтылуы керек; *ашық болуы керек* – қорғаныс нақты тәуекелмен байланысты, қорғаныс деңгейі нақты анықталған және өзгертілмейтін болуы керек; *айқын болуы керек* – қорғаныс нақты тәуекелмен байланысты, қорғаныс дәрежесі нақты анықталған және өзгермейтін болуы керек; *айнымайтын болуы керек* – келісімшарт қандай

да болмасын тәуекелден қорғауға берілген кепілдемелік қорғаныстан айну мүмкіндіктеріне жол бермеуі керек; *шұғыл болуы керек* – келісімшартта міндеттемелерді орындау мерзімі қарастырылуы және міндеттемелерді орындауы процесінің уақытын созуға жол бермеуі керек.

Кредиттік тәуекелді басқарудың құралы ретінде кредиттік ТҚҚ-ның қасиеттері көпшілік жағдайда тәуекелдің осы түрімен сипатталады. Кредиттік тәуекелдің ерекшеліктері оның көрсеткіштерінің әрбір қарыз алушы үшін даралығы, сонымен қатар көп бейінділігі (профильділігі), факторлардың үлкен мөлшеріне тәуелділігі болып табылады, ал бұл факторлардың әсерін есепке алуға қажетті ақпараттарға жиі қол жете бермейді. Валюталық тәуекел керісінше бірнеше валютаның айырбас бағамы бойынша есептелінуі мүмкін, ал өткен кезеңдердің уақытша қатарлары белгілі және сәйкес мәліметтер базаларында көрсетеді. Ол көрсеткіштер кредиттік тәуекелді модельдеу мен есептеуге біршама деңгейде қиындық туғызады.

Соған қарамастан кредиттік тәуекелдің валюталық тәуекелмен салыстырғанда үлкен артықшылығы бар, бұл оны тиімді басқарудың белгілі бір алғышарттары болып табылады.

Кредиттік деривативтер кредиттік тәуекелді басқарудың басқа да механизмдерімен (кепілдік қамтамасыз етулер, қаржылық кепілдіктер, неттингтік келісімдер) салыстырғанда өзімен байланысты қаржы активін кредиттік тәуекелден тез айырып алуға мүмкіндік береді. Кредиттік тәуекел сатып алу/сату бұйымына айнала бастады, кредиттік тәуекелдің екінші нарығы құрылуда және нақты қарыз алушының кредиттік тәуекелінің бағасы сұраным мен ұсыныс негізінде нарықтық тәсілдер арқылы анықталады.

Кредиттік деривативтердің негізгі қатысушылары банкілер болып табылатындықтан айқын және нақты ортаның орнатылуы Қазақстанда кредиттік деривативтер нарығын жасаудың негізі болуы тиіс. Банкілік жүйе қабылдаған кредиттік тәуекел сауда нысаны бола бастады. Бұл мәселе бойынша Қазақстан

Ұлттық банкісінің позициясы өте маңызды. Кредиттік деривативтер нарығындағы банкілердің негізгі жұмыс ұстанымдарын анықтайтын нормативтік құжат қажет.

Алайда бұл – проблеманың бір ғана аспектісі. Қазақстандағы кредиттік деривативтер нарығын дамыту үшін аталған құралдармен операция жасауға салық салу, кредиттік деривативтерді орындауды мемлекеттік соттың қорғауы, рейтингілік агенттіктер жүйесінің құрылуы, туынды қаржы құралдарыннарығына қатысушылардың өзін-өзі реттеуші ұйымдарын жасау, олардың қатысуымен кредиттік деривативтермен мәміле стандартын жасау және тағы да басқа аспектілер мәселелерін де қарастыру керек.

Қазақстанда кредиттік деривативтер нарығының дамуына мамандандырылған Интернет-алаңның жасалынуы немесе классикалық биржаның бірінде сауда ұйымдастыру түрткі болар еді.

Сонымен қатар кредиттік деривативтер туралы ақпаратты кең тарату, семинарлар мен кеңестер, конференциялар өткізу, мерзімдік баспасөздерде ұдайы жариялау, сәйкес бөлімдерді экономикалық маман студенттерін дайындау бағдарламасына енгізу қажетті шарттардың бірі болып табылады. Россияда түсетін ақпаратты қабылдай алатын және кредиттік деривативтер нарығын дамытуға қабілетті кәсіпқой мамандар саны жеткілікті. Аталған нарықты жасау коммерциялық банкілерге ғана емес, сонымен қатар өндірістік корпорацияларға да қызықты болар еді.

Қаржы-өнеркәсіптік топ шеңберіндегі бірлесіп әрекет ету кредиттік деривативтерді қолданудың нақты мысалы болады. Өндірістік корпорация корпоративтік облигацияларды шығарады, ал енетін коммерциялық банкі аталған облигациялардың кепілі болады, бұл облигацияларға байланысты кредиттік деривативтер шығарады.

Кредиттік дериватив нарығының құрылуы кезеңіндегі операциялардың жоғары түсімділігі қаржы институттарын тартатын болады. Бірақ та кредиттік деривативтердің салыс-

тырмалы түрдегі карапайым түрлерімен операция өткізудің өзі де операциялық тәуекелдің өсуіне алып келеді. Сондықтан да банк деңгейінде процедуралар мен регламенттерді жетілдіру керек, құқықтық тәуекелдің пайда болуы мүмкіндіктерін де есепке алу керек.

Бұдан әрі тәуекел-менеджмент пен кредиттік деривативтердің құнын нақтырақ бағалаудың техникасын жетілдіру экономиканың банкілік және шынайы секторларының өзара әрекеттестігінің механизмдерін жетілдіру арқылы қамтамасыз етіледі. Аталмыш нарық қаржы нарығының басқа да сегменттерімен салыстырғанда бастапқы кезден хеджирлеуші операцияларды өткізуге бағдарланған, оның алыпсатарлық түрі болуы мүмкін емес. «Алыпсатар – алыпсатар» мәмілерін, яғни базистік активтерге ие болуға ниеттенбей, кредиттік деривативтерді сатып алудың мәні жоқ.

Сонымен қатар кредиттік деривативтер нарығының дамуы шынайы секторды банкілік жүйенің кредиттеуін рационалдырақ, икемдірек, үйлесімдірек етуге мүмкіндік береді. Кредиттің ТҚҚ-ға айналуына байланысты жаңа экономикалық қатынастар кредиттік тәуекелді оңтайлы бөлуге және міндетті түрде ұлттық шекара ішінде ғана емес, қол жеткізуге және тәуекелдің шектік мәнінен асырмай, қолданыстағы банкілік жүйенің капиталдануы жағдайында да шынайы секторды кредиттеудің көлемін өсіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда кредиттік деривативтерді қалыптастыру позициясы ТҚҚ нарығының бұл сегментін күштеп дамыту немесе батыс тәжірибесін көшіру емес. Өтпелі кезеңде қазақстандық қаржы нарығының тағы да бір өткізіп алған мүмкіндіктері болмас үшін заңнамалық база жасау қажет, ал қазіргі заманғы банк бизнесі туралы халықаралық түсінікке сәйкес келетін банкілік жүйені қалыптастырудағы мақсат – кредиттік дериватив нарығын дамыту.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Таза пайыздық маржа, спрэдті басқару, таза пайыздық кіріс, меншікті капиталдың нарықтық құны, жсарияланған пайда, төлем қабілеттілігі, кредиттік желі, фьючерстер, опциондар, своптар, пайыздық мөлшерлемелердің болашақ ақша ағымын дисконттау, абсолютті гэн, ақша қаражатын тарту, операциялық тәуекел-менеджмент, тәуекел-факторлар, шектік доктринасы, кредиттік қоржын кеші, «штанга» стратегиясы, экономиканың шынайы секторы, синдикатталған кредиттер, кредиттік деривативтер, кредиттік дефолттық своп, жиынтық кіріс свопы, купондық кіріс облигациялары, қаржы құралдарының инновациялық процестері мен сұрыпталуы, бұдан және синтетикалық өнімдер, неттингілік келісімдер.

Бақылау сұрақтары

1. Банкідегі активтер мен пассивтерді басқарудың (АПБ) кешенді жолы қандай мәселелерді шешеді?
2. Таза пайыздық кіріс және таза пайыздық маржа дегеніміз не және олар банкілік жүйеде қалай анықталады?
3. Үш кезеңнен тұратын АПБ-ның негізгі факторларына түсіндірме беріңіз.
4. АПБ мақсаттарына жету стратегиясы қандай кезеңдерден тұрады?
5. Банкінің активтері мен пассивтерін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді басқаруда басымдылық неге түседі?
6. АПБ-ға бухгалтерлік және экономикалық жолдардың негізінде қандай факторлар жатады?
7. Банкінің таза пайыздық маржасының деңгейі мен өзгермелілігі тәуекел-кірістілік қатынасына қалай әсер етеді?
8. Банк балансы баптарының үш тобы туралы және оларға пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі қалай әсер етеді?

9. ГЭП-ті (алшақтықты) өлшеудің қандай тәсілдері бар?
10. ГЭП-тің түрлі мәндерінде қандай жағдайлар пайда болады?
11. ГЭП-ті басқарудың төрт блогының әрқайсысына сипаттама беріңіз.
12. Банкідегі операциялық тәуекелді мониторингілеу неден тұрады?
13. Операциялық тәуекелді бақылауда басқарудың қандай құралдары қолданылады?
14. Қолданатын басқару құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтай отырып, операциялық тәуекелді бақылау тәсілдерін тізіп шығыңыз.
15. Пайыздық мөлшерлемелер өзгергенде қандай пайыздық своптар алшақтықты (гэп) азайтады?
16. Неге шынайы сектордағы үлкен кредиттік тәуекел банк жүйесі жинақталған (аккумуляцияланған) қаржы пайдасына қайта бөлуді ұстап тұрушы фактор болып табылады?
17. Кредиттік деривативтердің қызметінің негізі неде?
18. Кредиттік деривативтік келісімшарттың негізгі түрлері және олардың кредитті қайтаруды қамтамасыз етудегі рөлі.
19. Кредиттік дериватив қандай талаптарға сай болуы керек?
20. Кредиттік дериватив өзімен байланыстағы қаржы активінен кредиттік тәуекелден қалай алшақтайды?

9. **БАНКІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҚЫЛАУДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ХЕДЖЕРЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ**

Тәуекелді басқару жүйесі банкідегі банк ұшырауы мүмкін тәуекелдің барлық түрін идентификациялауды, бағалауды, бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуі және осындай тәуекелдерге балама банкінің меншікті капиталының болуын қарастыруы керек.

Банкіде кредит жағдайларының нашарлауын ертерек ескертетін және оған көңіл аудартатын жүйе, проблемалық кредиттер бойынша іс-шаралар болуы керек. Банк көлемі жағынан өз меншікті капиталынан 2,5% асып кеткен, соңғы үш ай ішінде ұсынылған кредиттердің тізімін мониторингілеп отырады, соңғы аймен және өткен жылғы осы аймен салыстырғанда кредиттік қоржынның көлемінің өзгерісін және түрлер кесіндісін, банк филиалдарындағы, аймақтардағы және қандай да болмасын басқа кредит топтарындағы кредиттер көлемін анықтап отырады, кредиттік қоржынның ортақ сомасы мен меншікті капиталдың көлеміне деген мерзімі өтіп кеткен кредиттердің көлеміне деген қатынасын, кредиттік қоржынның ортақ сомасы мен меншікті капиталдың көлеміне қажетті және қалыптасқан провизиялар қатынасын бекітуі.

Ішкі бақылауды ұйымдастырушы және реттеуші органдар мен коммерциялық компаниялардың қарым-қатынасының дамуын оларды ұйымдастырушы комитеттің атауымен – COSO моделі немесе жай ғана COSO (Тредуэй Комиссиясының Демеушілік ұйымдары комитеті – Committee of Sponsoring Organization of the Treadway Commission) деп атау қалыптасқан.

COSO бойынша ішкі бақылау – кәсіпорынның келесі мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуге жеткілікті және қажетті компанияның саясатын (мысалы, компанияның иелері – директорлар кеңесін); оның жоғары деңгейдегі басқарушы персоналы мен (менеджменті) басқа да деңгейдегі қызмет-

керлер құрамын: операциялардың өндірістік және қаржы тиімділігін; қаржы-есеп беруінің сенімділігін; реттеуші органдардың заңдылықпен талаптарды сақтауын анықтайды.

Банкілік қадағалау бойынша Базель комитеті барлық банкілік қадағалау комитеттеріне барлық баланстық жән баланстан тыс құралдарға банкінің ішкі бақылауы жүйесінің тепе-теңдігін бағалауын жүргізетін ұстанымдар жиынтығын ұсынды. Ішкі бақылаудың тиімді жүйесін жасау жолы арқылы кредиттік ұйым қол жеткізуге ұмтылған үш мақсаты COSO моделіндегі ішкі бақылаудың негізгі мақсаттарымен сәйкес келді.

Жекелеген банкілердің қаржы жағдайының төмендеуіне, қызметіндегі проблемалардың пайда болуына алып келген бес түрлі себепін және бақылаудың тиімді жүйесін жасап пайдалану арқылы олардың алдын алуға болатынын анықтады, ол 5 себеп: 1) тепе-тең басқарушылық бақылаудың жеткіліксіздігі және банкідегі салмақты бақылау мәдениетін құруға дәрменсіздігі; 2) баланста немесе баланстан тыс көрсетілген бақылаудың негізгі шараларының болмауы немесе жеткіліксіздігі; 3) міндеттерді бөлу, жауапкершілік лимитін орнату, шынайылықты растау, есепшоттар бойынша салыстыру, операциялық қызметті тексерулердің негізгі шараларының болмауы немесе жеткіліксіздігі; 4) басқарушы деңгейлер арасындағы ақпарат алмасудың, соның ішінде ерекше атап өтетіні – басшылыққа кемшіліктер туралы ақпарат жеткізудің барабар еместігі; 5) мониторингілеу мен кемшіліктерді түзету бойынша ішкі аудит пен басқа да қызметтің бейадекатты немесе тиімсіз бағдарламасы.

Комитет тиімді ішкі бақылауға қол жеткізу үшін сақталуы міндетті 13 принципті ұсынды. Бұл келесі бес санатта топтастырылған: 1) басқарушылық бақылау мен бақылау мәдениеті; 2) тәуекелді табу және бағалау; 3) бақылауды жүзеге асыру мен өкілеттіктерді бөлу; 4) ақпарат және істестік, кемшіліктер мониторингісі мен түзету; 5) қалыптасқан екі деңгейлі банкі жүйесі әлеміне тән банкілік қадағалау органдарының ішкі бақылау жүйесінің жағдайын бағалау.

COSO моделінің негізіне тәуекел де, ішкі бақылау да кәсіпорынның (бизнестің) өзінің айнымас бөлігі болатынын көрсететін ішкі бақылау тұжырымдамасы («тәуекелге бағытталған бақылау» деп атауға болады) жатады. Ішкі бақылау – іс-шаралар жоспары (тіпті табысты атқарылған болса да) емес, бақылаусыз және қауіпті қимылдардан қорғаныс шебі (тіпті кәсіптік атқарылған болса да) де емес, тәуекелден қорғау (тіпті жақсы жаракталған болса да) да емес, бұл – жалпы қызметті жұмылдыратын процесс.

Тәуекелдер мен олардың заттануының («материализациялануының») кері әсерін жұмсартуға мүмкіндік беретін ішкі бақылаудың неғұрлым тиімді формалары, тәсілдері мен технологияларының кешені бизнестің түріне байланысты. Бұл жағдайда барлығын түгел қамтып бақылау міндетті емес, кәсіпорынның алдына қойған мақсаттарына және соған байланысты тәуекелдер негізінде бақылау жүргізуге жауапкершілікті түрлі бөлімшелер арасында бөлуге болады.

Қазақстан Ұлттық банкісінің COSO тұжырымдамасын қабылдаса мұндай кереғарлықты шешуге көмектесер еді. Бір жағынан алғанда COSO мен Базель комитеті белгілеген ішкі бақылау жүйесін жасауға және тиімді қызметін қалыптастыруға қажетті бес компоненті банк менеджменті мен иелеріне кәсіпорынның мақсатын қою мен оған жетуге (қай жаққа қарай даму керек, оларға тән тәуекелмен қандай қаржы қызметін және кімге ұсыну керек және т.б.) ағымдағы қызметі кезінде емес, сол кезеңдерде мүмкіндік беретіндіктен банкіні басқаруға айтарлықтай оң әсер ете алады. Екінші жағынан, тиімділік көзқарасымен алғанда, ішкі бақылау жүйесі банкінің менеджменті мен иелеріне банкінің ағымдағы процесінде емес, сол кезеңдерде мүмкіндік беретін мақсаттарды қоюға (қай жаққа даму керек, оларға тән тәуекелімен қандай қаржы қызметін және кімге ұсыну керек және т.б.) және оларға жетуге концентрациялануына мүмкіндік беретін құрал. Ал тағы бір жағынан, ішкі бақылау жүйесі банк менеджменті мен иелеріне Қазақстан Ұлттық банкі талаптарын салмақты бұзумен

шектесетін «экстремалды» шараларды қолданбай, алдарына қойған мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін құрал деп білуге болады.

Ішкі тиімді бақылауды құрастыруға аталған бес компонент пен олардың байланысын жасау және жетілдіру үшін тек банкінің менеджерлері мен иелерінің ерік-жігері мен келісімді жұмысы ғана қол жеткізеді.

Тәуекелді басқару үшін қажетті оларды бағалаудың кезеңділігіне егер де күнделікті бақылау элементтері (мысалы, операциялық тәуекелдерді бақылау, комплаенс-бақылау және қаржылық бақылау сияқтылар) ағымдағы операциялық-бухгалтерлік қызметке кірістірілсе, ал тәуекелді бағалау мен қабылдау (сәйкес өкілеттілік шегіне) банкінің клиенттермен жұмысында немесе қаржы рыногындағы бөлімдерінің қызметінің айнымас бөлігі болған жағдайда қолданылады.

Бір жағынан алғанда неғұрлым тәуекелді операцияларды бақылаудың кейбір түрлері (есепшоттарды салыстырып тексеру, қаржы рыногында мәмілелер жасау немесе банкі қажеттіліктеріне қаржы жұмсауға өкілеттіліктерін тексеру, есеп беруді құрастырудың дұрыстығын тексеру сияқты және т.б.) өтелмейтін шығын алып келуі немесе банкінің беделіне зиян келтіруі мүмкін, сондықтан олар не автоматтандырылған түрде, не сол үшін арнайы бөлінген және оқытылған, банкінің басшылары мен қызметкерлеріне тәуелсіз, бақыланушы шешімдер қабылдаған және олардың есебін жүргізген персонал (маман) арқылы жүргізілуі керек.

Жаңа қызметті жасау мен оны нарыққа шығару барлық тәуекелдің сараптауымен, бағалауымен операцияны ынталандырудан (инициациялау) бастап есеп беруді құрастыруға дейінгі барлық кезеңде бақылаудың тепе-тең шараларын банкілік процеске енгізуді қатар алып жүру керек.

Басқа жағынан алғанда, жұмыс істеп тұрған ішкі бақылауы бар банкі үшін процестер мен бақылаудың ажырамас тәуекелдерін және олардың әсерін азайтуға арналған процестер мен бақылаудың дұрыс «жұмыс істемеуін» дұрыс анықтау

маңызды. Тәуекелдің нақ осы деңгейі, базалық деңгейде тәуекелді бағалау мен бақылаудың сараптамасын жүргізетін бөлімдер мен басшыларға қарамастан, бөлімнің қызметінің мәні бола алады.

Бұл мәселенің бір ғана сенімді шешімі болуы мүмкін: ішкі бақылау қызметін жүйенің бір ғана қызметі деген түсінік қалыптаспауы керек. Ішкі бақылаудың даму кезеңдерінде басқа бөлімдерден ұйымдастырушылық-штаттық бөлінуі неғұрлым тиімді болмақ. Кредиттік ұйымдарда бақылаудың түрлі деңгейінде маманданған бірнеше қызметкер мен бөлімдердің болуы мүмкін, олардың барлығы да ішкі деңгейді ұйымның түрлі деңгейінде, бақылау процесінің түрлі кезеңдерінде тәуекел деңгейінің әр түріне ішкі бақылау жасай алады.

Осылайша ішкі бақылау қызметтерінің жұмысын бағалау ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға ауыстырылуы мүмкін. Бұл міндеттің формалды критерийлері бойынша ішкі бақылау қызметін бағалау мен Қазақстан Ұлттық банкі қызметкерлерінің немесе сыртқы аудиторлардың тексерісінің нәтижесі бойынша ішкі бақылау жүйесінің тиімсіздігі жөніндегі қорытындыдан анағұрлым ауыр екендігі сөзсіз. Ішкі бағалау жүйесі бұлай бағалау мен негізгі бағдарларды анықтау үшін иелері мен менеджмент COSO және Базель комитеті ұсынған ішкі бақылау ұстанымдарын қолдана алады.

COSO мен Базель комитетінің негізгі талаптарының біріне ішкі бақылау жасау мен оның тиімді жұмыс істеуіне мүдделі директорлар кеңесінің де (иелерінің мүддесін ұсынушы және осы негізден банк қызметінің жалпы ұстанымдарын орнататын), сонымен бірге менеджменттің де (яғни банкі мен оның басқарушыларының (атқарушы органының) тура жауапкершілігі жатады.

Нарыққа қатысушылар тауарларға, құнды қағаздарға және пайыздық мөлшерлемелерге деген бағаның үнемі өзгеріп отыруынан тәуекелге ұшырайды.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі банкінің инвестициялық менеджері үшін тәуекелдің көрсеткіші болып табылады. Пайыздық мөлшерлеменің өсуі еретеректе айналысқа шы-

гарылған (эмитирацияланған) облигациялар мен ноталардың нарықтық бағасын төмендетеді, ал жабудың максималды мерзімді шығарулары әдетте бағаның шамалы ғана құлдырауына шалдығады. Оның үстіне, пайыздық мөлшерлемелердің өсу кезеңі кредитке деген сұранымның өсуінен көрінеді. Банк қызметінің басты бағыты – кредит ұсыну болғандықтан, көптеген құнды қағаздар несие ұсыну үшін қолма-қол ақша алу мақсатында сатылуы тиіс. Сондықтан да банкілер мен басқа да ұйымдар үшін неғұрлым көбірек тарағаны пайыздық тәуекелдер болып табылады.

Қоржынның активті және пассивті бөліктеріндегі құралдардың жабу мерзімінің сәйкес келмеуі пайыздық тәуекелдің көзі болып табылады. Бұл дегеніміз – қоржындағы қысқа позиция ұзын позицияға қарағанда үлкен немесе кіші дюрацияға ие болады деген сөз. Мысалы, егер де банк жабу мерзімі 5 жылдық облигациялар сатса, ал олардың жобасы есебінен қаржыландырылатын өзін-өзі өтеу мерзімі 3-ақ жыл болса, онда 3 жылдан соң банкіге жобаны жүзеге асырғаннан қалған қаржыны орналастыру үшін тағы да 2 жыл керек. Бұл жағдайда банкіге сатып алуға тура келетін құралдардың құны болашақтағы 2 жылдық спот мөлшерлемелерге тәуелді болады. Басқа сөзбен айтқанда, пайыздық алшақтық тәуекелі болашақ пайыздық мөлшерлемелердің белгісіздігіне негізделеді.

Форвардтық келісімшартын қолдану арқылы жасалған сақтандыру олардың базисінің тәуекелі әдетте төмен болатындықтан жақсы нәтиже береді. Форвардтың хеджер тәуекелдік жағдайды мүлдем жойғысы келгенде және қаржылық маңызды сомасы болмаған жағдайда өте ыңғайлы. Биржадан тыс нарық құралы ретінде форвардтың айналым шығындары аз, көп жағдайда тіпті болмайды да.

Бірақ форвардтық пайыздық нарық бізде әзірге әлсіз дамуда. Азды-көпті болашақ қысқа мерзімдік пайыздық мөлшерлемелер негізіндегі төлемдермен алмасу туралы FRA-келісім ғана кеңінен қолданылады. Басқа форвардтық құралдармен жасалған мәмілелер іс жүзінде қолданылмайды.

Бұл банкаралық кредиттерден басқа барлық қолданыстағы кредиттер негізінен биржалық сипатқа ие болуымен байланысты. Қысқа мерзімдік активтер нарығы форвардтық пайыздық мөлшерлемелерді сатып алу және сатудың құралы ретінде көрінеді. Оны көп жағдайда банкілер қолма-қол ақша мен капитал рыногындағы пайыздық алшақтық операциялары нәтижесінде пайда болатын алшақтықты сақтандыру үшін қолданады.

FRA-ны қолдануды іс жүзінде көрсетейік. Банк алты айға жылдық 17%-бен банкаралық депозит берді және де бұл жағдайда оны сол сәттегі құны 14% жылдық депозитті құрайтын үш айлық депозитті тарту арқылы қаржыландыруды болжайды деп ойлайық. Сол сәтте банк позициясын сақтандырмауына және үш ай күтуін болады. Егер үш ай ішінде нарықтық мөлшерлемелер өзгермейтін немесе шамалы ғана өсетін болса (егер үш айлық депозит бойынша мөлшерлеме жылдық 20%-дан кем болып шықса), бұл жағдайда банк кіріс табады. Егер де банкінің күткені орындалмаса және үш айлық депозиттің мөлшерлемесі жылдық 20%-дан артық болатын болса банк шығынға ұшырайды. Егер біздің мысалымызда үш айлық FRA-ны үш айға жылдық 20%-бен сатып алатын болса, бұл жағдайда кіріс түседі, себебі 3 айдан соң банкіге сатып алынған FRA мөлшерлемесі деңгейінде бекітілетін банкаралық нарықтық мөлшерлеме бойынша 3 айлық депозит тартуы жеткілікті.

FRA-ны қолданудың ыңғайсыздығы, қандай да болмасын форвардтық келісімшарттікі сияқты—оның икемсіздігінде. FRA жасасып, банк іс жүзінде одан құтыла алмайды. Сондықтан оны тек егер де банк-хеджер пайыздық мөлшерлеменің оң өзгерістері жағдайында қолма-қол ақша позициясын барлық мерзімге сақтандырғысы келсе және қандай да болмасын қосымша кірістерден бас тартатын жағдай болса ғана қолдану керек. Ал банк пайыздық мөлшерлеменің болашақтағы өзгеруі туралы болжамының дұрыстығына сенімді болмаса, бұл жағдайда балама құралдарды қолданған дұрысырақ болады.

Аталмыш жағдайда FRA-ның баламасы оның биржалық аналогы – банкаралық кредит мөлшерлемесіне, мысалы LIBOR мөлшерлемесіне фьючерс бола алады. Фьючерстік пайыздық келісімшарттар – батыс рыноктарында пайыздық алшақтықтарды сақтандырудың неғұрлым кең тараған және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен сақтандырудың шынайы құралы. Пайыздық фьючерстер пайда болғанға дейін пайыздық қаржы құралдарының тиімді мерзімдік нарығы (мерзімдік валюталық нарыққа қарағанда) болған жоқ, және осының салдарынан пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі тәуекелі нарықтың басқа да қатысушыларына бөліне (ыңғайлана) алмайтын, яғни азайғыла және сақтындырыла алмайтын еді.

Әдетте фьючерс таңдау банкінің толық емес хеджирлеу пайыздық алшақтық келісімшарттың іс жүзіндегі күшіне ену сәтіне дейін емес, тек қана белгілі бір мерзімге дейін ғана сақтандырылуы туралы шешім қабылдауымен анықталады. FRA қолдану арқылы сақтандыруға пара-пар әсерге жету үшін банкіге 3 айдан кейін пайдалану шартымен LIBOR мөлшерлемесіне фьючерстік келісімшартын сату жеткілікті. Фьючерстік келісімшарт 100-ге тең минус LIBOR жылдық кіріс индексі түрінде белгіленеді (котировкаланады).

Аталған фьючерсті орындаған жағдайда банк нарықтағы LIBOR мөлшерлемесі мен 20% жылдық арасындағы айырманы алады (немесе төлейді). Бұл айырма фьючерстік келісімшарт бойынша есептесу ерекшеліктері күші бар келісімшарттың болуы уақытында беріледі немесе төленеді.

Фьючерстермен хеджерлеудің күмәнсіз артықшылығы – позицияны жауып тастап, олардан қандай жағдайда болса да құтылуға болатындығында. Бірақ бұл жағдайда нарықта FRA-ны әйтеуір бір күні атқаруға болатын болса, ал фьючерс қатаң түрде белгіленген күні атқарылады және фьючерстің атқару күні мен кезекті депозитті тарту күнінің сәйкес келмеуінен белгілі бір мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі жасалады.

Сонымен, біздің мысал форвардтық пайыздық мөлшерлемені сақтандыруда FRA немесе фьючерстер таңдауы хеджердің форвардтық мөлшерлемені қатаң бекітуді (бұл жағдайда FRA

калаулырақ көрінеді) немесе ол мерзімдік құралды өзінің болжауының дұрыстығына көз жеткізу үшін уақытша пайдалануды қалайтынына байланысты. Егер де болжау расталатын болса, бұл жағдайда ол фьючерстік позицияны қосымша шығыс алып келмес үшін жеңіл жауып тастай алады. Тәжірибесіз хеджер үшін LIBOR мөлшерлемесіне пут опционын сатып алу бұл жағдайдың ең дұрыс шешімі болуы мүмкін. Мұндайда опционның басымдылығы мынада: ол мерзімдік нарықта нарық жағдайын үнемі қадағаламай-ақ ықтимал шығындарды сыйақы көлемімен шектеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда форвардтық және фьючерстік келісімшарттар бойынша шығындарға қарағанда сыйақы көлемі үнемі көбірек болады.

Сатып алушының кірістерін шектемей, шығындарын жауып қоюы фактісі де опциондардың көмегі арқылы позицияларды хеджерлеудің ерекшелігін көрсетеді. Бұл опциондардың фьючерстерге қарағанда болашақ мөлшерлемелерді емес, оның төменгі және жоғары шегін анықтауымен байланысты. Бірақ бұл жағдайда олар сыйақы төлеу қажеттілігінен туындаған банк үшін қосымша шығыстармен де байланысты болатын жәйт. Мұның нәтижесінде пайыздық нарық жағдайының оң даму жағдайында фьючерстің немесе форвардтың кірістілігі опционға қарағанда жоғары болып шығады. Теріс дамуы жағдайында опционды сатып алушының шығыны аз болады.

Осылайша шығынды шектеу механизмінің арқасында опцион оның сатып алушысы үшін кірісті жоспарлаудың ыңғайлы құралы болады. Сонымен қатар опционды қолдану форвардтық және фьючерстік келісімшарттар позицияны серпінді өзгертуге қарағанда шығысты көп қажет ететінін есте сақтау керек. Сондықтан шығындары үлкен комиссиялық сыйақылар немесе мерзімдік позицияларды бақылау үшін мамандар жалдау шығыстарын жасайтын банкілерге ғана тиімді болады. Бірақ жоғары шығыстар және көбіне дилерлердің опцион бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелін өзіне қабылдауға құлықсыздығына байланысты хеджерлер биржалық опциондардың орнына фьючерстік келісімшарттарды қолдануды таңдауы мүмкін.

Сонғыларының нарығының өтімділігі биржаның сыртындағыларымен салыстырғанда біршама жоғары болғандықтан, бұл құралдарды қолдану арқылы позицияларды сақтандыру шығындары да айтарлықтай төмен болады. Бұл жерде хеджирлеу мен сатып алынатын опциондардың коэффициентін есептеу, егер де позиция фьючерстік келісімшарттың көмегі арқылы хеджирленетін болса, фьючерстік келісімшарттың өзінің санымен тең есептеу тәсілдері қолданылады.

Форвардтық және фьючерстік келісімшарттар ірі банкілер мен маркет-мейкерлерге – нарықтық дилерлерге қолдануға неғұрлым ыңғайлы, олар келісімшарттардың көмегімен күрделі құралдармен позициялармен (опциондар, своптар, кептер, фьючерстер және т.б.) қатар өздерінің пайыздық алшақтықтарын сақтандыра алады. Нарықтың ұсақ қатысушыларына опциондарды сатып алумен айналысқан жөн, себебі бұл хеджерлеу жүргізуге жұмсалатын шығындардың ең жоғары көлемін бекітуге мүмкіндік береді және нарықтың жағдайын үнемі қадағалап, маржа салып отыруды қажет етпейді.

Пайыздарды есептеу базасының сәйкес келмеуі тәуекелі үнемі жылжымалы пайыздық мөлшерлемелі қарыздық міндеттемелермен байланысты болады. Болашақ купондық төлемдердің көлемін нақты таба білмеу тәуекелдердің көзі болып табылады. Сондықтан да қоржында мұндай құралдардың болуы оның күтілген кірістілігіне белгісіздік алып келеді. Бекітілген және жылжымалы мөлшерлемелі талаптар мен міндеттемелердің үйлесімділігі бұл позицияның неғұрлым кең тарағаны болып табылады. Бұл сияқты позицияларды сақтандыру мүмкіндігі не жылжымалы мөлшерлемелерді бекітумен, я болмаса оларды бекітілгендерге қайта айналдыруға байланысты болады.

Тәуекелдің бұл түрін сақтандырудағы фьючерстің баламасы болып FRA қызмет ете алады. Бұл жерде салыстырудың базасы ретінде қандай да болмасын пайыздық мөлшерлеме қызмет ете алады. Бірақ та фьючерстер сияқты FRA-ның да ұзақ мерзімдік қасиеті жоқ. Және олардың барлық биржадан тыс құралдағыдай өтімділігі төмен мерзімдік құралдардың

позицияларын жапқан кезде кедергі болуы мүмкін. Мысалы, егер де FRA көмегі арқылы прайм мөлшерлемесіне байланған купонды облигация сақтандырылған болса, онда оның сатылуы жағдайында FRA бойынша тәуекелді жою қиын болады.

Біз өткізген салыстырмалы сараптама бойынша пайыздарды есептеу базасының сәйкеспеуі тәуекелін сақтандыру кезінде пайыздық своптарды қолдану неғұрлым жоғары нәтиже береді. Бұл нарықтың өсуінің өте жоғары қарқыны оларды хеджерлік операцияларда қолданудың жоғары дәрежелі тиімділігін көрнекті түрде көрсетеді. Соңғы 10 жыл ішінде әлем шаруашылығында пайыздық своптар нарығының көлемі 27 есеге дерлік өсті. Сондықтан да біз своптар көп дәрежеде хеджерлеу құралы емес, пайыздық мөлшерлемелердің түрлі перспективалары мен өзгерістерін есепке алу тәсілі деген кейбір авторлардың пікірімен келісе алмаймыз. Бұл своптардың механизмі мен оларды қолданудағы артықшылықтарды жете бағаламауды көрсетеді. Біз свопқа тәуекелдің аталмыш түрін хеджерлеу құралы ретіндегі жоғары қасиеттер тән және тектес қызметті атқаратын форвардтардың, фьючерстер мен опциондармен салыстырғанда үлкен басымдылығы бар деп санаймыз. Мысалы, свопты қолдану арқылы хеджерлеудің ерекшелігі мен басымдылығы – ол FRA, фьючерстер мен опциондар жасайтын сияқты жекелеген кезеңдерге болашақ мөлшерлемелерді бекітпей, құрал бойынша пайыз есептеу базасын ауыстырады. Своппен сақтандырудың артықшылығына олардың өздері сақтандыратын тәуекелдердің ұзақ мерзімдік сипатына сай келетін жабудың ұзақ мерзіміне ие бола алатынын да жатқызуға болады. Сонымен бірге своп бекітілген мөлшерлемелерді жылжымалы мөлшерлемеге немесе керісінше ауыстыруға мүмкіндік береді. Своп нарығының мүмкіндігі кеңею үстінде. Қазіргі кезеңде әрқайсысының белгілі бір нюанстары бар, пайыздарды есептеу базаларының сәйкессіздігін сақтандыруға мүмкіндік беретін своптың 20-дан астам түрі бар. Мысалы, форвардтық своп болашақта пайда болатын тәуекелді сақтандыруға мүмкіндік береді. Мамандандырылған своптар құралдың «жүзу» (калку) типін өзгертеді.

Авторлардың соңғы жылдардағы шығармашылық зерттеулеріне қарағанда своптарды қолданудың артықшылығы мен перспективалары тәуекелді қарапайым сақтандырумен салыстырғанда неғұрлым кеңірек екені белгілі болды. Американдық экономист М. Эйрак пайыздық своптарды қолданудың қызғылықты түрін ұсынды. Өзінің кредиттік рейтингісінің жоғарылауын тосып отырған, бірақ болашақта пайыздық мөлшерлемелердің өсуінен қорқатын банк свопты қолдану арқылы нарықтың өзінің жаңа рейтингісін мойындауын күтпей-ақ, қалқымалы пайыздық мөлшерлеменен ақшаны қарызға алып және займды бекітілгенге трансформациялап, пайыздық свопты сатып алуына болады. Егер де болашақта банкінің неғұрлым жоғарырақ рейтингісі танылатын болса, ол жағдайда оның кредиттік маржасы азаяды, сол себепті займдық қаражаттардың құны да төмендейтін болады. Бекітілген пайыздық мөлшерлемеде бұлай жасауға болмайтынын ескерте кетейік, себебі бекітілген пайыздық мөлшерлемелі кредиттер кредиттеу шартын қайта қарауға (соның ішінде банкінің кредиттік рейтингісінің өзгеруі жағдайында да) жол бермейді және мерзімінен бұрын жабудың мүмкіндіктерін қарастырмайды. Сонымен своптар позициялар тәуекелін сақтандыру мен өзіндік тәуекел позициясын жасауды уақыт бойынша бөлуді де қамтамасыз ете алады.

Своптың көп ерекшеліктері мен артықшылықтарымен бірге оның биржадан тыс сауда құралы ретінде төмен өтімділігі туралы да ұмытпаған жөн. Негізгі құрал бойынша позицияны жою қажеттілігі жағдайында своптағы позицияны хеджерлеу үшін қарсы своптық мәміле жасауға тырысуға болады. Бірақ та своптың кейбір түрлері үшін (мысалы, мамандандырылған своптар үшін) бұл оңай проблема болмай шығуы мүмкін.

Сонымен, пайыздарды есептеу базасының сәйкес келмеу тәуекелін сақтандыру үшін соның ішінде ерекше жағдайда егер де аталмыш позиция ұзақ мерзімдік сипатқа ие болса, своп ыңғайлы құрал болып табылады деп қорытынды шығаруға болады. Мұндай жағдайда ол хеджирлеудің неғұрлым қарапайым және арзан құралы болады. Бұл жағдайда оны қолдану своптың әрекет мерзімі кезеңінде позицияны сақтандыру мүмкіндігі жоғары болуы жағдайында ғана дәлелді бола алады. Егер

де бұл жөнінде сенімділік болмайтын болса, бұл құралды қолданудан бас тартып, позицияны фьючерстер мен биржалық опциондардың көмегі арқылы хеджерлеу керек.

• Негізгі түсініктер, терминдер

Тәуекелдерді идентификациялау, ішкі бақылаудың тиімді жүйесі, облигациялар мен ноталар эмиссиясы, қысқа позиция, дюрация, жобаның өзі қаржыландыруы арқылы өзін-өзі ақтау мерзімі, форвардтық келісімшартты қолдану арқылы сақтандыру, тәуекелдік позиция, FRA-келісім, LIBOR мөлшерлемесі, FRA баламасы, пайыздық фьючерстер, фьючерстік келісімшарт, LIBOR мөлшерлемесіне келісімшарт, фьючерстік позиция, LIBOR мөлшерлемесінің пут-опционы, фьючерстік келісімшарттарға биржалық опциондар.

Бақылау сұрақтары

1. Кредиттік қоржынның сапасының төмендеуіне көңіл аудару мен проблемалық кредит бойынша іс-шаралар жобалаудың негізі неде?
2. COSO моделі бойынша ішкі бақылау жүйесінің негізгі ережелері қандай?
3. Банк қызметіндегі проблемалардың пайда болуына алып келетін бес себептің сипаттамасын беріңіз.
4. COSO мен Базель комитеті ұсынған ішкі бақылау принципіннің негізінде не жатыр?
5. Пайыздық тәуекелдің пайда болу көзі не?
6. Форвардтық пайыздық мөлшерлемені сатып алу мен сату қандай мақсаттарға қолданылады?
7. FRA-ны форвардтық келісімшарт ретінде қолданудың артықшылықтары мен ыңғайсыздықтары неде?
8. Фьючерстік пайыздық келісімшарттардың артықшылықтары неде?
9. Фьючерстік келісімшарттар бойынша есептеулердің ерекшеліктері туралы айтып беріңіздер.
10. Позицияны опциондардың көмегі арқылы хеджерлеудің қандай басымдылықтары бар?

ҚОСЫМШАЛАР

А қосымшасы

Құнды қағаздар рыногында пайда болатын тәуекелдердің түрлері

Тәуекел	Тәуекелдің мазмұны
Кредиттік тәуекел, соның ішінде контрагент тәуекелі	Қарыз алушының (эмитенттің) құнды қағаз бойынша белгіленген мерзімде (облигациялар, депозиттік және сақтандыру сертификаттары, вексельдер, мемлекеттік облигациялар және басқалар) кредиттеушіге (инвесторға) тиесілі негізгі қарыздар мен пайыздарын, және жеңілдетілген акциялар бойынша (дивиденттер төлеу бойынша бекітілген міндеттемелер жағынан) төлемсеу тәуекелі. Кредиттік тәуекел және құнды қағаздар бойынша есептесуді реттеу кезеңінде де своп, опцион міндеттемелерді әріптестердің орындамауына байланысты туындайтын жоғалту тәуекелінен тұрады.
Пайыздық тәуекел	Нарықтық пайыздық мөлшерлемелер мынадай жайсыз өзгеруі нәтижесінде жоғалту тәуекелі: активтер мен пассивтер мерзімдеріндегі алшақтықтар (бекітілген мөлшерлемесі болса); бекітілген және жылжымалы пайыздық мөлшерлеме активтер, міндеттемелер мен баланстан тыс бантардың дисбаланстары; қысқа және орта мерзімдік активтер бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің өсуі, ал ұзақ мерзімдік активтердің құлдырауы және т.б. жағдайлардағы кірістілік көрсеткіштерінің өзгеруі.
Өтімділік тәуекелі	Брокердің/дилердің өтімділік тәуекелі оның құнды қағаздарды жою мерзімі келгенде, контрагенттердің ақшалай талаптарын ақшамен жабуға және қамтамасыз ету талаптарын орындауға мүмкіндігінің жоқтығымен немесе әлсірегендігімен көрінеді. Құнды қағаздарды активтер ретінде өтімділік тәуекелі олардың тез арада, аз шығынмен және қол жетер бағамен сатып ала алу мүмкіндігімен көрінеді.

Нарықтық тәуекел	<p>Құнды қағаздардан тұратын сауда қоржынының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан жоғалту тәуекелі пайда болады.</p> <p>Нарықтық тәуекел мен валюталық бағамның өзгеруі салдарынан шетел валютасындағы номиналды құралдар – құнды қағаздардың бағамы құлдырайтын «ұзын» позицияда; нарық арқылы тым үлкен партияның өтуіне байланысты бағамның құлдырау ықтималдығы тым үлкен болғанда; активтерді сатуға талаптанғанда; брокер/дилердің құнды қағаз бойынша ұстанған позициясы қағаз рыногында тым үлкен болған жағдайда – құнды қағаздардың бағамы өсетін «қысқа» позицияда пайда болады.</p>
Операциялық тәуекел	<p>Жүйелер қызметінің техникалық бұзылу тәуекелі, адамдық қателер тәуекелі, компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелер қауіпсіздігінің бұзылуы, жүйеге санкциясыз ену, тиісті емес ақпараттың жариялануы, жүйеге санкцияланбаған ақпараттың немесе компьютерлік бағдарламалардың (мысалы, вирустық бағдарламалар) енгізілу тәуекелі; басқару мен ішкі бақылау жүйесіндегі бұзылуларға (жаңылыстарға) байланысты жоғалту тәуекелі; компьютерлік және телекоммуникациялық жүйеге санкцияланбаған ену арқылы алаяқтық және құндылықтарды жымқыру тәуекелі; жаңа компьютерлік жүйелерді сәтсіз жобалау мен енгізу тәуекелі; өрт және табиғат апаттарымен, операциялық жүйенің істен шығуымен байланысты тәуекел.</p>
Басқа да тәуекелдер	Жүйелік, құқықтық, мемлекетаралық және т.б.

Саяси тәуекелдер рейтингілерінің сипаттамасы

Тәуекелдің рейтингісі	Сипаттамасы
PR-1	Қысқа, орта және ұзақ мерзімдік кезеңде тәуекелдің болуы екіталай. Елдегі жағдай тұрақты және сыртқы қарызды төлеуге өзгере қоймайтын өте жайлы жағдайлар бар.
PR-2	Қысқа және орта мерзімдік кезеңде тәуекел көрінбейді. Ұзақ мерзімдік тәуекелді бағалау қиын, бірақ та перспективалары теріс емес. Саяси тәуекелді болжау үшін жеткілікті уақыт бар. Сыртқы қарызды төлеуге деген оң көзқарас өзгере қоймайды.
PR-3	Қысқа және орта мерзімдік болашақта тәуекелдің болуы екіталай. Ұзақ мерзімдік перспективалар анық емес, бірақ теріс те емес. Саяси тәуекелді анықтау үшін уақыт әлі жеткілікті. Сыртқы тәуекелді төлеуге деген көзқарас он, бірақ та өзгеруі де мүмкін.
PR-4	Қысқа және орта мерзімдік кезеңде тәуекелдің болуы күмәнді, бірақ та ұзақ мерзімдік кезеңге әлеуетті теріс болады. Орта мерзімдік тәуекелді болжау үшін уақыт жеткілікті. Сыртқы тәуекелді төлеуге деген көзқарас өзгеруі мүмкін, бірақ оң көзқарастар да болуы мүмкін.
PR-5	Қысқа мерзімдік кезеңде тәуекел екіталай, қорғану үшін уақыт бар. Орта және ұзақ мерзімдік тренд анық емес, бірақ теріс те болуы мүмкін. Сыртқы қарыздарға деген көзқарас жайсыз трендпен сипатталады.
PR-6	Қысқа мерзімдік жоспарда тәуекел екіталай, бірақ та қорғанысқа уақыт тым аз. Орта және ұзақ мерзімдік перспективалар – теріс. Сыртқы қарызды төлеуге деген көзқарас «таласты».
PR-7	Тәуекел қысқа және ұзақ мерзімдік болашақ болуы мүмкін. Ұзақ мерзімдік тренд үкіметтің ауысуына немесе сыртқы қарызға деген көзқарастың өзгеруіне байланысты жақсаруын көрсетеді.
